Кейбір журналистер технологиялық бағытта жаңа шешімдер қабылдаудан қорқады. Бұл туралы «Associated Press Local News AI» бастамасының бағдарламалық директоры Эйми Райнхарт: «Журналистер сатып алынатын және сатылатын, өзгертілетін технологияларды қолданып үйренеді. Уақыт өте мамандар сол арқылы түрлі нәтижелерге қол жеткізеді, сәйкесінше оған тәуелді болады. Бірақ бұл олардың технологиялық сауатына байланысты. Пайдаланушылардың көбінде бұл қасиет өкінішке орай болмайды», – дейді [5].

Сондықтан, журналистердің көп бөлігі ЖИ-ді өз зерттеулерімен біріктіруге қауһарсыз болады және оларды қолда бар дайын шешімдерді жазу тәсілін таңдауға мәжбүрлейді. Дегенмен бұл нұсканы таңдауды мүлдем дұрыс емес деп айту қате. Себебі, ЖИ артықшылықтарымен қатар, оның өз кемшіліктері де бар.

ChatGPT – жүйеге интернеттен күнделікті мәтіннің миллиардтаған сөзін жүктеп алып, оларды тарату қызметін атқаратын ЖИ үлгісі. Бағдарлама өлеңдер мен көркем әдебиет шығармаларын,

салаларға қатысты эсселер мен жұмысқа өтінімдерді қарастыра отырып, қарапайым пайдаланушы нұсқауларынан өте күрделі мәтіндерді жасай алады. Содан кейін ол осы материалдың барлығын сөздер мен сөйлемдерді белгілі бір ретпен қамтамасыз ету үшін пайдаланады. Бір қарағанда, бұл мәтіндерде қателіктер жоқ секілді көрінеді, алайда онда сөз бен сөйлем арасындағы үйлесімдер, кейбір сөздердің баламасыз қайталануы сияқты қателіктер кездеседі [6].

«CNET» техникалық веб-сайты мақалалар жасау үшін жасанды интеллект құралын пайдаланады, оларды жариялау алдында редакторлар қарастырады. Сайт «Futurism» технологиялық жаңалықтар сайтының есебінде жасанды интеллект құралдарымен жасалған мәтіндердің жартысынан көбі қателердің көптігінен өңделуі керек екенін дәлелдеді. Кейін «ChatGPT» бағдарламасы идеалды жұмыс құралы емес екені анықталды [7].

Қорыта айтқанда, жасанды интеллект журналистерді алмастыруға емес, олардың зерттеулерінің тиімділігін арттыруға арналған. Барлық зерттеуші журналистер цифрлық түрлендіруге оң көзқараспен қарай бермейді. Жасанды интеллект осы процестің бір бөлігі болғандықтан, оны пайдалану тиімділігіне сала мамандарын сендіру қажет. Журналистер арасында жаңа технологияларды қабылдаудағы диспропорциялардың өсуіне әкелуі мүмкін технологиялық білім алшақтығы бар. Жасанды интеллект бұл алшақтықты одан әрі дамытпас үшін, журналисттер арасында технологиялық білім беру мәселелерін шешкен жөн.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Боровская Е.В. Основы искусственного интеллекта / Е.В. Боровская, Н.А. Давыдова. — Москва : Бинوم. Лаборатория знаний, 2018. — 127 с.
2. O'Connor S. My battle to prove I write better than an AI robot called 'Emma' / S.O'Connor // Financial Times. — 2016. — 4 May.
3. Dewey C. 98 personal data points that Facebook uses to target ads to you / C. Dewey // The Washington Post. — 2016. — 19 Aug.
4. Pariser E. The Filter Bubble: What the Internet Is Hiding from You / E. Pariser. — New York : Penguin Press, 2011. — 304 p.
5. Petrov A. Modeling Propaganda Battle: Decision-Making, Homophily, and Echo Chambers / A. Petrov, O. Proncheva // Communications in Computer and Information Science. — 2018. — Vol. 930. — P. 197–209.
6. Ли Кай-Фу. Сверхдержавы искусственного интеллекта. Китай, Кремниевая долина и новый мировой порядок / Кай-Фу Ли. — Москва: Манн, Иванов и Фербер, 2019. — 240 с.
7. Мирошниченко М. Робото-журналистика: вкалывают роботы — счастлив человек? / М. Мирошниченко // TechTerra. — 2015.

## **МЕДИАДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ: ЭТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МОРАЛЬДЫҚ АСПЕКТІЛЕР**

**Бүркітбаева А.Ш.,**

*Баспасөз және электронды БАҚ  
кафедрасының I курс докторанты*

Қазіргі уақытта жасанды интеллектті пайдалануды заңнамалық және этикалық реттеу мәселелері әртүрлі қауымдастықтар арасында жиі талқыланады. Себебі, жасанды интеллект белсенді дамыған сайын, оның этикалық мәселелерінің өзектілігі артып келеді. Осы тұрғыда, нейрондық желінің кез келген әрекеті үшін жауапкершілік әрқашан адамдардың мойнында болуы керек екенін түсіну керек, өйткені машина алгоритмінде жауапкершілік факторы болмайды.

Этикалық нормаларды бұза отырып, жасанды интеллект нәсілдік профильдеу, мінез-құлықты болжау және адамдардың жыныстық сипатына сәйкес бөлу сияқты кемсітушілік шараларының тиімділігін арттыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Осындай кері әсерлерді болдырмас үшін, жасанды интеллект технологияларын дамытуға жауапкершілікпен қарауды қамтамасыз ете алатын этикалық мәселелер жиі мен құқықтық заңнаманы әзірлеу міндеті қойылды [1].

Жаһандану дәуірінде, жасанды интеллект (ЖИ) өнімдер мен қызметтердің ажырамас бөлігіне айналды. Дәстүрлі салалар мен жаңа заманауи мамандықтар арасында аталған жүйеге сұраныс жылдан-жылға артып келеді. Белгіленген заң мен жауапкершіліктің жоқтығы, нақты анализдік

тексерулердің аздығы – жасанды интеллект даму қарқынын арттырды. Нейрожүйемен жұмыс істеушілер этикалық нормалардан аттап кетіп, түрлі кемсітушілік немесе асыра сілтеушілік әрекеттер жасап, түрлі резонанстарға себепші болып та үлгерді. Нәтижесінде, жасанды интеллект төңірегінде этикалық принциптерді дамыту қажеттілігі туындады.

Жасанды интеллект этикасы – бұл ЖИ технологияларының сенімді дамуы үшін орта құруға арналған ұсынымдық принциптер мен ережелердің бірыңғай жүйесі. Этиканың жасанды интеллектті құрылымдануы, сала мамандарына белгілі бір дәрежеде жауапкершілік жүктейді [2].

Философия ғылымдарының докторы А.В.Разин: «Этикада ортақ жауапкершілік ұғымы бар, мұнда жасанды интеллект жүйесін әзірлеуші, оның иесі және пайдаланушы, егер теңестіру мүмкіндігі болса жүйенің өзі белгіленген стандарттар негізінде жауапкершілікте болады» [3].

Алайда, техникалық нейрожүйеде әрқашан пайдаланушы немесе әзірлеуші кінәлі деп айту қате. Кез келген басқа техникалық жүйедегідей көптеген себептер бойынша мұнда да қателіктер жіберілуі мүмкін. Мысалы, жол апаты болған жағдайда себептер мен жағдайларды талдау үшін сот процесі өтеді. Көлікті жасап шығарған компания, жүргізуші, жол сапасы т.б. фатілер тексеру кезінде қаралады. Нәтижесінде, себеп анықталады, кінәлі тұлға табылады, сәйкесінше жазасын алады.

Ал мұнда белгіленген нақты шекара мен стандарттар жоқ. Егер бізде стандарттар болса, бірінші мәселе жүйенің стандарттарға сәйкес келетіні, соған сай тексерілуі болар еді. Негізінде, қандай да бір күрделі, техникалық анықталған жағдай туындаған кезде, техникалық мамандар шақыртылады, олар мәселені талдап, сертификатталған орталықтарда зерттеулер мен талдаулар жүргізеді. Жасанды интеллект жүйелерімен де солай болуы керек.

Этикалық қағидалар деңгейінде жауапкершіліктен бөлек, ЖИ-ге реттеу функциясы қалыптаспаған жағдайда ақпараттық жүйелерде «біржақтылық» кездесуі мүмкін. Мысалы, әзірлеуші ЖИ негізіндегі ұсыныстар жүйесін жасайды және оны алдымен белгілі бір өндірушінің өнімдерін ұсыну үшін конфигурациялайды. Бұл тәсіл нарықтың барлық қатысушылары үшін тең құқықтарды қамтамасыз етпейді және бәсекелестік пен іскерлік қағидаларының бұзылуына әкелуі мүмкін [4].

Көп жағдайда бастапқы енгізілген деректер жасанды интеллекттің жаңа визуалды ақпараттарды беруіне негіз болады. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында қажетті медициналық көмектің көлемін болжауға арналған бағдарламаның алгоритмдік аудиті афроамерикандықтарға қарсы алгоритмде біржақтылықты анықтады. Барлық емделушілер үшін біркелкі есептеу әдісіне қарамастан, алгоритм қара нәсілді науқасты ақ нәсілді науқасқа қарағанда медициналық көмекке мұқтаж емес деп есептеді. Тіпті, қара нәсілді адамда медициналық көмек алудың объективті себептері болса да, бұл жүйенің біржақты пікірін өзгерте алмады.

2019 жылы қандай пациенттерге қосымша медициналық көмек қажет екенін анықтайтын жасанды интеллект, ең алдымен, пациенттің қаржылық жағдайының деңгейіне қарай шешім қабылдай бастады. Осы орайда, жүйе таптық тұрғыда адамдарды бөлу процесін іске асырып, теңдік құқықтарын бұзды [5].

Машиналық оқыту алгоритмі әлеуметтік қолайсыз немесе заңсыз статистикалық корреляцияларды анықтай алады. Мысалы, ипотекалық несиелеу үлгісі егде жастағы адамдардың төлем кестесін орындамау ықтималдығы жоғары екенін анықтайды, сондықтан адамдардың жасының ұлғаюына байланысты банктер оларға несие беруді азайтады. Қоғам мен құқықтық институттар бұл шешімдерді заңсыз кемсітушілік ретінде қарастырды.

Адамдардың бет-әлпеттерінің бірдей суреттері интернеттегі боттардың көмегімен жиі жинақталады. Суреттердің өзінен басқа, әдетте суретті орналастыру контекстінен алынатын сипаттамалар да қажет. Нәтижесінде, модель жіктеу мәселесін шешу кезінде кейбір елдердің әлеуметтік негіздерінде қалыптасқан сексистік стереотиптерге сүйенеді. Мысалы, әйелдерді жиі «үй қызметкері» санатына жатқызу [6].

Тұлғалардың немесе машиналардың біржақты шешім қабылдауы кемсітушілікке ұшыраған адамдарға жойқын зардаптар әкеліп қана қоймайды, сонымен қатар жеке адамдардың экономика мен қоғамға қатысу және үлес қосу мүмкіндігін негізсіз шектеу арқылы барлық азаматтарға және тұтастай алғанда ұлтқа зиян келтіреді.

Қазірдің өзінде мемлекет пен қоғам қаласа да, қаламаса да мұндай деректерді өңдеудің қолайлы деңгейіне өз көзқарасын қалыптастыруға мәжбүр болады. Жасанды интеллекттегі құпиялылық, ашықтық және әділдік мәселелерін шешудің бір тәсілі этикалық бағдарланған ЖИ-ді дамыту стандарттарын жасау болып табылады.

ЖИ этикасын сақтауда, оның түрлі қалыптасқан нормалар жиынын қалыптастырып, соған қарай әлемдік технологиялық бағытты үйлестіру қажет. Ол үшін, ең алдымен, ЖИ-дің негізгі этикалық

принциптері қарастырылады. Сонымен, ЖИ этикеттерінің көпшілігі келесі этикалық принциптер жиынтығымен сәйкестенеді:

- құпиялылық;
- ашықтық;
- сенімділік;
- жауапкершілік;
- тең қол жеткізу;
- қауіпсіздік;
- сенімділік;
- тексеру мүмкіндігі;
- бақылау мүмкіндігі [7].

Жоғарыда аталған этикалық принциптер тұрғысында, әлем бойынша түрлі шаралар қабылдануда. Шаралар аясында ЖИ қолдану белгілі бір қауіптермен байланысты болуы мүмкін аймақтарда оларды азайту және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін арнайы шешімдер әзірлеу мәселелері қаралуда. ЖИ жүйелерінің өз санасы, өз мақсаты, өз еркі жоқ екенін түсінудің маңыздылығы артуына байланысты, бүгінгі таңда мұның бәрі адамдардың қолындағы құралдар ретінде қарастырылып, олардың пайда немесе зиян әкелетіні осы құралдарды пайдаланатын тұлғаларға байланысты екені ескеріліп, сол тұлғалармен жұмыс жасау, қызметті реттеу мәселелеріне қатысты әрекеттер тізбегі жүзеге асуда.

ЖИ қызметін халықаралық деңгейде реттеудің алғашқы әрекеті – АҚШ-та өткен «Азиломар» конференциясы болды, оның барысында жасанды интеллектке қатысты «Азиломар принциптері» деп аталатын негізгі ережелер қабылданды. Конференцияда ЖИ жүйелерін әзірлейтін командалар бір-бірімен белсенді түрде ынтымақтасып, қауіпсіздік стандарттарын сақтау арқылы этикалық нормаларды енгізуді көздеді. Аталған жүйелер адам қадір-қасиеті, адам құқықтары мен бостандықтары және мәдени әртүрлілік идеалдарымен үйлесетіндей етіп әзірленді. Сонымен қатар, ЖИ арқылы қол жеткізілген экономикалық өркендеуді бүкіл адамзат игілігі үшін кеңінен пайдалану керек деген тұжырымдар ұсынылды [8].

Ресейде 2021 жылғы 26 қазанда «Жасанды интеллект этикасы: сенімнің бастауы» халықаралық форумында ЖИ саласындағы Ресейдің этикалық кодексі қабылданды. Құжатқа ірі ресейлік компаниялар қол қойды. Бұл келісім тек азаматтық оқиғаларға ғана қатысты болды. 2023 жылы оған Африка континентіндегі 10 мемлекет ерікті түрде қосылды.

Бірақ, бұл жобалар өзінің міндеттерін толыққанды анықтамаған секілді. Шындығында, жасанды интеллект этикасы туралы пікірталас басталған кезде барлық тәуекелдерді болдырмау үшін «Жасанды интеллекттегі этикалық норманы қалай дамыту керек?» деген сұрақ қарастырылады. Ал қазіргі уақытта әлемдік деңгейде жасалып жатқан жұмыстарда этикалық нормалар негізінен техникалық бағытқа бейімделіп кеткен.

Информатика және машиналық оқыту саласының PhD кандидаты В.Э.Мильке: «Көптеген белгілі этикалық қағидалар, мысалы, «Asilomar» конференциясы заманауи техникалық тілде жазылған, олар тек «деректерді ұрламаңыз», «әзірлемелеріңізбен біреуге зиян келтірмеңіз» деген бір ескертуді қайталайды. «Ресей Федерациясында жасанды интеллектті дамытудың этикалық принциптері» ресми құжаты да осы жалпы принциптерге негізделгендігіне сенімдімін» [9].

Әлем мемлекеттерінде ЖИ этикалық мәселерін шешуге қатысты нақты бағдарламалар немесе құқықтық нормалар қалыптаспаған. Бұл мәселе, өкінішке орай, тек техникалық жағдайлар санатынан ғана қаралып, этикалық тұрғыда нақты зерттеулер мен шешімдерге қол жеткізе алмауда.

Қорыта айтқанда, ЖИ жүйелеріндегі этикалық норма бұзылуларын азайту өте маңызды, себебі нормалардың бұзылуы адамдар арасындағы түрлі бөліністерге, жалған ақпараттарға сеніп қалуына әкеліп соғуда.

ЖИ мемлекет үшін, өнімділікті арттыру жолы ретінде экономика үшін және өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге қосқан үлесі арқылы қоғам үшін өз әлеуетін арттырып отыруы керек. Оның алгоритмдері үлкен деректерді талдау және оны метадеректерден алу арқылы адамдар туралы жаңа жеке ақпаратты алуға көмектеседі. Сондықтан, этикалық нормалардың сақталмауына сәйкес, заманауи болашақтың құралы – ЖИ-ге деген адамдар сенімін жоғалтуға жол бермеу керек. Керісінше, жасанды интеллекттегі жүйелік ақауларды анықтап, заң бұзушылықтар мен этикалық принциптердің сақталу шараларын қабылдап, оларды зерттеп, суперинтеллектті адамзат пайдасы үшін дамыту мәселерін оңтайлы шешу қажет.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. М.: АСТ: АСТ МОСКВА; Владимир: ВКТ, 2009.
2. Разин А. В. Тело человека как антропологический констант его общественного бытия // Философия и культура. 2011. № 10. С. 23-32.
3. Дубровский Д. И. Проблема свободы воли и современная нейронаука // Журнал высшей нервной деятельности. 2017. Т. 67. № 6. С. 739-754.
4. Сёрль Дж. Рациональность в действии. М. : Прогресс-Традиция, 2004.
5. Фейербах Л. Эвдемонизм / Л. Фейербах // Соч.: в 2 т. Т. 1. М. : Наука, 1995.
6. Карпов В. Э., Готовцев П. М., Ройзонзон Г. В. К вопросу об этике и системах искусственного интеллекта // Философия и общество. 2018. № 2. С. 84-105.
7. Иваницкий А. М. Наука о мозге на пути к решению проблемы сознания // Вестник Российской академии наук. 2010. Т. 80. № 5-6. С. 447-455.
8. Михайлов И.Ф. Искусственный интеллект и когнитивные науки: перспектива антирепрезентационализма // Философия искусственного интеллекта. Научные труды Всероссийской междисциплинарной конференции. МГУ, 17-18 марта 2016 г. / под ред. В.А. Лекторского, Д.И. Дубровского, Ю. А. Алексеева. М. : ИИНТЕЛЛ, 2017. С. 284-294.
9. Steinberg R. Areas Where Artificial Neural Networks Outperforms Humans. Venture Beat, 2017. P. 17

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМІНДЕГІ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ

Жарылқап С.М.,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

### Аңдатпа

Мақалада жасанды интеллекттің (AI) Қазақстан туризміндегі қоғаммен байланыс (PR) саласына әсері қарастырылған. Жасанды интеллекттің қоғаммен байланыс стратегияларын, жұмыс әдістерін және мақсатты аудиториямен байланысты қалай өзгерте алатындығы талданды. Чат-боттар, машиналық аударма жүйелері, виртуалды көмекшілер және әлеуметтік медиа аналитикасы сияқты қазіргі уақыттағы жасанды интеллект құралдарына ерекше назар аударылды.

**Тірек сөздер:** жасанды интеллект (AI), қоғаммен байланыс (PR), туризм, автоматтандыру, жекелендіру, әлеуметтік медиа аналитикасы.

Қазіргі әлемде туризм экономиканың маңызды секторларының бірі болып табылады, ал туристік бағыттарды ілгерілетуде қоғаммен байланыс (PR) басты рөл атқарады. Соңғы жылдары туристік PR мамандары үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын жасанды интеллекттің (AI) қарқынды өсуі байқалады.

Қазақстандағы туристік қоғаммен байланыстарды түрлендірудегі жасанды интеллекттің (AI) рөлі тұтынушыларға қызмет көрсетуді, бәсекеге қабілеттілікті және туристік тартымдылықты жақсартуға ықтимал салдары бар, қызығушылықтың негізгі саласы болып табылады. Aarti D. (2023) тұтынушыларға қызмет көрсетуді жақсарту үшін AI әлеуетін көрсетеді, ал Кенжебеков Н. (2021) бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін маркетингтік коммуникация құралдарын түрлендіру қажеттілігін атап көрсетеді [1,2]. Шевякова А. (2018 ж.) туризмді дамытуда ақпараттық қолдау мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың маңыздылығын алға тартады [3]. Сондай-ақ, Астериос Страумпулис (2022) туристік индустрияда жасанды интеллект пен үлкен деректер аналитикасының қолданылуы мен әсерін зерттейді, оларды қабылдау туристік компанияларға бизнес көрсеткіштерін жақсартуға және тұрақты бәсекелестік артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді деп болжайды [4]. Біріктірілген бұл тұжырымдар Қазақстандағы туристік қоғаммен байланыста AI-ны стратегиялық пайдалану тұтынушыларға қызмет көрсетуді, бәсекеге қабілеттілікті және туристік тартымдылықты айтарлықтай жақсартуға әкелуі мүмкін екенін көрсетеді.

### AI туризмдегі PR-ға әсері

AI туристік PR-ды бірнеше жолмен өзгерте алады:

1. Күнделікті тапсырмаларды автоматтандыру: чатботтар жиі қойылатын сұрақтарға жауап, туристік көрікті жерлер туралы ақпарат және турларға тапсырыс бере алады. Бұл PR мамандарын стратегиялық тапсырмаларды орындауға босатады.

2. Қарым-қатынасты жекелендіру: машиналық аударма жүйелері әртүрлі елдерден келген туристер үшін жеке мазмұнды жасауға мүмкіндік береді. Виртуалды көмекшілер турлар мен аттракциондар бойынша жеке ұсыныстар бере алады.

3. Әлеуметтік медиа аналитикасы: AI құралдары әлеуметтік медиа көңіл-күйін бақылап, тенденцияларды анықтай алады. Бұл PR мамандарына стратегияларын түзетуге және мақсатты аудиториямен тиімдірек әрекеттесуге көмектеседі.

Чатботтар. Chatbots журналы 2023 жылы туристік тұтынушылардың 67%-ы брондау және ақпарат алу үшін чатботтарды пайдаланғанды қалайтынын хабарлайды [5].

Машиналық аударма жүйелері. Google AI блогы машиналық аудармадағы елеулі жетістіктер туралы хабарлайды және PR үшін барған сайын қолжетімді және тиімді құрал етеді [6].

Виртуалды көмекшілер. PhocusWire: 2025 жылға қарай туристік компаниялардың 70%-ы тұтынушылармен өзара әрекеттесу үшін виртуалды көмекшілерді пайдаланады деп болжайды [7].

Үлкен деректер мен жасанды интеллекттің (AI) Қазақстандағы туризм индустриясының дамуына әсерін зерттеу кешенді талдау, оның ішінде аталған технологияларды қолданудың халықаралық жағдайларын зерттеу болып табылады.

Талдаудың мақсаты табысты тәжірибелерді тек қана анықтау емес, сонымен қатар, технологиялық инновациялардың Қазақстандағы туристік қызметтердің маркетингтік стратегиясында қалай бейімделіп, пайдаланыла алатындығын зерттеу.

Сингапурдағы Big Data пайдаланудың мысалы туризм кеңесінің қалай жұмыс істейтінін анық көрсетеді. Бұл ел веб-сайтында пайдаланушы тәжірибесін оңтайландыру үшін деректерді талдауды белсенді пайдаланады. Келушілердің сайттың әртүрлі бөлімдерімен өзара әрекеттесуі, олардың қалауы мен қызығушылықтары туралы деректерді жинау және талдау жекелендірілген туристік ұсыныстар құруға көмектеседі [8].

#### Кесте 1 – Жағдайларды талдау

Критерий	Сингапур	Жапония	АҚШ
Технология	Big Data	AI	Big Data
Қолданылуы	Сайттағы мінез-құлықты талдау	Қонақ үйлердегі робот көмекшілер	Тұтынушының мінез-құлықын талдау
Негізгі әрекеттер	Жекелендірілген ұсыныстар құру	Тіркеу және ақпараттық қызмет көрсету	Мақсаттық жарнама ұсыну
Нәтижелер	Тұтынушы талаптары орындалу көрсеткішін арттыру, сатылымды көбейту	Қызмет көрсетуді жақсарту, тұтынушы қанағаттануының артуы	ROI көрсеткішінің өсімі, маркетинг тиімділігі

Осы жағдайларды зерттей отырып, Big Data және AI қолдану пайдаланушы тәжірибесін жақсартуға, маркетингтік стратегияларды оңтайландыруға және Қазақстанның туристік индустриясының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға айтарлықтай мүмкіндіктер береді деген қорытынды жасауға болады. Бұл, әсіресе, елдің көбірек халықаралық туристерді тартуға деген және ұсынылатын туристік қызметтердің сапасын арттыру ұмтылысына қатысты өзекті болып табылады. Қазақстан осы озық тәжірибелерді өзінің туристік саласына бірегей мәдени, тарихи ерекшеліктер тәжірибесін ескере отырып, инновациялық және тиімді шешімдерді бейімдей алады.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект Қазақстан туризмдегі қоғамдық коммуникацияны түрлендірудің негізгі факторы екенін атап өткім келеді. Қарым-қатынастың бұл инновациялық тәсілі туристік тәжірибені жақсартуға, маркетингтік стратегиялардың тиімділігін арттыруға және әрбір келуші үшін жеке тәжірибе құруға бірегей мүмкіндіктер береді. Дегенмен, аймақтың мәдени

мұрасының қонақжайлылығы мен шынайылығын сақтаумен технологияны пайдалануды теңестірудің маңыздылығын есте ұстаған жөн. Қазақстандық туризмдегі жасанды интеллектті дамыту барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескеретін және елдің туристік индустриясының тұрақты дамуына ықпал ететін кешенді тәсілді қажет етеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. DANGWAI, A., Kukreti, M., Angurala, M., Sarangal, R., Mehta, M., & Chauhan, P. (2023). A Review on the Role of Artificial Intelligence in Tourism. *2023 10th International Conference on Computing for Sustainable Global Development (INDIACom)*, 164-168.
2. Kenzhebekov, N., Zhailauov, Y., Velinov, E., Petrenko, Y.S., & Denisov, I. (2021). Foresight of Tourism in Kazakhstan: Experience Economy. *Inf.*, 12, 138.
3. Shevyakova, A.L., Tyugina, I., Arystan, M., & Munsh, E. (2018). TRANSFORMATION OF ECONOMY TOWARDS TOURISM: CASE OF KAZAKHSTAN. *Journal of Security and Sustainability Issues*, 7.
4. Stroumpoulis, A., Kopanaki, E., & Varelas, S. (2022). ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND BIG DATA ANALYTICS IN SMART TOURISM: A RESOURCE-BASED VIEW APPROACH. *Sustainable Tourism X*.
5. <https://chatbotsmagazine.com/> чатботтар журналы
6. <https://ai.googleblog.com/>
7. <https://www.phocuswire.com/> (2023)
8. Samala, N., Katkam, B.S., Bellamkonda, R.S., & Rodriguez, R.V. (2020). *Impact of AI and robotics in the tourism sector: a critical insight*. *Journal of Tourism Futures*.

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАРҒА ЖЫҒА МА?


Есімбай А.,

Баспасөз және электронды БАҚ  
кафедрасының I курс магистранты

Дезинформация – қоғамдық сананы жаңылыстырып, онда қандай да бір реакция тудыру мақсатын көздеп, ақиқат ретінде таратылатын жалған ақпарат. Бұл шара алғаш рет I дүниежүзілік соғыс кезінде қарсыластарды адастыру, шатастыру, жаңылыстыру мақсатында пайдаланылды. Ол тәсіл қарсыласты тікелей алдауға, жалған, өтірік, фактілерді бұрмалау арқылы қолданылады. (1) Яғни жалған ақпарат таратуда түрлі топтар әр түрлі мақсаттарды көздейді. Жасырын мүдделері болады. Бірінші және екіншідүниежүзілік соғыс жылдары қос тарап бір-біріне жалған ақпараттар жіберіп, қарсыласын бағытынан айнытып, дызморальға ұшыратуға тырысты. Дызмораль – қарсыласының еңсесін түсіру.

Қазіргі саяси ғылымда жалған хабар тарату арбау технологияларының құрамдас бөлігі болып табылады. Ол ерекше ақпар арқылы реципиенттер санасында коммуникатордың өз мақсатымен сәйкес келіп, үндесетін ниет туғызуды көздейді. [2]

Қазіргі таңда жалған ақпарат тарату соғыс болып жатқан Ресей мен Украина елдерінің арасында қызу қарқын алған. Украиндық «Униан» сайты ресейлік 332 040 жауынгер ажал құшты деп ақпарат таратты. Бұл туралы олар сайттың басындағы баннерге жазып қойған (төмендегі 1-ші фотода)



1-ші фото

Ал Ресей Үкіметі «Униан» сайтындағы деректерді жоққа шығаруда. Мысалы өткен жылы қыркүйек айында Ресей Федерациясының Қорғаныс министр Сергей Шойгу бар болғаны 5937 жауынгер өлді деп ресми ақпарат таратты. Сол кезде Украина елі Шойгудің бұл мәлімдемесін күлкіге айналдырды. Олар Шойгу мәліметті бірнеше есе қысқартып айтып отыр, өз еліне жалған ақпарат таратып жатыр деп айыптады. (3)

Яғни Украина елі ресейлік жауынгерлер көптеп қырылды деп өз халқының еңсесін көтергісі келсе, Ресей тарабы құрбан болған жауынгерлер саны өте аз екенін айтып, халқының еңсесін түсіргісі келмеді. Осы арқылы қос мемлекет бір-бірімен тек дәстүрлі соғыс (қару-жарақ арқылы -автор) емес, ақпараттық соғысты да жүргізіп жатыр.

Сонымен қатар Ресей Президенті Владимир Путин Батыс елдері өздері жалған ақпарат таратып, әлем алдында Ресей туралы теріс түсінік қалыптастырғысы келеді деп есептейді.

«Ең болмаса, Оңтүстік Осетиядағы оқиғалардың куәсі болған Америка Құрама Штаттарында тұратын 12 жасар қыз бен оның тәтесімен сұхбат қалай өткенін еске түсірейік. Ең үлкен Fox News арналарының бірінде жүргізуші оның сөзін үнемі бөліп отырды. Қыздың айтқаны ұнамаған соң, ол оның сөзін бөліп, жөтеліп, ысқырып, сықырлай бастады. Бұл ақпаратты шынайы, объективті ұсыну ма? Жоқ, бұл жалған ақпарат» - деді Путин. (4)

Осы тұста жалған ақпаратты анықтауда жасанды интеллект ұғымы пайда болды. Оны көпшілік ChatGPT деп атайды. ChatGPT (ағылш. Chat Generative Pre-trained Transformer немесе қаз. Чат түзетін, алдын ала оқытылған трансформер) [2] — OpenAI компаниясы дамытып жатқан нейрожүйе (жасанды интеллект (Artificial Intelligent)). ChatGPT чат яғни жазба мәтін арқылы жұмыс істейді. Бағдарламаның негізі үлкен тіл моделдері (LLM) негізінде қызмет етеді. Бағдарламаның бірнеше нұсқасы белгілі. Бірақ халық арасында ең танымал нұсқасы 2022 жылғы қарашада GPT-3.5 ретінде таныстырылды.

Одан бөлек нейрожүйе арқылы дауыс жазып, фото-видеолар жасауға болады. Тіпті нейрожүйе арқылы жасалған фотоларды шынайы фотодан айыра алмайтын дәрежеге жетті. Нейрожүйе арқылы жазылған дыбыстар да елді шатастыра алатын болды.

Мысалы жақында ресейлік ТНТ арнасының директоры Тина Канделаки қазақстандағы орыс тілінің тағдырына аландаушылық білдірді. Ол Қазақстан билігі орыс тілін ақырындап, бірақ сенімді түрде өлтіруге кіріскенін, бірнеше теміржол станциясының атын қазақшалап тастағанына өкпесін жеткізді.



Тина Канделакидің қазақстанның ішкі саясатына араласқысы келгені елдің ашуын туғызды. Қазақстандықтар ресейлік тележүргізушіні айыптап, оған реніштерін жаудырды.

Сол кезде Тина Канделаки мен Қазақстанда туып-өскен, қазір Ресейде жұмыс істейтін әртіс Нұрлан Сабуров арасындағы диалог желілерде тарады. Онда журналист эзілкешке "өзін және Ресейді жақтайтын" пікір білдіруді талап етеді. Көпшілік бұны шын деп қабылдап, наразылық танытты. Сонда бұл аудиожазбаға сарапшы баға берді. Нейрон желілері саласындағы сарапшы, AI саласындағы практикалық профессор Айдын Маутхан аудиожазба фейк екенін айтты.

"Әрине, бұл - фейк. Бірнеше нейрон желілері бар: Neugen, Elevenlabs, олардың көмегімен бір минутта кез келген дауысты "клондап" және кез келген әңгімені келтіре аласыз. Қазір көптеген жасанды интеллект арқылы жасалған кез келген контенттің арнайы белгісі болуы керек деген заң жобасы жасалып жатқанын білемін. Егер белгі болмаса, онда адамға нақты қылмыстық жаза тағайындалуы мүмкін. Менің білуімше, біздің Парламентте де осындай мәселе талқыланды", - деді Маутан.

Одан бөлек Британияда да жылдың екінші жартысына жоспарланған сайлаудың әділ өтуіне жасанды интеллект кері ықпал етеді деген қауіп бар. Бұған дейін де жоғары лауазымды саясаткерлер дипфейктің құрбаны болып үлгергені белгілі. Мәселен, оппозициялық Лейбористер партиясының көшбасшысы Кир Стармердің әріптестеріне дауыс көтеріп, бейәдеп сөздер айтып жатқан даусы әлеуметтік желілерде тарайды. Кейін бұл - жасанды интеллекттің күшімен жасалған жалған аудиожазба екендігі мәлім болды.

Сарапшылар дипфейктермен күрес жүргізілмесе, демократияға қауіп төнеді деп есептейді. “Технологияларды технологиямен жеңуге болады. Дипфейктерді анықтау механизмдері жетілдірілуде. Мысалы, Интел компаниясы терінің астындағы қан айналымын зерттеу арқылы жалған видеоларды табатын технология ойлап тапты. Бірақ олар жетілдірілген сайын жасанды интеллект те тез дамып келеді және бұрынғыдан да сапалы контент ұсынып жатыр. Әсіресе, аудиожазбаның рас-өтірігін ашкерелеу қиынға түсуде. Меніңше, орта мерзімді келешекте осы саланы реттейтін арнайы заң қабылданады”, - дейді Century tech компаниясының бас директоры Прия Лакхани.

Осыдан кейін әлем елдерінде жасанды интеллекттен келер қауіпті сейілту мақсатында күрес жұмыстарын жүргізе бастады. Мысалы алып Youtube платформасы егер автор видео жүктесе, ол видеода жасанды интеллект элементтері бар ма, жоқ па, соны нақтылап жазуды тапсырды. Бұл әдісті басқа платформалар да кеңінен қолдана бастады. Нәтижесінде әлеуметтік желілерде жасанды интеллект арқылы жасалған өнімдерде арнайы таңба тұрады. Сол арқылы аудитория жасанды интеллект торына шырмалмайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- (1) Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3
- (2) Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Информатика және компьютерлік техника / Жалпы редакциясын басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми-баспа бағдарламасының ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А. Қ. Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл. – 456 бет. ISBN 5-7667-8284-5
- (3) Forbes.ru, 2023 ж, 6 маусым. «Шойгу впервые с сентября сообщил о потерях российской армии в «спецоперации»
- (4) <https://ru.citaty.ne/> «Цитаты о дезинформация»

## **JOURNALISM AND AI: OPPORTUNITIES AND THREATS**

**Nico D.,**

*Research for media Windesheim University,  
PhD, Professor*

In 1922, the American sociologist William Ogburn formulated the Cultural Lag Theory. It says that technological developments often become autonomous because they develop more rapidly than the surrounding culture, especially when there are also financial interests involved.

Today, 100 years later, Ogburn is still very relevant. In our days, the techno-economic sphere seems to colonize others spheres of society. This is not always bad. New technology can offer new solutions, for instance in the medical sphere. But it should always be developed hand in hand with cultural considerations of an ethical, social and legal nature.

The title of my speech of today is: “Journalism and AI; Opportunities and Threats”. Artificial Intelligence can be defined as: “systems that are capable of learning to perform tasks that normally require human intelligence”.

One could say that AI arrives at a good moment in history. We live in a world of information overload. Big data journalism, based on the filtering and analysis of large sets of data, is gaining importance. AI is becoming a necessary tool for journalism, especially for investigative journalism.

But AI can also be useful in many other ways. It can take over routine jobs. It can make summaries of speeches or articles. It can write articles on the basis of press releases, while adding relevant information. At a press conference, it can make live transcriptions, live translations, live subtitles.

AI can be on top of the news, by following social media and specialised websites. It can create text, photos, video, audio, very effectively and efficiently, saving a lot of time and money.

For journalism, AI does not only have a skills side. It also has a knowledge side. Artificial Intelligence will have a huge impact on our societies. It will probably play a role in every sector, from health care to warfare, and from education to economy.

Future journalists must have a deep insight and understanding of AI, so they can inform the public about the choices society has to make. The UNESCO Handbook for journalism educators is called: “Reporting on Artificial Intelligence”.

That is a wise title. The Handbook considers AI not primarily as a tool for journalists, but as an important societal issue they have to cover. Maarit Jaakkola, who edited this handbook, is one of the speakers today.

It is clear that AI offers many opportunities. But there are also problems and threats, of course. Every new technology has two faces and can be used for good or for bad.

The first problem is that AI can make mistakes and publish wrong information. There are many examples of that.

The second problem is that this wrong information can be published intentionally: AI can be used to produce disinformation. This can increase the quantity of disinformation to an unknown level.

Next to that, the use of AI can make it much more difficult for the public to recognize disinformation, for instance through deep fakes.

Disinformation is a huge and direct threat to the functioning of modern society. AI can magnify this problem many times – both in quantity and in quality.

The third problem is that the use of AI can easily contribute to an increasing violation of privacy. In the world of Google, Amazon, Apple, Meta or Microsoft, consumers pay for many services through their personal data. AI can produce very precise profiles of who we are. These personal profiles can be sold to commercial parties, who can offer consumers very narrow targeted suggestions about what to buy, what to watch, what to read, what to believe.

Apart from the commercial use, personal profiles can be used by governments that want to influence their citizens. AI can also be used as a powerful tool for monitoring citizens, for instance through facial recognition. AI can do the filtering and analysis of the billions of bytes that these state control systems deliver.

In journalism, AI applications such as ChatGPT are becoming popular. These applications often use social media as their main source. The use of open sources has the advantage that copyright or privacy are not easily violated.

But it also has risks. In journalism, the quality of the final publication highly depends on the quality of the sources that were used. The quality of the ingredients determines the quality of the meal. Unfortunately, much of the information on social media is unreliable. So, making stories on the basis of that information is problematic.

How should we evaluate the opportunities and the threats of AI, from the point of view of journalism as a profession?

In many countries around the globe, journalism is in trouble. In large parts of Asia and Africa freedom of the press is non-existent or under increasing state pressure. In ‘western’ regions – America, Europe, Oceania – professional journalism is confronted with an existential crisis.

This crisis has many faces.

- Interest in news is going down,
- news avoidance is going up,
- the willingness to pay for news is going down,
- the relevance of the news is questioned,
- the reliability of news is seen as problematic.

Many experts believe that the best way to fight these problems is by applying new technology. AI is welcomed as the most recent addition in that strategy.

I have serious doubts about that view, and I will try to explain why. I will make use of the research on Journalistic Roles, Values and Qualifications in the Network Era. I did this research with a colleague for the World Journalism Education Council.

Nowadays, a key problem for professional journalism is the lack of trust from the public.

One of the ways to regain trust is to be more transparent. In our research on how journalism educators around the world view the future of the profession – an overwhelming 92% of the educators pointed to ‘being transparent’ as the most important attitude for journalists.

It is difficult to see how AI can fit into this. AI is far from transparent. It is essentially a black box technology. It is not clear how it comes to its results. Most people don’t understand AI anyway.

A second way to increase trust, is by raising accountability. In our research more than 80% of the educators found it important that students learn to “take responsibility for the choices that are made during the process.”

Being accountable is essential for the future of journalism, but it is not something that can easily be asked from a machine.

A third way to increase trust, is to invest in raising reliability. Professional journalists must be a beacon of reliability in the sea of unverified information and ungrounded opinions. Educators around the globe see as the most important future qualification for their students: ‘being able to evaluate sources’.

But it is very hard for AI to raise reliability, especially since social media are so often used as a prominent source.

A fourth way to increase trust, is to include multiple perspectives in the reporting. This is seen as the number 3 qualification for students worldwide. Including multiple perspectives requires a deep knowledge and cultural sensitivity of the social context.

There is little evidence that AI has such knowledge or sensitivity.

A fifth way to increase trust, is to pay more attention to ethical codes in daily practice. Ethics is at the basis of being trustworthy. Ethical reporting may not always generate the highest number of clicks, but it is essential for gaining trust.

The difficulty with ethical considerations is that you cannot put them in algorithms.

The problems of professional journalism are huge and connected to the issue of trust. The solutions lie in the fields of transparency, of accountability, of reliability, of diversity and of ethics.

In itself, Artificial Intelligence does not offer a positive contribution to these solutions. We should ask ourselves: Is AI really part of the answer to the crisis in journalism or will it enlarge the crisis? In other words: is AI a solution for our problems or is AI a problem for our solutions?

If we want to take advantage of the benefits of AI, we will need clear and severe guidelines. The ‘Paris Charter on AI and Journalism’ is a good example of such guidelines.

It stresses among other things that human decision making must remain central to both long term strategies and daily editorial choices.

What is most important that we avoid a cultural lag with regard to AI.

Professional journalists and news organisations, but also journalism researchers and educators, should play a major role in the governance of AI systems.

Artificial Intelligence should never become the sole domain of eager technicians and marketers.

Under that condition, we might be able to benefit from the many new possibilities of AI while overcoming the threats.

## **THE INTEGRATED APPLICATION OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN JOURNALISM: A NEW ERA OF CROSS-CULTURAL INTERACTION**

***Kuash R.***

*2<sup>nd</sup> year PhD student from Faculty of Journalism,  
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty.*

***Scientific supervisor: Kabylgazina K.***

*Assistant professor from Faculty of Journalism,  
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty.*

### ***Abstract:***

*Artificial intelligence, as the epitome of cutting-edge technology, possesses formidable capabilities in processing and generating vast amounts of textual data and producing natural language information. This technology has not only brought innovative breakthroughs to the field of international communication but has also unveiled a new era of cross-cultural interaction for global media institutions, providing unprecedented opportunities for development. This study delves into the comprehensive application of artificial intelligence in the journalism industry and its role in cross-cultural communication, elucidating how this integrated approach drives innovation in news reporting, enhances the quality and diversity of news content, and fosters profound interaction and understanding among different cultures.*

### **Introduction**

The iterations and transformations of information technology throughout history have catalyzed significant adjustments in the media landscape and communication ecosystem of human society. From the era

of traditional media, where professional news organizations monopolized mass communication channels, to the age of self-media, where individuals have platforms for expression, and now to the era of intelligent media, where artificial intelligence intervenes in the production and dissemination of information.

With the continuous innovation and advancement of technology, the trend towards intelligent news communication is increasingly becoming mainstream, heralding a new development path for the future of the field. Artificial intelligence technology possesses the capability to intelligently process and analyze information. Firstly, media organizations can leverage the diversified information dissemination functionality of artificial intelligence technology to meet the personalized needs of different audiences, thereby enhancing the effectiveness of information dissemination. Secondly, media organizations can utilize artificial intelligence technology to address challenges encountered in cross-language communication and cross-cultural exchange processes.

### **Discussion**

Artificial intelligence, founded upon algorithms and computing systems, serves as a pioneering discipline dedicated to the exploration, development, simulation, extension, and amplification of human intelligence. It represents not merely a branch of computer science, but also a paramount direction of development and research across diverse fields, emphasizing the creation of machines capable of emulating human-like functionalities and extending human intelligence. Its fundamental technologies encompass natural language processing, big data analytics, robotics, virtual visualization, and algorithmic recommendation systems.

Algorithmic-driven artificial intelligence has profoundly integrated into various facets of the journalism industry, precipitating fundamental transformations in news dissemination practices and media organizational structures. According to the report "New Powers, New Responsibilities: A Global Survey of Journalism and Artificial Intelligence," nearly half of the surveyed media institutions have commenced employing artificial intelligence for news gathering, while two-thirds have begun utilizing it for news production, with over half also employing it for news distribution [1]. Additionally, the "2021 Trends and Predictions in News, Media, and Technology" report indicates that 69% of respondents regard artificial intelligence as the primary driver of future developments in the news industry [2].

#### 1. The Integration and Innovation of Artificial Intelligence in Journalism and Communication.

**News Gathering.** The acquisition of news, also known as gathering news leads, constitutes a fundamental phase in the production and distribution of news. Artificial intelligence is primarily involved in news lead acquisition through the use of intelligent tools or robotic mechanisms. Furthermore, news lead acquisition operates as an independent process, furnishing journalists with material for subsequent reporting. For instance, it enhances the quality of investigative journalism reports through methods such as machine learning and data mining [3]. Alternatively, it serves as a foundational component within automated news generation systems.

Domestic and international media outlets, news agencies, and technology firms have long since developed corresponding artificial intelligence news gathering tools and put them into practice. These tools are primarily aimed at achieving three key functions, including large-scale data mining, processing, and analysis, as well as monitoring sudden events and predicting trends in event development. Representative applications include the news lead discovery tool *Dataminr For News*, jointly created by CNN, Twitter, and *Dataminr*, *Spike* dashboard tool developed by *NewsWhip*, and *News Tracer* developed by Reuters, among others. With the assistance of artificial intelligence, the focus of predictive data journalism has expanded from politics to domains such as sports, culture, commerce, and public health [4].

**News Production.** The integration of artificial intelligence software platforms and natural language generation techniques allows for the transformation of raw data into understandable language [5], resulting in news generation known as "Automated Journalism" [6], "Robot Journalism" [7], "Computational Journalism" [8], or "Algorithmic Journalism" [7]. Numerous studies have summarized the process of such news production. For instance, *Montal & Reich* suggest that the production process of automated journalism involves searching for and identifying relevant data in databases and other sources, "cleaning" and categorizing raw data, identifying key facts, sorting, comparing, and summarizing data, organizing narratives with semantic structures, and distributing and publishing text or visual content in various styles, languages, and grammatical levels [5].

Robot writing represents an intelligent phase in news production following machine algorithms, constituting an indispensable part of intelligent news dissemination. Amidst the backdrop of emerging massive information, traditional manual information filtering undoubtedly requires substantial human and material resources. However, robot writing can effectively facilitate the automation of news production, assisting journalists and editors in their tasks autonomously. Leveraging big data technology enables the scalable processing, retrieval, and reorganization of information, thereby enabling the generation of efficient, precise,

and topical news articles in a short timeframe. For instance, in 2014, the Los Angeles Times in the United States utilized intelligent robots to swiftly produce relevant news coverage of a 4.7 magnitude earthquake in Southern California, marking a milestone in the integration of artificial intelligence technology into the field of journalism.

**Visual Journalism.** Visual journalism, also known as data journalism, is the amalgamation of visualization and precise news reporting. It disrupts the traditional unidirectional textual reporting mode by employing visual information representation, thereby enabling news to be visually reconstructed and imbued with intuitive, dynamic characteristics [9].

Visual journalism aligns with contemporary information development, achieving parallel reporting through text, images, videos, and other mediums, thus generating its distinctive visual and communicative effects. It provides a fresh development path for traditional news reporting and lays the groundwork for digital news reporting. "Avalanche", released by The New York Times, stands as a quintessential example of data journalism. This work integrates new technologies such as artificial intelligence into news reporting, employing data journalism to comprehensively showcase the experiences and processes of 16 skiers caught in an avalanche. Such immersive, interactive embodied experiences have garnered widespread attention from both society and academia.

**Application of Intelligent Sensory Technology.** With the advancement of artificial intelligence, there has been a proliferation of multimedia works that integrate multiple senses. Through a series of intelligent sensory technologies such as augmented reality and virtual reality, media integration has been achieved. VR journalism serves as a prime example of this, utilizing panoramic cameras and other devices to capture news scenes, which are then reproduced through machine processing to provide audiences with immersive experiences.

## **2. The Role of Artificial Intelligence in Cross-Cultural Communication.**

With the deepening of globalization, cross-cultural communication has become increasingly vital, with artificial intelligence (AI) playing an indispensable role in facilitating and enriching this process. In the following analysis, we will delve into how artificial intelligence enhances the diversity, accessibility, and depth of news dissemination, driving understanding and interaction among different cultures, thereby highlighting its pivotal role in constructing a global information exchange bridge.

**Facilitating Intercultural Understanding.** Artificial intelligence technology, equipped with advanced multilingual translation capabilities, occupies a central position in the era of cross-cultural interaction in news reporting, ensuring the timely and accurate dissemination of information, thereby paving the way for deeper communication and understanding between different cultures. For instance, ChatGPT is capable of automatically translating and generating high-quality text, offering the possibility for users to engage in real-time cross-lingual communication.

These artificial intelligence technologies possess vast datasets spanning multiple domains, with capabilities including contextual understanding, logical reasoning, and the ability to generate high-quality text, catering to diverse needs of global users. They play a pivotal role in facilitating cross-cultural communication, expediting information dissemination, and optimizing textual content. They aid users in transcending language barriers, overcoming communication obstacles, facilitating a better understanding of foreign cultures, while also facilitating the dissemination and understanding of one's own culture.

Біржақтылық пен әділетсіздік журналистикада генеративті AI пайдалану кезінде тағы бір үлкен қиындық тудырады. “Жасанды интеллект атап өткендей деректерден, соның ішінде оқыту деректерінде болатын түрлі бұрмаланулардан үйренеді, олар AI шығаратын контентке байқаусызда теріс әсер етуі мүмкін” деген Делиот өзінің “Demystifying Artificial Intelligence” мақаласында. Оны жеңу үшін журналистер мен жаңалықтар ұйымдары жасанды интеллект жүйелері шығаратын нәтижелерде әділдік пен әртүрлілікті қамтамасыз етуі тиіс.

Сонымен қатар, AI-мен жасалған ақпаратты пайдалану кезінде заңдық және авторлық құқық мәселелері туындайды. AI үлгілерімен авторлық құқықпен қорғалған материалды рұқсатсыз көшіру заңды дауларға және плагиат сынды айыптарына әкелуі мүмкін. Жаңалықтар ұйымдары осы ықтимал құқық бұзушылықтар туралы хабардар болуы және кез келген қателіктің алдын алу үшін шаралар

кабылдауы керек. Бұл мәселелерді жеңілдету үшін адам мен AI бірлесіп жұмыс істеу тәсілі ғалымдар ұсынады (Бруссард, М. 2019)

Нәтижесінде Журналистер жасанды интеллект жүйелерін ақпарат жинау, деректерді талдау және контент құру үшін пайдалана алады, сонымен бірге адам өз тарапынан сыни ойлауды, оқиғаның мән-жайын түсінуді және этикалық пайымдауды қамтамасыз етеді.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, жасанды интеллект бірқатар мәселелердің шешімі болғанымен, автоматтандыру арқылы тағы бірнеше мәселенің туындауына себеп болмақ. Осының бәрін ескеріп, әлі күнге дейін жасанды сана журналистің орнын толық алмастыра алмайтынын түсінікті болды. Өйткені, жасанды интеллект адам көмегімен ғана жұмыс атқара алады. Компьютерлік білім ғана бар, журналистке тән тұжырым жасау, пікір білдіру және ойын толықтыру сынды қабілеттер жасанды санаға әлі жеткіліксіз. Тек маманның өзімен бірлесе жұмыс істеу арқылы үздік шешімдер шығаруға болатынына көзіміз жетті.

### **Дереккөздер:**

Андерсон, С. W. (2018). Автоматтандырылған журналистика және еңбекті қайта анықтау. Цифрлық журналистика, 6(7), 797-813.

Карлсон, М. (2021). AI журналистикасының әлеуеті: автоматтандырылған жаңалықтар жазуына және AI жаңалықтарының көрінісіне шолу. Журналистика, 22(2), 333-352.

Делиот. 2014. Жасанды интеллекттің құпиясы. Нью-Йорк.

Де-Лима-Сантос. Жаңалықтардағы жасанды интеллект: қазіргі қабылдау және болашаққа болжам. Журналистика және БАҚ, 3(1), 13-26.

Диакопулос, Н. (2019). Жаңалықтарды автоматтандыру: Алгоритмдерді қалай қайта жазады БАҚ. Гарвард университетінің баспасөзі.

Павлик, Дж. В. (2015). Инновация және журналистиканың болашағы. Цифрлық журналистика, 3(2), 142-152.

Рассел, Стюарт және Норвиг. Жасанды интеллект: заманауи көзқарас, 4-ші басылым. Харлоу, Ұлыбритания: Пирсон, Сілтемесі: <https://www.pearson.com/us/higher-education/program/Russell-Artificial-Intelligence-A-Modern-Approach-4th-Edition/PGM1263338.html>

## **ДАТА ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ, ӨНДЕУДІ АВТОМАТТАНДЫРУДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ РӨЛІ**

**Арапханұлы Р.,**

*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*2-курс магистранты*

**Ғылыми жетекші: Жақсылықбаева Р.С.,**

*фил.ғ.к., доцент*

**Андатпа:** Қазіргі деректер журналистикасы ақпаратты жинау, талдау және ұсыну процестерін оңтайландыру үшін жасанды интеллект технологияларын белсенді түрде енгізуде. Бұл зерттеу шолуы деректер журналистикасы саласындағы деректерді жинау мен өндеуді автоматтандырудағы жасанды интеллект рөлін қарастырады. Ақпаратты өндеудің жылдамдығына, дәлдігіне және көлеміне қойылатын заманауи талаптарды ескере отырып, журналистикадағы машиналық оқыту алгоритмдерін, табиғи тілде өндеуді және деректерді талдауды қолдану тәсілдері ұсынылған.

Мақалада әлеуметтік медиа деректерін автоматты түрде жинау және талдау, жалған жаңалықтарды анықтау және қадағалау, үлкен деректерден интерактивті визуализациялар мен графиктер жасау үшін машиналық оқыту алгоритмдерін қоса алғанда, деректер журналистикасында қолданылатын жасанды интеллект әдістері мен құралдарының кең ауқымы қарастырылған.

Ақпараттың тарап кетуі мен сыбайлас жемқорлық схемаларын қоса алғанда, үлкен көлемдегі деректердегі байланыстар мен заңдылықтарды автоматты түрде анықтау арқылы журналистік зерттеудің тиімділігін арттырудағы жасанды интеллект рөліне ерекше назар аударылады. Деректер журналистикасында жасанды интеллектті пайдаланудың артықшылықтары мен шектеулері, сондай-ақ мұндай технологияларды пайдаланудың мүмкін этикалық және құқықтық аспектілері талданады.

Соңында, мақалада деректер журналистикасындағы жасанды интеллекттің болашағы, соның ішінде контент жасауды автоматтандыру, жаңалықтар арналарын жекелендіру және деректер негізінде трендтерді болжау мүмкіндіктері талқыланады. Тұтастай алғанда, зерттеу жасанды интеллекттің заманауи деректер журналистикасының дамуына қосқан елеулі үлесін және оның ақпарат алмасу мен қоғамдық репортажды жақсартудағы әлеуетін көрсетеді.

**Тірек сөздер:** жасанды интеллект, деректер журналистикасы, репортаж

Дата журналистикасы, кейде деректер журналистикасы деп те аталатын ақпараттық және ашық жаңалықтар материалдарын жасау үшін деректерді пайдалануға бағытталған журналистикадағы салыстырмалы түрде жаңа бағыт болып табылады. Ол журналистика мен деректерді талдау принциптерін біріктіреді. Бұл журналистерге трендтерді анықтау, визуализация жасау және ақпараттағы күрделі үлгілерді ашу үшін деректерді талдаудың қуатты құралдарын пайдалануға мүмкіндік береді.

Дата журналистиканың негізгі идеясы - деректер оқиғаны тек сөзден гөрі жақсы айта алады. Бұл журналистерге үлкен көлемдегі деректерді түсінікті және қызықты оқиғаларға айналдыруға көмектеседі. Бұл ақпаратты кең аудиторияға қолжетімді және түсінікті етеді. Деректерді талдау және визуализация әдістерін қолдану жаңалықтар материалдарының объективтілігі мен сенімділігін жақсартуға ықпал етеді, өйткені талдау тек пікірлер мен болжамдарға емес, фактілерге негізделген.

Енді біз дата журналистикасының мәнін түсінгендіктен, жасанды интеллекттің осы бағытқа қандай қатысы бар екенін қарастырайық. Жасанды интеллект деректер журналистикасының дамуы мен мүмкіндіктерін кеңейтуде шешуші рөл атқарады. Ол журналистерге үлкен көлемдегі деректермен тиімді жұмыс істеуге, талдау және мазмұнды құру процестерін автоматтандыруға және дәлірек және сәйкес қорытындыларды қамтамасыз етуге көмектесетін құралдар мен технологияларды ұсынады[1].

Жасанды интеллекттің деректер журналистикасына әсер етуінің негізгі әдістерінің бірі-деректерді жинау және өңдеу процестерін автоматтандыру. Машиналық оқыту алгоритмдерін әлеуметтік медиа, ашық дерекқорлар және тіпті жаңалықтар агенттіктерінің веб-сайттары сияқты әртүрлі көздерден алынған деректердің үлкен көлемін автоматты түрде талдау үшін пайдалануға болады. Бұл журналистерге қызығушылық тудырған ақпаратты жылдам табуға, маңызды трендтерді анықтауға және нақты уақыттағы деректердің өзгеруін бақылауға мүмкіндік береді[1.56].

Сонымен қатар, жасанды интеллект күрделі ақпаратты аудиторияға қолжетімді және түсінікті ететін интерактивті деректерді визуализациялауға ықпал етеді. Машиналық оқыту алгоритмдерін статистикалық деректерді және әртүрлі айнымалылар арасындағы күрделі қатынастарды визуализациялауға көмектесетін графиктер, диаграммалар және интерактивті карталар жасау үшін пайдалануға болады. Бұл журналистерге оқырмандардың назарын аударатын және ұсынылған ақпаратты түсінуді жақсартатын ақпараттық және тартымды материалдар жасауға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект пен деректер журналистикасының өзара әрекеттесуінің тағы бір маңызды аспектісі - жаңалықтар трендтері мен үлгілерін анықтау және талдау. Машиналық оқыту алгоритмдері үлкен көлемдегі деректерді автоматты түрде талдай алады. Маңызды оқиғалар мен трендтерді анықтай алады және олардың қоғамдық пікір мен нарықтық тенденцияларға әсерін анықтай алады. Бұл журналистерге өзекті оқиғаларға тез жауап беруге және қоғам мен әлемдегі қазіргі жағдайды көрсететін ақпараттық материалдар жасауға мүмкіндік береді[2].

Сонымен қатар, жасанды интеллект жалған жаңалықтар мен жалған ақпаратпен күресуде маңызды рөл атқарады. Машиналық оқыту алгоритмдерін мәтіндерді талдау және олардың сенімділігі мен шынайылығын анықтау үшін пайдалануға болады. Бұл журналистерге жалған жаңалықтарды тез анықтауға және олардың таралуына жол бермеуге мүмкіндік береді, бұл жаңалықтар көздеріне деген сенімділікті арттырады және аудиторияның ақпараттық сауаттылығын жақсартады[1.86].

Осылайша, жасанды интеллект пен дата-журналистика бір-бірімен тығыз байланысты және бірін-бірі толықтырады. Жасанды интеллект технологияларын пайдалану журналистерге үлкен көлемдегі деректермен тиімді жұмыс істеуге, ақпараттық және қызықты материалдар жасауға және ақпаратты дәлірек талдауға және түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл журналистиканың сапасын жақсартуға және жаңалықтар көздеріне деген сенімділікті арттыруға көмектеседі. Бұл ақпараттандырылған және дамыған қоғам құру жолындағы маңызды қадам.

Жасанды интеллект деректермен жұмыс істеуді автоматтандыру арқылы деректер журналистикасына көмектеседі. Сізде көптеген кітаптар бар және белгілі бір тақырып туралы ақпарат табу керек деп елестетіп көріңіз. Әр кітапты оқудың орнына жасанды интеллект компьютерін пайдалануға болады. Ол барлық кітаптарды жылдам сканерлейді, қажетті ақпаратты табады және сізге қысқаша мәлімет береді. Бұл сізге көп уақыт пен күш-жігерді үнемдейді[8].

Мысалдарға белгілі бір тақырып бойынша қоғамның көңіл-күйін анықтау үшін миллиондаған әлеуметтік медиа жазбаларын талдайтын бағдарламалар немесе үлкен деректерге негізделген интерактивті графиктер мен диаграммаларды автоматты түрде жасайтын құралдар кіреді. Бұл құралдар журналистерге ақпаратты қолмен талдауға уақыт жұмсамай, сапалы мазмұн жасауға назар аударуға мүмкіндік беру арқылы тезірек және тиімдірек жұмыс істеуге көмектеседі [1.3б.].

Дата-журналистиканың болашағы жасанды интеллекттің (AI) үздіксіз дамуы және оның жалпы журналистикаға әсері арқылы қызықты және трансформациялық болмақ. Міне, дата журналистикасының болашағына қалай әсер ететіні туралы бірнеше фактілер мен ойлар:

Автоматтандыруды арттыру: Машиналық оқыту технологиялары мен AI алгоритмдерінің дамуымен деректерді жинау, талдау және визуализация процестері одан да автоматтандырылады. Бұл журналистерге үлкен көлемдегі ақпаратты жылдам әрі тиімді өңдеуге және ақпараттық материалдар жасауға мүмкіндік береді[2.2б.].

Мазмұнды жекелендіруді жақсарту: AI аудиторияның қалауы мен қызығушылығын талдау үшін пайдаланылады, бұл журналистерге жекелендірілген мазмұнды жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, Алгоритмдер белгілі бір оқырмандар тобы үшін қандай тақырыптар немесе форматтар ең тартымды екенін анықтауға және мазмұнды олардың сұрауларына бейімдеуге көмектеседі[6].

Жалған ақпаратпен күресу: жасанды интеллект жалған жаңалықтар мен жалған ақпаратты ашуда шешуші рөл атқарады. Машиналық оқыту алгоритмдері мазмұнды тез талдап, манипуляция немесе жалған ақпарат белгілерін анықтай алады, бұл жалған жаңалықтардың қоғамдық пікірге әсерін азайтуға көмектеседі[7].

Авторлық технологияны дамыту: болашақта AI-ге мәтіндік мазмұнды, фотосуреттерді, бейнелерді және тіпті аудио жазбаларды жасауға мүмкіндік беретін жаңа авторлық технологиялар пайда болуы мүмкін. Бұл жаңалықтар материалдарын жасау үшін пайдалануға болатын автоматты түрде жасалған мазмұнның өсуіне әкелуі мүмкін.

Виртуалды және толықтырылған шындықты пайдалануды арттыру: виртуалды және толықтырылған шындық технологияларының дамуымен журналистер интерактивті және тартымды материалдарды жасай алады. AI аудиторияға ұсынылған ақпаратты жақсырақ түсінуге көмектесетін шынайы және ақпараттық виртуалды орталарды құру үшін деректерді талдауда рөл атқарады[3].

Этикалық және құқықтық мәселелер: журналистикада AI қолданудың этикалық және құқықтық аспектілерін ескеру маңызды. Алгоритмдердің ашықтығы, жеке деректерді қорғау және қоғамдық пікірді манипуляциялау мақсатында жасанды интеллект технологияларын теріс пайдалану мүмкіндігі туралы сұрақтар туындайды[4].

Жасанды интеллект деректерді жинау, талдау және ұсыну тәсілдерін өзгерте отырып, деректер журналистикасымен тығыз байланыста болады. Дата-журналистиканың болашағы инновациялық технологиялардың үздіксіз дамуы мен қолданылуымен байланысты болады, бұл журналистерге аудитория үшін неғұрлым мазмұнды, жекелендірілген және интерактивті мазмұн жасауға мүмкіндік береді[1.7б.].

Жасанды интеллектті пайдаланатын дата журналистикасының ерекшелігі журналистерге үлкен көлемдегі деректермен тиімді жұмыс істеуге және фактілер мен статистикалық мәліметтерді талдау негізінде танымдық материалдар жасауға мүмкіндік береді[9]. Жасанды интеллект көмегімен журналистер деректерді жинау, талдау және визуализациялау процестерін автоматтандырып, сапалы контент жасауға және қызықты оқиғаларды анықтауға назар аударуға мүмкіндік береді[5].

Жасанды интеллект қолданбай, деректер журналистикасы деректермен жұмыс істеудің дәстүрлі әдістерімен шектеледі, мысалы, қолмен талдау және ақпаратты өңдеу. Бұл журналистер тарапынан көбірек уақыт пен күш-жігерді қажет ететін көп уақытты және қымбатты процесс болуы мүмкін. Жасанды интеллект болмаса, деректердің үлкен көлемімен жұмыс істеу және интерактивті визуализация жасау мүмкіндігіңіз де шектеулі болуы мүмкін.

Осылайша, жасанды интеллектті пайдаланатын дата журналистикасының басты ерекшелігі журналистерге ақпаратты тезірек және дәлірек талдауға және аудитория үшін ақпараттық материалдар жасауға мүмкіндік беретін деректермен жұмыс істеудің тиімділігі мен өнімділігін арттыру болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Diakopoulos, N. (2019). Automating the news: How algorithms are rewriting the media. Harvard University Press.
2. Howard, P. N., & Bradshaw, S. (2019). The data journalism handbook 2: Towards a critical data practice. European Journalism Centre.

3. Lewis, S. C., & Westlund, O. (2018). Artificial intelligence and journalism: The current landscape of practices and attitudes among newsroom actors. *Digital Journalism*, 6(1), 1-21.
4. Reich, Z. (2018). Automation in journalism: A critical research review and agenda. *Digital Journalism*, 6(8), 977-997.
5. Young, M. (2018). The Rise of the Data Journalist: Labor, Practice, and Professional Boundaries. In *Communication, Culture and Ecology* (pp. 219-234). Palgrave Macmillan, Cham.
6. Gray, J., Bounegru, L., & Chambers, L. (2012). *The data journalism handbook*. O'Reilly Media, Inc.
7. Bradshaw, S., & Howard, P. N. (2019). Challenging the data journalism paradigm: The case of data activism. *Digital Journalism*, 7(8), 1017-1038.
8. Herman, B. (2018). Automation, Algorithms, and the Future of the News. *Digital Journalism*, 6(6), 748-764.
9. Lashmar, P. (2019). *Data Journalism and the Regeneration of News*. Routledge.

## **ТРАНСФОРМАЦИЯ ЭТИЧЕСКИХ ПРИНЦИПОВ ЖУРНАЛИСТИКИ ПОД ВЛИЯНИЕМ РАЗВИТИЯ ТЕХНОЛОГИЙ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА**

**Сумрякова Е.В.,**

*студентка 4 курса направления «Международная журналистика»  
Санкт-Петербургский государственный университет  
(Россия, г. Санкт-Петербург)*

### **Аннотация**

В связи с развитием технологий искусственного интеллекта процесс журналистской деятельности подвергается значительной трансформации. Технологии с применением искусственного интеллекта интенсивно проникают в работу современных СМИ и требуют не только правового, но и этического регулирования, чем обусловлена актуальность темы данного доклада. Исследование вероятности трансформации этических принципов журналистики под влиянием развития технологий ИИ основано на изучении корпуса документов по регулированию ИИ, а также на серии интервью с российскими и зарубежными экспертами. Перед журналистским сообществом возникает множество новых вопросов, ответить на которые, опираясь на уже существующие источники профессионально-этических норм и норм регулирования ИИ, не всегда представляется возможным. Вопрос о необходимости создания отдельного этического документа, который будет регулировать этику применения ИИ в журналистике, остаётся дискуссионным. Возможно, скоро подобный документ будет принят, однако также есть вероятность того, что уже существующие источники профессионально-этических норм журналистики будут дополнены новыми пунктами.

1. Основной причиной для возможной трансформации этических принципов журналистики сегодня можно назвать усиление влияния на журналистскую деятельность продуктов, разработанных технологическими компаниями

2. В связи с развитием технологий ИИ эксперты выделяют три главных этических вопроса для современной журналистики, найти ответы на которые, опираясь на уже существующие источники профессионально-этических норм журналиста и на документы для общего регулирования технологий ИИ, не представляется возможным

3. На сегодняшний день вопрос о необходимости создания отдельного этического документа для регулирования применения технологий ИИ в журналистике остаётся дискуссионным.

## ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ VR ТЕХНОЛОГИЯЛАР

**Ахметова А.М.,**  
*Журналистика факультетінің*  
*1 курс магистранты*  
*ал-Фараби атындағы ҚазҰУ*  
**Ғылыми жетекші: Алимжанова А.Б., PhD**

*Аңдатпа.* Виртуалды шындық (VR) – нақты немесе ойдан шығарылған ортаны қайталайтын және пайдаланушыларға сол жерде болғандай өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін қызықты мультимедиалық тәжірибе. Виртуалды шындық тәжірибесін құру үшін екі негізгі компонент қажет. Бірінші, виртуалды әлем құра білу керек. Бұл бейнені түсіру немесе компьютерлік кескіндер (CGI) арқылы орта құру арқылы болуы мүмкін. Екінші, пайдаланушыларға осы виртуалды ортаға ене алатын арнайы құрылғылар қажет. Осыған орай, мақалада қазіргі заманғы медиада «виртуалды шындық», «360 градустық видео», «графикалық визуализация» тұжырымдамаларын қолданылуы мен модельдері қарастырылады.

*Кілт сөздер:* виртуалды шындық, иммерсивті журналистика, 360 градустық видео, визуализация, медиа, VR, AR.

*Кіріспе.* VR журналистикасы виртуалды шындық технологияларын журналистік әдістерімен біріктіріп, аудитория үшін бірегей және иммерсивті тәжірибе жасайды. VR иммерсивтілігі пайдаланушыға оқиғалардың ортасында болуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл жаңалықтарды тұтынудың дәстүрлі әдістерін өзгертеді және мазмұнмен өзара әрекеттесудің жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. VR журналистикасы VR технологияларын, 360 градустық видеоларды және мазмұнды өңдеуге арналған арнайы платформаларды қоса алғанда, ақпараттық және бағдарламалық жасақтамаларға сүйенеді. Бұл технологиялар пайдаланушыларға материалмен өзара әрекеттесе алатын шынайы виртуалды орталарды құруға мүмкіндік береді. Қазақстандағы VR журналистика дамудың бастапқы кезеңінде тұр. Интернет қолданудың жылдам өсуін және жаңа медиа технологияларға қызығушылықты ескере отырып, VR журналистикасының болашағына сенуге болады. VR журналистикасының негізгі міндеті – технологиялық инновациялар мен журналистік этика арасындағы тепе-теңдікті сақтау. Виртуалды шындық туралы журналистік дискурстың негізін кеңейту үшін виртуалды шындықтың адамның компьютермен өзара әрекеттесуіне және визуалды бейнелеу процесіне әсері туралы салыстырмалы түрде кең зерттеулерді қарастыру қажет.

*Әдебиеттерге шолу.* «Immersive Journalism: Immersive Virtual Reality for the First-Person Experience of News» деген кітабында Нонни де ла Пенья (2010) иммерсивті журналистиканың тұжырымдамасын ұсынып, оның негізгі салдарын талқылайды.

«The Use of VR in Journalism: Current Research and Future Opportunities» атты мақалада И.Трибусян VR тақырыбы бойынша ғылыми зерттеулерге шолу жасаған. Негізгі ұғымдар анықталып, VR қолдану бойынша қолданыстағы зерттеулер ұсынылған. Өндірісті зерттеу негізінен жаңа технологиялар мен этикалық мәселелерді талдайды, ал аудиторияның зерттеулері эмпирикалық сипатқа ие және классикалық теледидар мен баспаға қарағанда пайдаланушылардың жаңа бұқаралық ақпарат құралдарына көзқарасын зерттейді.

«Системы виртуальной реальности: учебно-методическое пособие» атты нұсқаулықта М.П.Осипов виртуалды шындықтың қазіргі жағдайын қарастырады. Оқу құралы қолданыстағы технологиялардың сипаттамасын қамтиды. Жүйеленген және қол жетімді түрде ұсынылған.

«Virtual hype meets reality: Users' perception of immersive journalism» атты мақалада С.Л.Нильсен пайдаланушылардың журналистикадағы виртуалды шындық технологиясын анықтауға арналған зерттеу жүргізген.

Журналистикада виртуалды шындық мазмұнын жетекші ақпараттық агенттіктер мен сапалы басылымдар қолданады («Associated Press», «ABC News», «CNN», «The New York Times», «Guardian»). Бұл саладағы флагмандардың бірі – американдық «The New York Times» басылымы. 2015 жылы Google Cardboard-пен бірге пайдаланушыларға оқиғалар панорамасын көруге немесе репортаждардың виртуалды қатысушысы болуға мүмкіндік беретін «NYT VR» мобильді виртуалды шындық қосымшасын шығарған алғашқы БАҚ өкілі болды. Қолданбаның шығарылымы босқын балалардың көзқарасы бойынша тағдырын баяндайтын «The Displaced» қатысуымен 11 минуттық деректі бейне көрсетілді.

Google News Lab және Online News Association бірлесе отырып, 2020 жылы медиа инновацияларды қолдаумен айналысатын американдық «Knight Foundation» қоры «Журналистика

360» жобасын құрған болатын. Оның басты мақсаты – иммерсивті орта үшін контент өндіру саласында жұмыс істейтін мамандардың халықаралық желісін дамыту болып табылады. 360 градустық видео – бір уақытта барлық бағытта сфералық кескін түсіретін камералардың бір түрі. 360 градус форматындағы түсірілімдер әлемді басқа адамның көзімен көруге көмектеседі.

Зерттеуші Зиллах Уотсон атап өткендей, қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдары VR мазмұнының екі түрін қолданады:

- 360 градустық деректі фильмдер, ұзақтығы бес минуттан он бес минутқа дейін, жоғары өндірістік көрсеткіштерді қамтиды. Пайдаланушы виртуалды шындық құрылғыларын пайдаланып арнайы қолданба арқылы бейнелерді көреді.

- Әлеуметтік желілерде (YouTube 360 / Facebook) таратуға арналған қысқа 360 градустық бейнелер (екі минуттан аз) әдетте салыстырмалы түрде тез және арзан шығарылады.

Білім беру саласында виртуалды шындық технологиялары оқыту мен дамытудың бірегей құралдарын ұсына отырып, жаңа мүмкіндіктерді ашады. Төменде бүкіл әлемдегі оқу орындарында қолданылатын ең танымал және тиімді VR және AR білім беру қосымшалары мен платформаларының мысалдары келтірілген.

*VR қосымшалары:*

- Google Expeditions – бүкіл әлем бойынша виртуалды экскурсияларға баруға мүмкіндік береді. Бұл қолданба тарихи ескерткіштерді, әртүрлі экожүйелерді және ғарышты зерттеуге мүмкіндік беретін жүздеген виртуалды саяхаттарды ұсынады.

Google ұсынған Tilt Brush – өнер саласын оқытуды қызықты етеді. Бұл пайдаланушыларға VR көмегімен үш өлшемді кеңістікте сурет салуға мүмкіндік береді.

*AR қосымшалары:*

- Augment – смартфон немесе планшет арқылы нақты әлемде 3D модельдерін елестетуге мүмкіндік беретін AR платформасы. Мұны күрделі ғылыми тұжырымдамаларды, архитектура мен дизайнды зерттеу үшін қолдануға болады.

- Quiver – бояуды интерактивті және білім беру тәжірибесіне айналдырады.

Иммерсивті журналистика – жоғары дәлдіктегі виртуалды ортаны құру үшін VR дисплейлерін пайдаланатын сандық ақпараттық технология. Иммерсивті медиа ақпаратты тұтынушының рөлін өзгертеді. Сыртқы бақылаушыдан оқиғаға қатысушыға айналдырады. Бұл баяндаудың психологиялық сенімділігін арттырады. Кейбір медиа сарапшылар виртуалды коммуникацияның медиареалдылығын дәстүрлі медианың табиғи дамуы ретінде қарастырады. Қазіргі теориялық зерттеулер виртуалды ортада жаңа медиа көріністерді дамытуға бағытталған. Мысалы, М. Харди зерттеудің төрт бағытын атап көрсетеді:

- тікелей қатысу әсері;
- виртуалды шындық физикасы;
- кросс-медиялы баяндаудың мәтіндік өндірісін роботтандыру;
- білім беру технологиясы.

Зерттеуші А.Мақдауэлл виртуалды шындықтағы цифрлық дизайн стильдері дәстүрлі медиа стильдерден асып түсуі мүмкін деген гипотезаны ұсынады. Ол шындық әлемі ақпарат ретінде қызмет етіп қана қоймай, сонымен қатар шығармашылық ресурстарына қол жеткізу арнасы екенін айтады.

Қорыта айтсақ, VR журналистиканы мазмұнға терең енуді және жаңалықтар мен аудитория арасындағы өзара әрекеттесуді ұсынатын медиа кеңістіктегі жаңа бағыттың бірі ретінде қарастыруға болады. Яғни, мазмұнды өздігінен зерттей алатын иммерсивті ортада дәлдік пен объективтілікті дәлелдейтін сұрақтарды қамтиды. Қазақстан контекстінде VR технологиялар инновациялар мен сөз бостандығын дамыту құралы бола алады. Осы саладағы қосымша зерттеулер VR журналистикасының әлеуеті мен шектеулерін, мемлекеттің медиа жүйесіне біріктіру жолдарын жақсы түсінуге көмектеседі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. N. De la Pena. (2010). "Immersive Journalism: Immersive Virtual Reality for the First-Person Experience of News," Presence: Teleoperators & Virtual Environments, no. 4, 301.

2. Irina Tribusean, (2020). "The Use of VR in Journalism: Current Research and Future Opportunities," Progress in IS, in: Timothy Jung & M. Claudia tom Dieck & Philipp A. Rauschnabel (ed.), Augmented Reality and Virtual Reality, pages 227-239, Springer.

3. Осипов М. П. Системы виртуальной реальности: учебно-методическое пособие / М. П. Осипов.— Нижний Новгород, 2012.

4. S.L. Nielsen. (2021). «Virtual hype meets reality: Users' perception of immersive journalism». Amsterdam School of Communication Research (ASCoR), pages 2637-2653.

## **БОЛАШАҚ ЖУРНАЛИСТЕРГЕ МЕДИАПСИХОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

**Бейсенқұлов А.,**

*Халықаралық ақпараттық технологиялар  
университетінің қауымдастырылған профессоры,  
филология ғылымының кандидаты*

Ақпараттық қоғам, бүгінгі әлемдік журналистиканың үрдісі туралы тұжырымдар мен бағалар көптеп саналады, бірақ көпшілік мойындаған беделді пікірлер қалыптасып үлгерді деп айта алмаймыз. Бұқаралық ақпарат құралдары барған сайын пәрменділігін арттыра түсуде, ол енді біржақты журналистен аудиторияға бағытталған сипатын кемітіп, екіжақты толық қатысым (коммуникация) дәрежесіне көтерілді.

Ақпарат теориясы ғылымда соңғы ғасырда тұжырымдалып, мойындалғанымен, ол адаммен бірге жасап келеді. Тыныстауымызға ауа қаншалықты қажет болса, өмір сүруімізге ақпарат та соншалықты керек. Ғасырлар бойы ақпараттың табиғаты өзгерген емес, өйткені, адамның болмысы мен санасы көп өзгеріске ұшыраған жоқ. Журналистика ғылымы да соңғы уақытта осы факторларға назар аудара бастады. Қазіргі журналистика ғылымдардың тоғысында тұр, ол тіл білімін де, семиотиканы да, әлеуметтануды да, психологияны да, математиканы да, электрониканы да қамтиды. Журналист еңбегі жаңа сипатқа ие болды. Қазіргі заманғы журналистің біліміне, кәсіби біліктілігіне қойылатын талаптар күшейді, оның қоғамтанудан, психологиядан, логикадан, эстетикадан, электроникадан хабары болуы бәсекелестік ортада қадірлі мамандық иесі болып танылуына көмектеседі.

Конвергенциялық өзгерістер журналистиканың ішкі мазмұны мен үйлесімділігіне нұқсан келтіре алмайды, бірақ оның жаңа кеңістікке шығып орнығуына жол ашады. Жаңа телевизия, көпканалдылықтың және Интернеттің журналистиканы байытқан тұстары: суперұшқырлық, кең де шексіз, шекараны білмейтін аудитория, онымен кері байланыс және орасан ақпарат мұхиты. Орасан ақпараттық тасқынның ішінде маңызды, мәнді ақпараттар ескерусіз қалып кетуі мүмкін, қойыртпақтың ішінен көзге не ілінеді, санаға қайсысы жетеді, кім жауапты болады деген сұрақтардың туындауы да заңды. Дәл ақпарат беру, ізгілікті тарату, жақсы мен жаңалықтың жанашыры болу – көбіне журналистің парасаттылығы мен пайымына, біліктілігі мен шеберлігіне тікелей байланысты болуы заңды. Журналистиканың қоғамда болып жатқан өзгерістер үшін жауапкершілігі өлшеусіз өсетіні осыдан-ақ түсінікті. Сөз бен ақпарат қоғамдық микроклиматтың барометрі ретінде жетекші мәнге көтеріледі.

Бүгінгі адамдардың ойын, талғамын, әдет-дағдысын бұқаралық ақпарат құралдары қалыптастырады. Алғашқысында жеке адамдарға әсер етсе, келесі сатыда оларды топтастыруға, яғни әлеуметтендіруге қауқарлы. Сол арқылы түрлі құндылықтарды қалыптастырады, ол өз кезегінде мәдениет пен дәстүрге ықпал етеді. БАҚ феноменін ерекше мұқият зерттеу қажеттігі осыдан туындайды. Бір ауыз сөз, бір ғана көрініс, бір ғана сезім күні ертең үлкен қоғамдық өзгерістерге себепкер болуы мүмкін. Соңғы уақытта телевизияға да қатысы бар, медиапсихология деген жаңа термин қалыптасты. Телевизиялық өнімдердің көрерменге әсері, оны қабылдауы, содан болатын оның мінез-құлығындағы өзгерістер және басқалар жаңа пәннің зерттеу объектісі болып табылады. Қазіргі уақытта теледидардан көптеген зорлық-зомбылық көріністер көрсетіліп, қан өзен суындай “ағып” жатады. Күніне балаларымыз орта есеппен 17 өлім, 37 мейрімсіздік көріністер көреді екен. Мұндай эпизодтардың қандай сөздермен көрсетілетінін болжау қиын емес. Бұл көріністер таңертең де, күндіз де көрсетіле береді. Мұндай хабарлар балалардың дүниетамының, логикасы мен психикасының қалыптасуына теріс әсер етеді. Міне, осындай келеңсіздіктерді сараптай білуі, иммунитетті қалыптастыру үшін де адам белгілі бір білімге ие болуы тиіс. Оны ЮНЕСКО сияқты халықаралық ұйымдар да қолдап, медиабілім дами түсуде.

Телеарналар арасындағы шынайы бәсекелестіктен туындайтын тележурналист пен телеаудитория арасындағы қатысым жаңа сипатқа ие болуда. Нарық жағдайында рейтинг алдыңғы қатарға шықты, телехабардың неғұрлым аудиториясы кең болса, соғұрлым оған тартылатын жарнама құны да өсе түсуде. Көбіне осыдан көркемдік сапа мен мораль мәселелері екінші қатарда қалып қойып, алдына пішіндік әуесқойлық, арзан ойын сауықтық, жеңіл көңіл көтерушілік бағдарламалар шықты. «Қазақстан» ұлттық телеарнасының ізденістері, көрерменнің өскелең сұранысына назар аударады. Дегенмен, ұлттық арнаның қазақи сипаты күшейген жоқ, қаражат пен уақытты талап ететін танымдық циклдар байқалмайды, шығыстық рең мен психология ескерілмеді.

Телевизияның аудиториямен қатысымын бірнеше деңгейде қарастырған жөн: физикалық (санаға экологиялық ықпалы), этноәлеуметтік (ұжымдық психология), психологиялық (көрерменмен қарым-қатынастың мағыналық және әсерлілік мәселелері), рухани (көрермен тұлғасының адамгершілік түсініктерімен сәйкес келуі, өзара түсіністік). Осы сұраныстарды қанағаттандыруда тепе-теңдік сақталуы тиіс. Яғни, журналист өз аудиториясын ақпараттандырып, маңызды жайды хабарлап қана қоймай, сонымен бірге, оның көңіл-күйіне әсер етіп, оң эмоция тудыруы, мүмкін болып жатса, демалуына, жадырап серпілуіне, бірге тебіренуіне қол жеткізуі тиіс. Міне, шығармашылықтың шыңы да осында. Міне, осы жайлар орыс ғалымдары Л. В. Матвеева, Т.Я. Аникеева, Ю.В. Мочалованың еңбегінде[1] жан-жақты қарастырылады.

Психологиялық тәжірибелер қазақ топырағына да жат емес, оның тамыры тереңде жатыр. Қазақ тәрбиесінде ол терең орын алып келген, әсіресе, ауыз әдебиетінің үздік үлгілері осыған тамаша мысал бола алады. Қазақ әдебиетінің классигі, ағартушы ғалым Жүсіпбек Аймауытұлы — қазақ психологиятануының көшбасшысы болып табылады. Ол 1926 жылы “Жан жүйесі мен өнер таңдау” еңбегін жарыққа шығарды және «Психология»[2] оқулығын жазып шықты. Өзі де психологиялық суреттеу мен кейіпкердің жан дүниесін ашуда шеберлік танытып, өлмес туындыларын мұра етіп қалдырды. Лирик ақын М.Жұмабаев «Педагогика» оқулығы мен бірқатар мақалаларында шығармашылық табиғаты мен білім-ғылымға қатысты маңызды тұжырымдар айтады. «Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті»[3], - деп ой қорытқан. Қазақ баласы табиғатынан қабілетті екендігі дау тудырмайды, бүгінгі мақсат сол табиғи таланттарды дамытып, жетілдіру хақында. Болашақ журналист мамандарын даярлауда да шәкірттің шығармашылық қиялын дамыту мен күрескерлік қабілетін қалыптастырудың орны айрықша.

Бәсекелестік жағдайында маман даярлаудың жауапкершілігі артып, қойылатын талаптар күшеюде. Қазір кез келген мамандық шығармашылық және ғаламдық сипатқа бет бұрды. Әлемдік қауымдастық бір арнаға ұйысып, ортақ мүдделерін табуға және жан-жағын бағдарлап, жаңалықты тез сіңіріп алатын болды. Соның қатарында журналистика мен қоғаммен байланыс мамандары да бар. Аймақтық журналистика немесе PR деген ұғымдар қалып барады, олардың шығармашылық әдіс тәсілдері, жұмыс істеу принциптері бір арнаға тоғысуда. Дегенмен, ақпаратпен жұмыс істеудің мәні барған сайын арта түсуде, бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық сананы қалыптастырушы ғана емес, соны өзгертуге қабілетті құрал ретінде де танылуда. БАҚ саяси, экономикалық және әлеуметтік реформаларды жүзеге асырудың шешуші құралына айналғандығын Қазақстанның соңғы жылдардағы тәжірибесі дәлелдеп берді. Егемендігін орнықтырған ел енді дамушы мемлекеттердің қатарында көрінуге ұмтылыс жасауда. Осы жолда аса қажетті сапалардың бірі ол — ұлттық кадрлардың қалыптасуы. Қазіргі уақытта бізге орындаушы мамандар ғана емес, кез-келген мәселені шешудің ұтымды әдістерін табатын, шығармашылық қырымен танылатын жаңа ойлы, бесаспап қарулы маман керек. Жаһандану жағдайында ол өз ұлтының да мүддесін қатар алып жүргені ләзім.

Белгілі американдық жазушы, публицист Олвин Тоффлер былай дейді: «В XXI столетии неграмотными будут не те, кто не умеют читать и писать, а те, кто не умеют учиться и переучиться».[4] Өмір бойы оқу, білімнің мен білігіңді үздіксіз жетілдіру уақыт талабынан туындайды, осы жолда тоқтаған адам бәсекелестікте қауқар танытып, қиындықтан жол таба алмайды, немесе қабылдаған шешімі зиян шектіреді.

Ғалым Л.Г. Свитич журналист мамандығының қыр сырын аша отырып, былай дейді: «Для журналистской профессии для процесса ее познания в стенах вуза крайне важно развивать внимание и наблюдательность, память, мышление и воображение, углублять процессы восприятия и понимания, короче говоря, активизировать умственные процессы».[5] Шығармашылықтың негізін қабілет айқындайды. Міне, факультетке келген талапкерді қабылдаудан бастап, оның диплом қорғауына дейінгі аралықта оның шығармашылық бейімі, өсуі мен маман ретінде қалыптасуын айқындап, бағалайтын жаңа критерийлер қажет. Ол психологиялық диагностика мен бағалау. Бұл әлемдік

тәжірибеде бар нәрсе, мысалы, актерлерді даярлауда сыннан өткен, яғни ол талапкер кезінен психологиялық сәйкестік, бейімділік тестінен өтеді және оқыған жылдары талантын ашуына психолог мамандар да көмекке келеді. Осындай ғылыми зерттеу жүргізген Н.В. Рождественская еңбегі [6] журналистер және оларды даярлайтын оқытушылар үшін маңызды.

Нарықтық бәсекелестікте мамандарымыздың қабілет қарымын арттыру жолында мынадай міндеттер туындайды:

Біріншіден, оқытушы профессор құрамы студенттердің психологиялық жетілуіне назар аударуы тиіс. Яғни, кәсіби пәндерді бүгінгі психология ілімімен ұштастыра жүргізгені жөн.

Екіншіден, журналистика факультетіне түсемін деген талапкерлердің шығармашылық қабілетін объективті бағалайтын психологиялық тесттер жасалуға тиісті. Қазір журфакқа түсетін талапкер екі шығармашылық емтиханын тапсырады: шығарма жазу және ауызша. Бетпе-бет кездесуде жарияланған еңбектері, сұраққа жауап беруі, реакциясы, білімі мен интеллекті субъективті бағасын алып жатады. Білікті мамандар болашақ талантты дөп басады деп сенген күннің өзінде, бұл ескірген тәсіл. Оның орнын болашақта компьютерлік психологиялық тест басуы тиіс деп есептеймін.

Белгілі театр маманы, үлкен реформатор В. Немирович-Данченкодан кез-келген адамнан режиссер шыға ма дегенде, «шығады, бірақ біреуге ол үшін 3 жыл, ал екіншісіне 30 жыл, ал енді біреуге 300 жыл уақыт керек болады»[7] деп жауап қатқан екен. Журналистер де солай, дипломшы маманның редакцияда жүріп қалыптасып, өсуі де, немесе оның есігін ашқан күннен алғырлығымен танылып, ішкі тіршілігіне бірден біте қайнасып кетуі де мүмкін. Яғни, журналистік қабілет адамның жеке басының мінез құлығы мен бейімі және еңбекқорлығының жиынтық жемісі. Сондықтан да журналист қабілетін жан жақты ашып, маман ретінде, тұлға ретінде, қайраткер ретінде қалыптасына барынша көмектесу ұстаздық парыз.

Үшіншіден, психологиялық лаборатория ашылса, оқыту әдіс тәсілдерімен қатар студенттердің психологиялық қарым қабілеті тексеріліп, оны жетілдіру жөнінде бағыт нұсқаулар беріліп тұрса нұр үстіне нұр болар еді. Тағы бір пікірге құлақ түрейік: «Творческие потенции как присущие всей человеческой популяции на Земле заложены у каждого человека на разной глубине подсознания и «вытащить» их в сознание можно только опираясь на свою индивидуальность, а также на знание общих законов как творчества, так и психики»[7].

Психологиялық диагностика мен бағалау апробациядан өтіп, бір жүйеге түскен жағдайда болашақта «Журналистика» білім беру бағдарламалары бойынша білім берудің мемлекеттік стандарт талаптарына да енгізіп, республика көлемінде кең таратуға болар еді.

Қазіргі психология ғылымында өзін бағалауға (самооценка) мән берілуде. Адам ең алдымен өзіне сыншы және өзінің бойындағы қабілеттерді дамытуға күш жігерін жұмсап отыруы тиіс. Факультет табалдырығын аттаған талапкерлерден кейде не үшін журналистиканы таңдадың деп сұрай қалсаңыз, әр түрлі жауап естисіз. Кейбіреулері тіпті, ойын жинақтап айта алмайды, мақсаттары көмескі, өз мүмкіндігін дұрыс бағалай алмайды. Міне, осы кемшіліктер өзін бағалаудағы олқылықтардан туындайды. Оны дөп басып, ақыл кеңес беретін психолог маман қажет. Оқу орнының штат кестесінде ондай бірлік қарастырылмаған. Ендеше, оқытушыларға белгілі бір дәрежеде шәкірттерінің психологиялық шындалуы мен өсуіне де қамқорлық таныту міндеті жүктеледі. Жалпы, психологиялық мәдениетті көтеруде атқарылар жұмыс қыруар. Осы мәселеде батыстық тәжірибемен танысып, олардың ұтымды әдіс тәсілдерін кеңінен қолданып, сараптап отырудың еш қиындығы жоқ. Қазіргі кәсіби әдебиеттердің кең таралуы, Интернет ресурстары оған мол мүмкіндік ашуда.

Түптеп келгенде, мұның бәрі оқу орнының нарықтағы бәсекелестік қабілетін күшейтеді. Журналист қазір шығармашылық мамандық қана емес, ол орасан әлеуметтік жауапкершілікті арқалаған қоғам дамуының индикаторы. Ағылшын ойшылы Арнолд Дж. Тойнби мынадай ой айтады: дара тұлға ретінде қалыптасқан адам шығармашылыққа бейім келеді және сонысымен де қоғамның жақсаруына үлес қосады. Талантты тұлға төңірегіндегілерге нұрын шашады[9]. Нарық жағдайында маман даярлаудың сапасын арттырудың барлық әдіс тәсілдерін іске қосуға тура келеді. Соның бірі ретінде шығармашылық мамандыққа баулудағы психологиялық факторға назар аудару.

1 Матвеева Л.В., Аникиева Т.Я., Мочалова Ю.В. Психология телевизионных коммуникаций. М.: Учебно-методический коллектор «Психология», 2000.

2 Аймауытұлы Жүсіпбек. Психология. Алматы: Рауан, 1995, 312-бет.

3 Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, Санат, 1994. 92-б.

4 Кітапта: Батаршев А.В. Диагностика способности к общению. —СПб.: Питер, 2006. С.8.

5 Свитич Л.Г. Профессия: журналист. – М.: Аспект Пресс, 2003. – с. 255.

6 Қараңыз: Рождественская Н.В. Диагностика актерских способностей. -СПб.: Речь, 2005. С. 192.

7 Психологические основы «Паблик рилейшнз». 2-е изд./Е.Богданов, В.Зазыкин. -СПб.: Питер, 2003. С.10.

8 Ермолаева Томина Л.Б. Психология художественного творчества: Учебное пособие для вузов. -М., Академический проект, 2003. С.3.

9 Тойнби Арнолд Дж. Постижение истории. М., 1991. С. 286.

В статье затрагиваются проблемы психодиагностики и самооценки будущих журналистов, медиаобразования, необходимость предмета «Медиапсихология». В конкурентной среде специалист должен стать не только профессионалом в узкой сфере, но и должен быть грамотным в общественных отношениях, развивать индивидуализм, воспитывать характер и боевой дух. Рекомендуются разработка специальных тестов с привлечением практиков психологов для определения способностей студентов, а также создание психодиагностической лаборатории факультета журналистики с целью определения творческого роста будущих специалистов и квалифицированного консультирования.

In article problems of psycho diagnostics and a self-estimation of the future journalists, media formations, necessity of a subject "Media psychology" are mentioned. In competitive circle the expert should become not only the professional in narrow sphere, but also should be competent in public relations, develop individualism, form character and fighting spirit. Definition of creative growth of the future experts and the qualified consultation are recommended working out of special tests with attraction of experts of psychologists for definition of abilities of students, and also creation of psycho diagnostic laboratory of faculty of journalism on purpose.

## **ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ «ЯЗЫКУ ВРАЖДЫ» В МАССМЕДИА УЗБЕКИСТАНА: ТРУДНОСТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

**Маматова Я.М.,**

*Национальный Университет Узбекистана  
имени Мирзо Улугбека*

В последний год в медиапространстве Узбекистана посредством искусственного интеллекта (ИИ) было создано несколько медиапродуктов, послуживших резкому расширению границ использования враждебной риторики. Один из них – ролик, в котором облик узбека представлен на звездном фоне, где он в эдакой средневековой папахе носится с огромными тарелками - ляганями плова. По ходу ролика растут объемы ляганов с пловом и рост самого героя.

Другой пример: ИИ сумел синтезировать голос и фото известных в стране бизнесменов Зафара Хошимова и Алишера Усманова, которые, якобы, открыли фонды помощи населению в виде выплаты определенных наличных сумм. Все бы ничего, но стоявшие за этими генерациями заинтересованные лица буквально всколыхнули обществе и вызвали огромную волну негативных оценок в адрес и представителей бизнеса, и в адрес руководителей разного ранга. Риторика ненависти была выражена в уничижительных стереотипах, обидных с точки зрения словесной формы содержания. В постпандемийное же время в контенте на чувствительную тематику, практические ежедневно встречаются обобщающие речевых штампы и конфликтогенные стереотипы. Огромный пласт составляют посты в социальных медиа, связанные с вопросами этнической принадлежности, религии, религиозной одежды, насилия в отношении женщин и детей, которые также вызывают негативные реакции у пользователей.

Так, один из местных интернет-проповедников на своем телеграм-канале без стеснения обвинял своих же единоверцев в безбожии, продажности, призывая при этом аудиторию к их жесткому наказанию. Данные примеры являются негативнооценочным типом «языка вражды», который не может быть запрещен, поскольку он не противозаконный. Но с точки зрения этики и корректности нельзя использовать в публикациях подобные уничижительные конструкции, которые могут быть привычными в бытовой речи. Это связано с тем, что такие эмоционально окрашенные речевые штампы, которые в особенности встречаются в материалах на этническую или религиозную тематику могут спровоцировать социальное противостояние в обществе.

«Язык вражды» в медиаконтенте, который создается вне страны на узбекском языке, используется в целях «убеждения целевой аудитории в необходимости иммиграции по религиозным мотивам»[1, с.42]. Обязательная ссылка в таких текстах идет на Коран и хадисы, «включая истории

Пророка и его сподвижников»[1, с.42]. Как правило, в таких публикациях с жестким «языком вражды» присутствуют как «наказать», «убить», «сжечь», «уничтожить». и т.п. В медиатекстах поднимаются вопросы, касающиеся межнациональных отношений (узбеки-евреи, узбеки-русские, узбеки – индусы и пакистанцы) государственного языка («кто не знает государственного языка- тот либо оккупант, либо идиот» – Facebook, январь 2024 года).

На vesti.uz уже в заголовках материалов «Узбеков обвесят и обмерят»(05.12.2020), «Русским посоветовали отказаться от свинины»(24.08.2021), «В Узбекистане застрахуют только на государственном языке»(27.08.2021), «Россия берет иностранцев «под колпак»(14.07.2021), «Узбек посчитал себя «носителем русского языка», В России экономят на узбекских женах»(11.05.2020), «Советские – евреи второго сорта»(10.03.2020), «Забывтые» узбеки» ждут помощи из Ташкента» (24.10.2020) проявляются разные уровни «языка вражды»[2, с.9]. Такие же примеры встречаются на url.uz: «Узбекские ведущие порекомендовали мужчине ударить супругу за оскорбления»(23.08.2021), «На узбекском ТВ показали рейды по задержанию проституток»(04.08.2021), «В Узбекистане женщина проиграла более 400 млн сумов на ставках» (15.07.2021), «Видео: Тиктокер, раскопавший могилу, оказался профессиональным могильщиком»(16.05.2021)[2, с.9].

С расширением медиапространства, к сожалению, «язык вражды» также расширяет свои границы. И трудности с его преодолением связаны с несколькими факторами. Во-первых, очень низок общий уровень медиаграмотности населения. Во-вторых, соответствующие государственные организации и службы не успевают выдавать предписания по ограничению или снятию такого контента. В-третьих, блогеры и другие гражданские активисты в стремлении «поймать хайп» усугубляют ситуацию и за счет постановочно-заказного контента. В-четвертых, основы медиаграмотности ныне преподаются только в системе высшей школы, в системе же народного образования преподавание данной дисциплины пока еще не налажено. Все это заметно снижает уровень критического восприятия контента населением. И прежде всего, молодежи.

Какой вклад могут внести журналисты в перспективе для преодоления сложившейся ситуации? При подготовке медиатекстов важно помнить рекомендации специалистов:

- убедиться, что текст или его отдельные фрагменты не призывают к дискриминации или насилию по признаку расы, происхождения, национальной или этнической принадлежности, возраста, инвалидности, языка, религии или убеждений, пола, гендера, гендерной идентичности, сексуальной ориентации и других личных характеристик или статуса[2, с.9]. Соблюдать профессиональный стандарт, гласящий, что необходимо сообщать только важную для общества информацию, следить за комментариями к опубликованным текстам, избегать лексики, которая может быть оскорбительной для уязвимых групп(людей с инвалидностью, женщин, воспитывающих детей без мужа, детей).

Журналисты призваны не подвергаться стереотипам, которые становятся проблемой, когда используются как обоснование для простых объяснений. Сбалансированный контент» не должен формировать и подкреплять стереотипы, которые позже могут быть использованы другими для очередных простых объяснений»[3, с.13].

При освещении вопросов, связанных с этно-религиозной тематикой важно обеспечить сбалансированную подачу информации о жизни и деятельности всех конфессий в равной мере, преодолеть негативный ракурс подачи информации, не допускать распространения фейков, представлять широкий спектр мнений с привлечением и респондентов из числа представителей различных конфессий. Журналисты призваны содействовать формированию у аудитории уважительного отношения к вере и убеждениям каждого человека, к его праву быть верующим или атеистом. Герои публикаций своими поступками, взглядами и словами, а также выступления богословов любой религии призваны нести в массовую аудиторию идеи принятия многообразия религий и терпимого отношения к такому многообразию[4, с.498.]. Преодолению «языка» вражды помогут интересные истории людей из разных этно-религиозных групп, которые принадлежат принадлежности к одному обществу, у членов которого единые устремления. Такие публикации призваны отражать гуманистическую миссию каждой религии, соответствие содержания духовно-нравственных ценностей каждого народа, этноса общечеловеческим, ценностям приоритета права человека на жизнь и мирное сосуществование[5, с.498.]

«Языку вражды» можно противостоять путем привлечения в подготовку материала компетентного эксперта, который профессионально объяснит ситуацию в целостном и развернутом виде. При этом следует стремиться к сбалансированному представлению мнения всех сторон, к симметричным ракурсам изображений героев на фото. Нецелесообразно без надобности упоминать этническую и религиозную принадлежность героев «Одно дело, когда вы готовите репортаж с фестиваля национальных культур и рассказываете, как кто-то угощал посетителей блюдами своей

национальной кухни. Здесь упоминание этноса оправдано. Но если журналистский материал посвящен освещению обстоятельств преступления «указание на этничность подозреваемого мало проясняет картину произошедшего, зато помогает созданию негативных этнических стереотипов. Поэтому прежде чем упоминать этничность в материале, взвесьте, насколько оно оправдано и «на кого работает» это упоминание, какой образ упоминаемому этносу вы создаете и зачем вы это делаете»[3, с.18.].

<b>Давлат ТВ</b>	<b>Хусусий ТВ</b>
Сиёсий ҳокимият легитимлиги ва легаллигини мустаҳкамлаш	Жамоатчилик назоратини амалга ошириш
Фуқароларни ғоявий-мафкуравий тарбиялаш	Давлат ҳокимияти, бошқарув органлари ва ижро аппаратининг халқ олдидаги ҳисобдорлиги тамойилини юзага чиқариш
Сиёсий онг, сиёсий маданият ва тафаккурни ошириш	Сиёсий онг, сиёсий маданият ва тафаккурни ошириш
Фуқароларни ижтимоий, иқтисодий, сиёсий ва бошқа янгиликлардан бохабар қилиб бориш	Ижтимоий кайфият ва унинг ривожланиш тенденциясини аниқлаш
Шахс, жамият, давлат хавфсизлиги ва барқарорлигини таъминлаш	Шахс, жамият, давлат хавфсизлиги ва барқарорлигини таъминлаш
Фуқароларда ахборотни қабул қилиш, уни идрок этиш, қайта текшириш ва хулосалар чиқаришни ўз ичига олувчи ахборотдан фойдаланиш маданиятини шакллантириш, шунингдек, конструктив танқидий таҳлил қобилиятини ривожлантириш орқали ҳар қандай	Фуқароларда ахборотни қабул қилиш, уни идрок этиш, қайта текшириш ва хулосалар чиқаришни ўз ичига олувчи ахборотдан фойдаланиш маданиятини шакллантириш, шунингдек, конструктив танқидий таҳлил қобилиятини ривожлантириш орқали ҳар

дезинформация ва провакацияларга қарши тура оловчи иммунитетни шакллантириш	қандай дезинформация ва провакацияларга қарши тура оловчи иммунитетни шакллантириш
Янги Ўзбекистонда амалга оширилаётган изчил ислохотлар палласида уларга бефарқ бўлмаган ҳақиқий фуқаролик позициясини шакллантириш	Янги Ўзбекистонда амалга оширилаётган изчил ислохотлар палласида уларга бефарқ бўлмаган ҳақиқий фуқаролик позициясини шакллантириш
Ҳарбий ватанпарварлик, юртни севиш ва унинг миллий манфаатларини англаб етиш борасидаги тарғибот-ташвиқот ишлари	Ҳарбий ватанпарварлик, юртни севиш ва унинг миллий манфаатларини англаб етиш борасидаги тарғибот-ташвиқот ишлари
Миллатлараро тотувлик ва бағрикенглик муҳитини шакллантириш	Миллатлараро тотувлик ва бағрикенглик муҳитини шакллантириш
Экологик маданиятни шакллантириш, фуқароларда атроф-муҳитни асраш ва табиат бойликларидан унумли фойдаланишга оид қарашларни шакллантириш	Экологик маданиятни шакллантириш, фуқароларда атроф-муҳитни асраш ва табиат бойликларидан унумли фойдаланишга оид қарашларни шакллантириш
<b>Таҳдидлар (Т)</b>	
<b>Давлат ТВ</b>	<b>Хусусий ТВ</b>
Замонавий ахборот технологиялари ривожланиши фонида фуқароларнинг давлат телевидениесини кўришга нисбатан қизиқишининг тушиб бораётганлиги тенденцияси	Замонавий ахборот технологиялари ривожланиши фонида фуқароларнинг хусусий телевидениени кўришга нисбатан қизиқишининг мўтадил аҳамият касб этаётгани
Фуқароларда давлат телевидениесига нисбатан ишончсизликнинг ортиб бориши тенденцияси	Нодавлат телевидениенинг хусусий сектор тасарруфида эканлиги
Фуқароларда сиёсий онг, сиёсий маданият ва тафаккурнинг саёзлашиб кетаётганлиги, ўз навбатида улар сиёсий фаоллигининг йўқолиб бораётганлиги	Амалга оширилаётган фаолиятдан кўзланган асосий мақсад-иктисодий наф кўриш эканлиги
Давлат ТВнинг мамлакат ахборот манбалари орасидаги рейтинги тушиб кетганлиги	Хусусий ТВ томонидан айрим ҳолларда аҳолини бевосита чалғитувчи дезинформацияларнинг эфирга кетиб қолиши ҳолатлари
Давлат ТВ соҳасида цензуранинг қисман сақланиб қолаётганлиги	Хусусий ТВ эфирларида айрим ҳолларда аҳолини манипуляция қилиш ҳолатлари юз бериб туриши
Телеканал фаолиятини олиб боришнинг ғоявий-мафкуравий стратегиясини амалга оширувчи механизмларнинг эскирганлиги	Телеканал фаолиятини олиб боришнинг яхлит (барқарор) ғоявий-мафкуравий стратегиясининг йўқлиги
Давлат раҳбари бошчилигидаги сиёсий элита томонидан амалга оширилаётган ислохотларни халққа тўлиқ ва мунтазам етказиб боришга оид креатив ёндашувларнинг зарурий даражада эмаслиги	Айрим кўрсатувлардаги танқидий таҳлил даражаси кескин ортиб кетганлиги
Жамият орасида турли муҳокамаларга сабаб бўлган расмий ёки норасмий характердаги маълумотлар юзасидан ахборот биқиклигининг юзага келиши	Хусусий ТВ контентининг асосий қисмини ташкил этувчи медиамаҳсулотлар ва уларда илгари сурилаётган ғояларнинг аксарияти жамиятда ўрнатилган ахлоқ меъёрлари ва ижтимоий кадриятларни емираётгани ҳамда фуқаролар онги ва онг остига салбий таъсир ўтказаётганлиги <i>(оммавий маданият, деструктив ғоялар)</i>
Давлатнинг миллий манфаатларига, хавфсизлиги, барқарорлиги ва суверенитетига путур етказишга қаратилган ташқи ахборот хуружларига нисбатан	Аудиториянинг ва реал эфир кузатувчилари сонининг катталиги

тезкор жавоб беришга оид аниқ стратегиянинг йўқлиги	
Давлат ва жамият ривожланишининг устувор йўналишларини акс эттирувчи миллий ғоя ва миллий мафкура тарғиботида оид кўрсатувларнинг камайиб кетганлиги	Давлат ва жамият ривожланишининг устувор йўналишларини акс эттирувчи миллий ғоя ва миллий мафкура тарғиботида оид кўрсатувларнинг йўқлиги

Хусусан, ушбу таҳлилдан, хусусий телеканаллардаги ахборот ва сўз эркинлиги, кўрсатувларнинг асосий мавзуси сифатида жамият ҳаёти, фуқароларнинг турмуш тарзи билан боғлиқ масалалар танлаб олинishi, жонли эфирлар сонининг кўплиги, ижтимоий тармоқлар билан самарали интеграция йўлга қўйилгани, кўча репортажлари ва интервьюларининг ўтказилиши, дастурларда жамият учун қизиқарли креатив ёндашув асосида ҳамда турли ракурсларда иш олиб борилиши билан республика катта аудиториясини шакллантира олгани уни давлат телеканалларидан устун бўлишини таъминламоқда. Шу ўринда, аудиториянинг катта қисмини болалар, ёшлар, аёллар ва ишсиз қатлам ташкил этиши ҳам хусусий телеканаллар рейтингини белгилаб беришди муҳим рол ўйнаган.

Бунинг натижасида, биринчидан, Ўзбекистон ахборот маконида рақобат муҳити шаклланди, иккинчидан, фуқаролар тафаккур тарзида, уларнинг ҳаётий жараёнларга бўлган ёндашувларида, мавжуд муаммоларга бўлган муносабати, таклиф ва танқидларида ўзига хос кардинал ўзгаришлар кузатилди.

Кўриниб турибдики, аҳоли орасида ахборотга бўлган эҳтиёжни қондиришда фуқароларнинг телевидениега бўлган эҳтиёжи юқори даражада сақланиб қолмоқда. Аслини олганда ҳам давлат аппарати учун олиб борилаётган ислохотларни амалга оширишда фуқаролик жамияти билан ўзаро алоқалар формати иккитомонлама ахборот алмашинувида чамбарчас боғлиқ. Бунда, фуқароларга ахборот узатишнинг мавжуд воситаларидан мақсадли ва оқилона фойдаланиш лозим бўлади.

Янги Ўзбекистон шароитида фуқароларнинг телевидениега бўлган эҳтиёжи қуйидаги омиллар билан шартланади:

- демократик ислохотлар шароитида фуқароларнинг зарурий даражадаги сиёсий билимлардан бохабар бўлиши;
- жамият барқарорлиги учун сиёсий коммуникациялар жараёни узлуксиз ва тизимли давом этиши;
- фуқароларнинг давлатнинг мавжуд ислохотлари орқали унинг келгуси истиқболини башорат қила олиши даражасидаги ахборотлар билан таъминланганлиги;
- сиёсий плюрализмни амалга оширишда телевидениенинг ўрни ва роли ортиб бораётганлиги;
- телевидениенинг қолган ОАВга нисбатан ахборотни аудио-визуал ҳамда динамик ўзгаришлар форматида узатиб бериши устуворлиги;
- шахс, жамият ва давлат ҳавфсизлигини таъминлашда, фуқароларнинг дунёқарашини шакллантириш, сиёсий-ҳуқуқий саводхонлигини ошириш, қолаверса, уларни эфир вақтида банд қилиш юзасидан телевидениега бўлган эҳтиёж. Ушбу омиллар ҳозирги кунда телевидениенинг фуқаролар ахборот таъминотидаги ўрни ва ролини кўрсатиб бермоқда. Бир вақтнинг ўзида фуқаролар сиёсий маданиятини оширишда телевидениенинг алоҳида ўрни бор эканлигини ҳам тасдиқламоқда.

Ҳўш, телевидение фаолиятида фуқаролар сиёсий маданиятини ошириш масаласи нечоғли муҳим? Албатта, фуқароларнинг сиёсий билим ва тафаккури, маданияти юқори бўлса, давлат ижро аппарати ўз олдига қўйган вазибаларни, ўз навбатида тинчлик ва барқарорлик каби стратегик мақсадларни юзага чиқара олади. Бунда телевидение тарғибот-ташвиқот воситаси сифатида бевосита фуқаролар онги ва шуърига йўналтирилади, уларга таъсир этиш, мавжуд фикрини сиёсий элита олиб бораётган устувор йўналишларга мослаштириш чоралари кўрилади.

Ўзбекистондада узоқ йиллар давомида давлат фуқароларининг сиёсий билимларга эга бўлиши, сиёсий таҳлилни ўтказиши, давлатнинг сиёсий фаолияти ва ижро органлари фаолияти танқидий таҳлиliga тўлақонли рухсат берилмаган.

Бунга ҳамоҳанг тарзда, телевидение орқали ҳам асосан давлат раҳбари ва стратегик миқёсдаги ижтимоий-сиёсий жараёнларга оид бир қолипдаги ахборот-таҳлилий кўрсатувлар намоиш этиб келинган. Бу эса табиий равишда фуқароларнинг сиёсий жараёнларга нисбатан қизиқиши даражасини тушириб юборган. Фуқаролар сиёсий маданиятида ҳам салбий тенденция кузатилган.

Айни ҳолат фуқаролар орасида нодавлат характердаги манбаларга, шу ўринда нодавлат телеканалларга бўлган эҳтиёжни оширишга хизмат қилган. Даставвал, Ўзбекистон Республикасида ташкил этилган илк нодавлат телеканаллар орқали демократик жамиятларга хос бўлган андозадаги фаолият олиб боришга уринишлар бўлган. Бирок, давлатнинг ахборот сиёсати векторидан четга чиқилмаган ҳолда сиёсий масалаларда хушёрлик сақланиб қолинган. Хусусий телеканал фаолиятини жадаллаштириш

мақсадида, асосан кўнгилочар дастурлар, спорт мусобақалари трансляцияси, хужжатли ва бадиий фильм ҳамда сериаллар, мусика, мултифильм ва бошқа кўрсатувлардан иборат контентлар шакллантирилган.

Қайд этиш жоизки, фуқароларнинг жамиятда мавжуд бўлган ижтимоий-сиёсий муаммолар, уларни юзага келтираётган омиллар, шарт-шароитлар, бартараф этиш юзасидан таклиф-мулоҳазалар, шунингдек, сиёсий элита фаолияти, давлатнинг қонун чиқарувчи, ижро этувчи ва суд ҳокимияти юзасидан таҳлилий мушоҳадаларини амалга оширишга хизмат қилувчи расмий ОАВнинг мавжуд эмаслиги фонида турли хил нодавлат теле ва радиоканаллар, интернет сайтлари учун қулай имконият юзага келган.

Натижада, асосан Ўзбекистон Республикасидан аккредитациядан ўтмаган ахборот манбаалари учун сиёсий контекстдаги масалаларни норасмий муҳокама қилиш, бу борада турли хил туркум кўрсатувлар тайёрлаш, бу орқали фуқаролар онги ва онг остига ўзлари ҳоҳлаган маълумотларни жойлаштириш, катта эҳтимол билан ташқи кучлар манфаатларига йўналтирилган фикр-мулоҳазалар векторини юзага келтириш, пировардида эса олдиндан режалаштирилган томонга осон сафарбар қилиш шарт-шароитини яратди.

Замонавий босқичда эса ОАВнинг давлат муҳим миллий манфаатларини таъминлаш, хавфсизлик, тинчлик ва барқарорликка эришишдаги роли қуйидаги омиллар билан белгиланмоқда:

- давлатнинг ички ва ташқи ислохотлари, унинг мазмун-моҳияти, аҳамияти ва амалга оширилаётган ишлар долзарблигини фуқаролар томонидан объектив равишда англаб етиши учун расмий маълумотлар билан таъминлашга бўлган эҳтиёж;

- замонавий гибрид урушлар шароитида ташқи ахборот таҳдидларига (дезинформация) қарши курашиш заруриятининг ортиб бораётганлиги;

- давлатнинг муҳим миллий манфаатларини таъминлаш борасида, умуммиллий сафарбарлик, жипслашувга эришиш, бу йўналишда фаол фуқаролик ёндашувидан келиб чиқиб, ташқарига йўналтирилган ахборот ташвиқотларини амалга оширишга бўлган зарурият.

Мазкур омилларга таянган иккинчи ҳокимият сиёсий элитаси, асосий эътиборни норасмий ахборот секторига қаратган ҳолда бир нечта фундаментал ислохотларни ўтказди. Жумладан, хусусий телеканаллар фаолиятида ОАВнинг конституцион эркинлигини таъминлади, уларнинг том маънодаги сўз эркинлигини амалга оширишга ишонч билдирди. Шунингдек, узок йиллар давомида Ўзбекистонда рўйхатдан ўтмаган, аккредитацияланмаган ахборот манбааларига ўз фаолиятларини юритиши учун рухсат берди.

Бунинг натижасида, юқорида таъкидланганидек, расмий ва норасмий сектор ўртасида рақобат муҳити шаклланди, жамоатчилик назорати юзага келди, журналистик сўровлар амалга оширилди. Бир сўз билан айтганда давлат ҳокимиятининг фуқаролар ва жамият олдида ҳисобдорлик мажбурияти амалий жиҳатдан мустаҳкамланди.

Ўз ўрнида, фуқароларнинг сиёсий тафаккури, маданияти ва онгида кескин ўзгаришлар кузатилди. Бунда айниқса, хусусий телеканалларнинг ўрни бекиёс бўлди. Яъни, улар эфирдан жой олган ахборот-таҳлилий, сиёсий ва хужжатли кўрсатувлар сиёсий маданияти шаклланаётган ўзбек жамияти учун ўтиш даврида қулай ахборот макони вазифасини бажарди.

Хусусан тадқиқотимиз доирасида, бир қатор оммабоп хусусий телеканалларнинг эфир дастурлари контент таҳлилини ўтказган ҳолда фуқаролар сиёсий саводхонлиги, онги, тафаккури ва маданиятини бевосита оширишга хизмат қилаётган кўрсатувлари тўғрисидаги маълумотларни ўрганиб чиқамиз.

**“Zo‘r TV” телеканали.** Мазкур телеканалнинг фуқаролар ахборот таъминотини амалга ошириш йўналишида эфир дастурларига қўйиб бораётган янгиликлар, хабарлар, таҳлилномалар ва бошқа ахборот дастурларининг бир ҳафталик миқдори **415 минутдан** иборат бўлиб, умумий эфир вақтининг **4.1%**ини ташкил этади. Шунингдек, телеканалнинг ижтимоий-сиёсий, иқтисодий, маънавий ток-шоуларининг ҳафталик умумий вақти **30 минутдан** иборат бўлиб, умумий эфир вақтининг **0.3%**ини ташкил этади.

Бундан ташқари, телеканалнинг интеллектуал ва илмий-маърифий кўрсатувларининг ҳафталик умумий вақти **45 минутдан** иборат бўлиб, умумий эфир вақтининг **0.4%**ини ташкил этади.

**“МУ5” телеканали.** Ушбу телеканалнинг фуқаролар ахборот таъминотини амалга ошириш йўналишида эфир дастурларига қўйиб бораётган янгиликлар, хабарлар, таҳлилномалар ва бошқа ахборот дастурларининг бир ҳафталик миқдори **585 минутдан** иборат бўлиб, умумий эфир вақтининг **5.8%**ини ташкил этади.

Шунингдек, телеканалнинг ижтимоий-сиёсий, иқтисодий, маънавий ток-шоуларининг ҳафталик умумий вақти **145 минутдан** иборат бўлиб, умумий эфир вақтининг **1.4%**ини ташкил этади.

**“Milliy TV” телеканали.** Мазкур телеканалнинг фуқаролар ахборот таъминотини амалга ошириш йўналишида эфир дастурларига қўйиб бораётган янгиликлар, хабарлар, таҳлилномалар ва бошқа ахборот дастурларининг бир ҳафталик миқдори **120 минутдан** иборат бўлиб, умумий эфир вақтининг **1.6%**ини ташкил этади.

Шунингдек, телеканалнинг ижтимоий-сиёсий, иқтисодий, маънавий ток-шоуларининг ҳафталик умумий вақти **25 минутдан** иборат бўлиб, умумий эфир вақтининг **0.3%**ини ташкил этади.

Бундан ташқари, телеканалнинг интеллектуал ва илмий-маърифий кўрсатувларининг ҳафталик умумий вақти **85 минутдан** иборат бўлиб, умумий эфир вақтининг **1%**ини ташкил этади.

**“Sevimli TV” телеканали.** Ушбу телеканалнинг фуқаролар ахборот таъминотини амалга ошириш йўналишида эфир дастурларига қўйиб бораётган янгиликлар, хабарлар, таҳлилномалар ва бошқа ахборот дастурларининг бир ҳафталик миқдори **525 минутдан** иборат бўлиб, умумий эфир вақтининг **5.2%**ини ташкил этади.


Шунингдек, телеканалнинг ижтимоий-сиёсий, иқтисодий, маънавий ток-шоуларининг ҳафталик умумий вақти **225 минутдан** иборат бўлиб, умумий эфир вақтининг **2.2%**ини ташкил этади.

Жадвалга эътибор қаратадиган бўлсак, энг аввало ҳар бир хусусий телеканалнинг эфирида фуқароларни мамлакатда амалга оширилаётган ислохотлар, ижтимоий-сиёсий жараёнлар, аҳолини қийнаётган муаммолар ва уларнинг эҳтимолий ечимлари, шунингдек, ташқи дунёда юз бераётган янгиликлар, спорт ва бошқа маиший характердаги маълумотлардан иборат бўлган инфор­мацион кўрсатувлари мавжуд.

Ўз навбатида ушбу кўрсатувларни кўриш орқали фуқароларда бирламчи назарий билимлар, тасаввур, қарашлар шаклланади. Фуқаролар сиёсий тафаккури ва маданиятини шакллантиришда айни мана шу форматдаги кўрсатувларнинг ўрни бекиёсдир.

Бироқ, кўриниб турганидек кўрсатувларнинг умумий вақтининг эфирдаги улуши жуда ҳам кам миқдорда эканлиги маълум бўлмоқда.

#### ИЖТИМОЙ-СИЁСИЙ, АХБОРОТ-ТАҲЛИЛИЙ ВА МАЪРИФИЙ КЎРСАТУВЛАРНИНГ КАНАЛ ЭФИРИДАГИ УЛУШИ




#### 2.4-расм

**Хусусий телеканалларнинг фуқаролар сиёсий онги, маданияти ва тафаккурини оширишга қаратилган кўрсатувларининг канал эфиридаги улуши**

(2023 йил январь-декабрь ойлари мисолида)

Шу билан бирга, хусусий телеканалларнинг бу йўналишдаги кўрсатувларини баҳолашда, нафақат вақт кўрсаткичлари бўйича, балки ушбу кўрсатувларнинг халқчиллиги, креативлиги, журналистик маҳорат ва бу орқали кенг аудиторияни жалб эта олганлигини ифодаловчи сифат кўрсаткичлари ҳам бор.

Жумладан, респондентлар билан ўтказилган сўров давомида, “Сиз асосан қайси кўрсатувлар орқали янгиликларни томоша қиласиз?” саволига, иштирокчиларнинг **42,6%**и “Миллар” инфор­мацион-шоу дастурини (“*Milliy TV*”) белгилаган бўлса, **32,4%**и “Замон” инфор­мацион дастурини (“*Sevimli TV*”) ҳамда **21,9%**и “Марказий студия” инфор­мацион дастурини (“*MY5*”) ва қолган **3,1%**и бошқа кўрсатувларни белгилашган.



**Хусусий телеканаллар орқали энг кўп томоша қилинадиган янгиликлар бериб боровчи кўрсатувлар рейтинг**

Табий равишда хусусий телеканаллар ўртасида, қолаверса, расмий телеканаллар ва бошқа ахборот манбаалари ўртасида ҳам аудитория учун рақобат муҳити шаклланган. Бунда ҳар бир телеканал томошабинлар эътиборини тортиш мақсадида, кўтариб чиқиладиган мавзуларнинг долзарблигига, фуқаролар манфаатларига дахлдорлигига, шунингдек, масалани имкон қадар реал даражада акс эттиришга, сиёсий жараёнларни ҳамма учун тушунарли бўлган тилда намойиш қилишга ва журналистик маҳоратга алоҳида эътибор қаратмоқда.

Таъкидлаш жоизки, олиб борилган таҳлиллар, хусусий телеканаллар эфир вақти ва кўрсатув мазмунининг мамлакатдаги сиёсий муҳитга, жараёнларга боғлиқ равишда такомиллашиб (трансформация) бораётганини кўрсатмоқда. Масалан, юқоридаги жадвалларда кўриб чиқилган ижтимоий-сиёсий, маънавий-маърифий ва иқтисодий ток-шоулар одатда асосан жамиятдаги маиший масалалар, оилавий муносабатлар, турли хил ижтимоий муаммолар ва мурожаатлар юзасидан ташкил этиб келинган бўлса, 2023 йилнинг йилнинг биринчи ярми ва иккинчи ярми бошланиши оралиғида айна ушбу дастурлар орқали сиёсий жараёнларга алоҳида эътибор қаратилиб, “**Конституциявий ислохотлар**” ва “**Муддатидан илгари ўтказиладиган Президент сайловлари**”га бағишланган янги форматдаги кўрсатувлар олиб борилди.

Кўрсатувлар доирасида малакали сиёсий экспертлар иштирок этиб, фуқароларни мамлакатда амалга ошириладиган сиёсий жараёнлардан бохабар қилишга, уларда хайёрихолик кайфиятини шакллантиришга ва бу орқали тегишли йўналишда сиёсий билимларни такомиллаштиришга ҳаракат қилишди. Мазкур амалиётнинг қайд этиш лозим бўлган энг устувор тарафи – бу хусусий телеканал кузатувчилари сонининг кўплиги, шунингдек, ўз форматини ўзгартирган кўрсатувнинг аввалги мавзуларда ҳам самарали фаолият юритгани ҳамда кўп сонли аудиториянинг ишончини қозониб улгурганидир.

Бундан ташқари, мамлакатдаги хусусий телеканаллар фаолиятининг яна бир устувор жиҳатларидан бири сифатида уларнинг замонавий ахборот технологиялари шароитида “интернетлашуви” (ахборотлашуви) тенденциясини кўрсатиб ўтиш ўринли бўлади.

Сабаби, телеканаллар анъанавий эфири билан бирга, уларга параллел равишда расмий сайтларда, ижтимоий тармоқлардаги “**Telegram**” мессенжерида, “**YouTube**” видеохостингида, “**Facebook**” ва “**Instagram**” тармоқларида яратилган каналларда ҳам тўлиқ ёки қисман кўрсатувлар, дастурлар ва бошқа контентлар тўғридан-тўғри ҳамда ёзиб олинган ҳолда кўйиб борилади. Кундалик фаолияти ўлароқ жамиятнинг турли қатламлари вакиллари бевосита телевизор кўра олмаслиги мумкин, аммо, доимий равишда ижтимоий тармоқ фойдаланувчиси сифатида янгиликлардан бохабар бўлиб туришади. Масалан, қуйидаги жадвал орқали энг оммабоп хусусий телеканалларнинг ва битта расмий телеканалнинг ижтимоий тармоқлардаги платформалари ҳақида маълумот олиш мумкин.

**Хусусий ва давлат телеканалларининг интернет ва ижтимоий тармоқлардаги платформалари (01.11.2023 й. куни ҳолатига)**

№ т/р	Телеканал номи	Расмий сайти	Обуначилар сони:			
			Telegram	YouTube	Facebook	Instagram
1	O'zbekiston 24	<a href="http://www.mtrk.uz">www.mtrk.uz</a>	9 377	1,67 млн	42 минг	3 384
2	Uzreport TV	<a href="http://www.uzreport.news">www.uzreport.news</a>	113 938	517 минг	216 минг	12,6 минг
3	Milliy TV	<a href="http://www.milliy.tv">www.milliy.tv</a>	20 713	3,23 млн	156 минг	675 минг
4	Zo'r TV	<a href="http://www.zortv.uz">www.zortv.uz</a>	492 047	4,52 млн	174 минг	3,6 млн
5	Sevimli TV	<a href="http://www.sevimliplay.tv">www.sevimliplay.tv</a>	41 052	3,73 млн	221 минг	556 минг
6	MY5	<a href="http://www.my5.media">www.my5.media</a>	51 195	1,06 млн	48 минг	2,3 млн

Маълум бўлишича, Ўзбекистон телевизион ахборот маконидаги хусусий телеканаллар ўз фаолиятига кўра энг оммабоп расмий телеканалдан ҳам олдиндан бормоқда. Буни, айнан фуқароларнинг бевосита объектив танлови белгилаб бермоқда. Мазкур фактнинг ўзи хусусий телеканаллар орқали фуқароларга нисбатан нечоғли катта хажмдаги тарғибот-ташвиқот ишларини амалга ошириш имконияти мавжуд эканлигини кўрсатмоқда.

Юқорида телевиденининг, хусусан, нодавлат телеканалларнинг фуқаролар сиёсий онгига, маданиятига ва тафаккурига бевосита ҳамда билвосита таъсири, унинг намоён бўлиш шакллари ҳамда ўзига хос хусусиятлари таҳлилини амалга оширдик. Олиб борилган таҳлиллар шуни кўрсатдики, ҳозирги ахборот макони субъектлари ошиб бораётган даврда, телевидение давлат ва жамиятни ўзаро боғлаб турувчи восита макомидан ахборот тарқатувчи аъъанавий манбага айланиб қолди. Шунингдек, давлат телеканаллари аудиторияси кундан кунга камайиб бормоқда.

Ўз навбатида, хусусий телеканаллар замонавий ахборот технологиялари ютуқларини инобатга олиб, ахборот тарқатишнинг оммабоп механизмлари билан, хусусан, интернет ва ижтимоий тармоқлар билан ўзаро ҳамкорликда иш олиб бориб ўзининг мўтадил аудиториясини шакллантира олган. Шу ўринда, хусусий ТВнинг аҳоли сиёсий онгини, маданияти ва тафаккурини оширишга қаратилган кўрсатувлари сони, микдори ва сифати қониқарли даражада эмас. Шунингдек, бу йўналишда хусусий телеканалларнинг узоқ муддатга мўлжалланган ривожланиш стратегияси ҳам йўқ.

#### АДАБИЁТЛАР:

1. Пахрутдинов Ш. Таҳдид – ҳалокатли куч. – Т.: «Akademiya», 2001.
2. Эргашев И. Глобаллашув ва ғоявий-мафкуравий таҳдидлар. –Тошкент.: Университет, 2021.
3. Омонов Б.А. Ренессанс: шаклланиши, ривожланиши ва муаммолари ечими. Марказий Осиё ренессанси журнали, 2022 3(1), 49-54 б.
4. Лассуэлл Г. Политика: кто достигает чего, когда и как?. - Москва : Институт научной информации по общественным наукам РАН, 2023.
5. Хабермас Ю. Теория коммуникативной деятельности. Том первый. Рациональность действия и социальная рационализация. Том второй. К критике функционалистского разума / пер. с нем. А. К. Судакова. — М.: Весь Мир, 2022.- 880 с.
6. [Володенков С.В. Интернет-коммуникации в глобальном пространстве современного политического управления: навстречу цифровому обществу](#) издательство. [Проспект \(М.\)](#) , 2021, 416 с.
7. D.Freelon, C.Wells. [Disinformation as political communication](#). Political communication 37 (2), 145-156, 2020.
8. Ражабов Ҳ.И. Давлатнинг ахборот сиёсати: халқаро тажриба ва Ўзбекистон амалиёти, фан доктори диссертацияси автореферати, Тошкент 2024.
9. Джумаев Р. Сиёсий ислохотлар стратегияси.–Тошкент: Академия, 2010.
10. Турдиев У.Р. Марказий Осиё минтақасида киберхавфсизликни таъминлашнинг ижтимоий-сиёсий жиҳатлари. Сиёсий фанлар бўйича фалсафа доктори диссертацияси автореферати, 2023.
11. Бўтаев У. Ўзбекистон миллий манфаатларини таъминлашнинг концептуал асослари, монография. Тошкент, 2021.
12. Таджиев Ш. “Мягкая сила” во внешней политике Республики Узбекистан на современном этапе. Т.: 2020

## КРЕАТИВТІ МОДА ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ МАКРОҮРДІСТЕРДІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Абдраев М.,**

*Баспасөз және электронды БАҚ  
кафедрасының аға оқытушысы*

Кез келген мемлекет өндірістік даму қарқынымен елдің әл ауқатын көтереді. Ол біріншіден, экономикалық іскерлік пен еңбек нәтижесін көрсетсе, екіншіден, техникалық және технологиялық ғылыми жетістіктердің көрсеткіші. Бұл креативті экономика делінеді. Адамның ақыл ой мүмкіндігінің шексіздігіне бостандық кеңістігін беру. Халықтың, елдің пайдасына шешілген ішкі, сыртқы өнімділікті қарқынды дамыту әрбір қоғам мүшесінің міндетіне жататынын ескерсек, өнерлі ойшылдардың жеке құндылықтарын басшылыққа ала отырып, экономикалық бағытты индустриялық және экономикалық салада өнертапқыштық қасиет арқылы өркендету жобасына қол жеткізуге болады.

Шетелдік тәжірибеге назар салсақ, адамдардың бойындағы өнер атаулыға ден қойып, оның ғылыми жолда қалыптасуына мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, көңіл бөлінеді.

Алайда, ақыл ой жігерінің еркіндігіне жүгінген жекешіл адамдар мұндай жетістікті алғашқыда пайда табу мақсатында ойластырса, келе, келе өнімділіктен өндірістік масштабқа өтеді. Демек, дамудың белгілі бір кезеңдерін практикалық машықпен шыңдайды.

Креативтілік кәсіпкерлік деген мағынаны білдіреді. Экономикалық стратегиялық өркендеудің мақсатты пішіні. Келешекте оның ұлғайтылған көлемдегі халықаралық, еларалық экономикалық өндірістік мәртебесі артуы заңдылық. Дейтұрғанмен, бұл мәселе төңірегінде әлі де пікір талас, қайшылықтар бар. Себебі, шағын креативтілік отандық саяси экономикалық келісім мен мемлекеттік жобаның ішкі құрылымына енгізілу мерзімімен тікелей байланысты.

Алайда, экономикаға өзіндік үлесі бар ұлттық серпілістің бір көрінісі креативтілік. Қай салада болмасын өзекті мәселенің төңірегінде ұйымдастырылған шаралардың халықтық сипаты болады. Сондықтан, адамдардың ойлау жүйесінің дамуы білгілі бір мезеттерден ғана емес, жалпы қоғамдық өзгерістер тарапынан болып жатқан әлеуметтік жаңашылдық ағымының ілгерілеушілігінен туындайтыны хақ.

Креативтілік әр адамның бойынан табыла бермейтін өнер. Оның қоғамдық және әлеуметтік маңызына ой салсаңыз, елдік, халықтық мүдде туындайды. Ой мен адам бойындағы қабілеттіліктің артуы әр кез ортақ қажеттілікке айналған. Түрлі механизмдерді басқару креативтіліктің ғана емес, тұлғалық өнердің келешегін байқатады. Ой, ойдың психологиялық қатысымы мен индустриялық механикалық жүйенің құрамдастығы, білгілі бір ілгерінді ырғақ мен қимылдың мазмұнды іс әрекеттілігін танытады.

Бүгінгі қажеттілікке орай жаңаша технологиялық қолданыс заңдылығы өріс алды. Соның негізінде әлеуметтік өндірістік мекемелер дүниеге келе бастады. Адам санасының жетістігі қоғамдық стратегиялық, экономикалық, қаржылық жобалардың мәдени техникалық өзгерістенуіне әкелді.

Елдің экономикалық қарқынына қуат қосып, жаңа сипаттағы ойлау жүйесінің еркіндік алуы, ел өміріне басқа қырынан көзқарас танытуға мүмкіндік тудырады. Логикаға сыйымды теориялық ойдың шешімді нәтижесіне жете білетін креативті жастар локомотиві қазіргі заманның ойшылдарының міндетін атқарады. Демек, ой тәрбиесінің абзалдығы елдің тұтастығы мен экономикалық, өндірістік мәселелер тұрғысынан дербестілікке және креативтілікке жол аша түседі. Бұл ұғымның тереңдігі турасында айтар болсақ, өзін өзі басқарудың насихатын ғана емес, дамудың әлемдік қауымдастықта да алар орны айырықша екендігін баса айтуға тиістіміз. Себебі, макроүрдіс шағындылықтан кеңөрісті индустриялық кеңістік панорамасына айналуы заңдылық тудырады. Қазіргі нарықтық тәжірибенің артықшылығы да осындай игілікті істермен байланыстырылады.

Бүгінгі үздіксіз үрдістің заманауилығы адамзаттың өмір сүру қажеттіліктеріне бағытталғандықтан креативтілікте тұлғалық қасиетті тану адам факторының мәселесіне жатпақ. Ол өз алдына динамикалық өзгерістердің, танымдық дүниелердің қыр сырын ашуға мүмкіндік әкеледі. Сондықтан, білім мен іскерліктің сапасын сабақтастырудағы мақсат пен міндет қоғамдық қозғалысқа енген жаңа идеялардың жүзеге асуына жобалық мүмкіндіктер беру.

Талант пен дарындылықтың табиғи үрдісі тіршілік пен өмір заңдылығының көрінісі. Біліктілікті кәсіби жетістіктерге пайдалану адамның тұлғалық танымын да аша түседі. Соның негізінде адам әлеуметтенуіне түседі. Қоғам мен өндірістік қатынас сана қозғалысына әсер етпей қоймайды. Демек, ой тұжырымының жетегіндегі бірегей қасиеттілік басқаша ойлау мен жаңаша сипаттығы құрылымдардың өмірге енуіне түрткі болады.

Адам жаңаруды өзінен бастайды. Алайда, дағдарысқа (деградация) ұшырауы әбден мүмкін. Дейтұрғанмен, дағдарыссыз серпіліс те болмайды. Бұл жаңару процесінен туындайтын физиологиялық құбылыс. Заттың адам санасындағы тұтастығы. Яғни, белгілі бір басқаша ойдың қаумалауымен ойдағы жаңа бейненің құрылымдарына әртүрлі көзқараста аялдап қалу. Мүмкін болуы деген сияқты сенімсіздік тоқтамға әкеліп, ішкі әрекет заңдылықтары түйсік арқылы қайталап ойлау мотивтеріне оралады. Сана ұғымында сақталған бастапқы қиял тіркестерінен шындық тудыратын белсенділік іздестіріледі. Креативті ықыластың төмендеуі қайта өрлеу әлеміне эмоциялық темпераменттің тежеусіздігінен болуы әбден ықтимал. Сондықтан, жағымсыз ойлардың жаңашылдық прогресіндегі кері риторикасын аңғарып, сабыр мен салмақтың, байсалдылықтың креативтілігін сезінеді. Демек, заттың немесе ойластырған дүниесінің нәтижелілігіне қайталап басқаша қырынан келеді. Ақыл сезімге тән әрекеттілікті біріктіруде өзіне деген нанымдылықты пайымдау арқылы, іс әрекеттің қайта өңделуіне бастапқыдан гөрі басқаша мәнде, яғни, интелектілік тәжірибесімен кемелдену дағдысына көшеді. Өзі ойластырған механизмді бірлестірудегі мұқтаждықты сезінеді де оның өнімділік дәрежесіне, сапалық стандартына жеке, жеке ақпараттық сипат береді. Дәл осы сәтте ол, яғни, креативті тұлға өзінің жағымсыз ойларымен күресіп, кері эмоцияларға соқпағысады. Бұл процесс, оның іс әрекетіндегі және ой сана прогресіндегі тежелісті аңғартады.

Демек, санаға серпіліс тудырайтындай аз, кем уақыт дамылдауға тура келеді. Ми мен түрлі эмоциялық байланыстардың арасында алшақтық пайда болады. Бұл кері психологиялық әсер береді. Адамдардың «шаршап кеттім», - деуі де осындай физио - психико құбылыстардың клиникалық құбылымдарынан келетін регресс. Яғни, деградациялық үстемдік. Өзгеше сипаттағы басқаша ойлау ойдың үнемі қозғалыстағы динамикалық әрекетін көрсетеді. Ойдың абстрақтылығы болуы әзірше бейнелі құрылымдардың жүйесіздігін танытады. Неге? Себебі нәтижелі зат, өнім әлі санада бейнеленген жоқ. Ешқандай ұғым тудыруарлық сезім орнықпады. Креативті ойлау дегеніміздің өзі осындай кереғарлықтан ілгерілеуге көшеді. Әр заттың бөлшектік функциясы, түр мен түсі ақпараттық нышанға ие болуы тиіс. Бұл қолдану мен тұтынудың артықшылығы дейтін болсақ, ол ойдың прогресивтілігінен, сананың креативтілігінен деген шешім қабылданады. Креативті мода, яғни, басқаша ойлап, жаңаша модельдеу, индустриялық өнімнің макроурдісі болып танылады. Креативті ойлау сана болмысының жемісі болғандықтан өнертанушы, өнертапқыш тұлғаның жеке өндіруші ретінде құқықтық мансабы да болады. Ол заңдастырылғанда ғана жеке кәсіпкерлік мәртебесін иеленеді.

Жаңа идеяларды табу бір басқа да оны басқару бір басқа. Мұнда ойлау дағдысы мүлдем басқа элементтердің жиынтығының құндылығын танытады. Адамның қабілетінің шексіздігі қиял дүниесімен астасып, басқа түрде ойлау кеңістігін меңгеруі, оның шығармашылық қабілетінің артуына және таным қасиетінің ерекшелігін нақтылайды. Жаңалық әкелу оның тарихи маңызын ғана тудырмайды. Қоғамдық қатынастағы ойшылдық және іскерлік дәстүрін танытады.

Сондай ақ ой мен сөздің бірлігі іс жүзіндегі динамикалық үдерісті тездетеді. Мұндай жағдайда креативті өнертапқыш білімділіктің интеллектуалдылығы белгілі бір мақсатқа жетелеп, ой бірлігін сақтайды. Шығармашылықтың тиімділігі жөнінде іштей тілдесім байланысы адамның философиялық ойшылдығына түрткі болады.

Тілдің құрамы жүйелі ойдың формасын тудырады. Себебі, өзіміз айтып жүргеніміздей тіл динамикалық құрал. Ой мен сөздің бірлігін құрайтын тіл аргумент болып есептеледі. Яғни, дидарласу мен пікірлесуге тартатын бастапқы көмекші құрал тіл. Демек, тілдің айшықтылығы ойдың да анықтығын ашып, креативтілік идеясын түсінісудің ықпалы артады.

Ойды тілмен бейнелеп, тілмен суреттейді және ұсыныс пікірлердің жиынтығынан тұратын келелі мәселелер де айту мақсатымен орындалып, ілгері жылжуға себепкер болып тұрады. Демек, тіл креативтіліктің ықпалдылық тынысын аша түседі.

Білім сапасын арттыруға креативтілік стратегиялық бағыт. Кәсіби деңгейі жоғары мамандар даярлау күн тәртібіндегі мәселе. Ел мүддесіне лайықты жас мамандар әзірлеу қоғам талабы. Бұл мелекеттік, халықтық, елдік мүдде. Кәсіби белсенділік пен креативтілікті қатар алып жүру алдымен мамандықты игеру мен ізденістің және гуманитарлық мінез құлықтың маңыздылығында екенін ескерсек, осындай мүдделестік стратегиясын да естен шығармау ләзім. Саяси құрылымдар мен қоғамдық байланыстылықтың мән мағынасын ажырата білу және қайта бағалау мен көзқарастардың орнықтылығы теория мен тәжірибені сабақтастырудың ең негізі болып табылады. Демек, талапкер тұлға өз мақсатымен қатар мемлекеттік іс жоспар мен коммуникациялық модулына да өз үлесін қосады. Әлеуметтік сана мен қоғамдық құрылымдардың жүйесіне білімі арқылы септігін тигізу және өркендеушілікке бетбұрыс жасау. Аталған бағыт көкейтесті және моралдық тұрғыдан жан жақтылық пен ыждахаттылықты алға тартты.

Креативтілік мәдени шығармашылық және материалдық бағытта қарастырылады. Мәдени шығармашылықтың көркемдік, идеялық элементтері болады. Шығармашылықтың интеллектуалдылық бағытындағы мәдени элементтері, материалдық креативтілікпен қарым қатынастылықпен байланыста болса, бірін бірі толықтырып, қоғамдық өрениеттілік дами түседі. Екі бағытта да бизнес капиталдың көрсеткіші бәсекелестілік қабілетімен танылып, шикізат пен материалды өнімділіктің қорына айнала бастайды.

Мәселен, еліміздің аймақтарындағы жаңа өндірістік құрылымдар мен талап тұрғысындағы ғимараттар, жол құрылысы бөліктері мен айналма көпір және басқалай салынып жатқан жоспарлы инфрақұрылымдар бүгінгі күннің өркениеттілік ережесі.

Жаңа медиалық, коммуникациялық шығармашылық өнері мен визуалды дизайнның ақпараттық және идеялық цифрлық өрнектері басқаша тартымдылық сипатымен көпшілік назарын аударады. Архитектуралық реттіліктер, жарнама пішіні, сәнді үлгілердің, телеөнімдер мен театрлық қойылымдардың, басылым беттеріндегі жаңа медиалық графикалар, тағы өзге де идеялық мансабы жоғары интеллектуалды дүниелердің бетбұрысы бәсекелестіктің рухани және материалдық ресурсы болып есептеледі.

Ойлау жүйесі дүниені тану адамның танымдық қабілетін арттыратын категория. Ойдың белсенді қызметі сананың тұтастығымен бірлігін сақтай отырып, шығармашылыққа, басқа табиғи заңдылықтарға тарта отырып ширай түседі. Біз креативті ойлау дегенімізбен оның күрделі құбылыс екендігін аңғара бермейміз. Себебі, еліктеушілік пен қиялгерлік басым болуы мүмкін. Алайда, арманшыл болу шындыққа жақындата түседі. Демек, креативтілік өмірге жаңа қадамның бастауы. Шығармашылық тұлға ой сананың бірлігімен дүниені танып, меңгерген сайын оның тіл байлығы арта түседі және сөз бен сөйлемінің көркемдік қолданысы арта түседі. Бұл қатынас мәдениетінің жетілуіне жетелейді. Ұтымды сөйлеп, ойын дәл жеткізуге машықтанады. Дербес, тұлғалық қасиет, қабілеті де төселіп, рухани тілдесімін нығайтады. Яғни, тұлға, шығармашылық, дарындылық, қабілет сабақтасқанда креативтілік деңгейі биіктейді. Демек, ойды жетілдіру, қоғамдық ортаға қалыптасу, тұлғаның шығармашылық бейімін танытып, келешек өмірге деген сенімін арттырады. Жаңа мүмкіндіктерге, рухани өзгерістерге ұмтылары сөзсіз. Өзіндік орта құрып, басқаша келбет, ерекше ойлау, айту, сөйлеу дағдысын меңгереді. Айталық, Әбіш Кекілбаевтың «Алыстағы асылды іздейміз, тасадағы таңсықты көрмейміз»,- деген сөзі бүгінде афоризмге айналды. Ойға қонымды, шындыққа желеу, дәлме дәл айтылған креативтілік ұғымындағы сөз. Эмоция тудыратын патриоттық сезімге селкеу, ой санаға қоғалыс енгізетін қағида іспеттес. Философиялық мағына тудырып тұрғандықтан, мұндай сөздің идеялық басымдығы ешқашан жойылмайды. Уақыт пен кеңістікті толық қамтып, жаңа ойлар мен идеяларға тарта түседі. Бір мағынасында талапшылдық жасырынып тұрса, екінші бір есебінде материалдық, рухани креативтіліктің үлгісі тұр. Бұл ой мен шығармашылықтың көркемдік сапасын сабақтастырып, интеллектуалдылық ықпалын күшейте түседі.

## **ТӨЛ БАСПАСӨЗ ТӨРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ҚИСЫНЫ: КӨК ТҮРІКТЕН КЕЗЕҢІНЕН МӘҢГІЛІККЕ ДЕЙІН**

**Қастай Д.,**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Журналистика факультетінің оқытушысы*

Қазақ халқының дүниетанымындағы ұлттық идея тұжырымдамасы өте ертеден қалыптасып, біздің кезеңімізге өз мазмұнын жоғалтпай жетті. Оның бастаулары Түрік қағанаты замандағы «Күлтегін» жырынан сыр шертеді. Көктүріктер дәуірінің ойшыл-данасы Тоныкөктің «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» тастағы жазуда паш етіледі. Шүкір, «Мәңгілік елді арманының берік тұғырына айналдырған бабаларымыз жыр-өсиет етіп қалдырған аталмыш «Күлтегін», «Білге-Қаған», «Тоныкөк» тасқа қашалған мәңгілік ел ескерткіші болып бізге біршама түгел күйінде жетті» [1]. Тасқа қашалған баға жетпес мұраларымыздағы ұлттық идея мұраты тәуелсіз ұлттық журналистикада «Мәңгілік Ел» тақырыбымен жалғаса келіп, жалпыұлттық сипат алды. Мәңгілік ел – ата-бабамыздың ұлы арман-мүдделері. Ғалым, филология ғылымдарының докторы, зерттеуші-профессор Сартқожаұлы Қаржаубай ағамыздың «MANGI EL» атты дүниежүзіне тарайтын тарихи әрі ғылыми-көпшілік журналында:

«Мәңгілік ел — заманында үш бірдей қағанның кеңесшісі болған түрік жұртының атақты данагөйі Тоныкөк негізін қалаған идея», деп атауы бекер емес [1, 2-3 бб.].

Дегенмен, қазақ хандығы этникалық тұтастықта бас құрап, ұлт ретінде қалыптасқан заманнан кейінгі баспасөзіндегі ұлттық идея тақырыптары алғаш «Қазақ» баспасөзінде ұшыраса бастады. «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы – ұлттық идеяны орнықтырып, қазақ азаматтары, халық өкілдері танымындағы саяси сананы жаңартудың киелі ошағы болды. Журналист, дарынды жазушы Жүсіпбек Аймауытов газеттің қызметіне: «Ұлтымыз бар екенін, еліміз-жұртымыз бар екенін, жұртымыз қатарға кірмей, теңдік жоқ екенін... сезгелі, «ұлтқа құрмет қылайық» дегелі бес-алты-ақ жыл болды. Әрине, бұл оянуға 1905-інші жылғы толқын, тағы әртүрлі түрткілер қамшы болған шығар; көбінесе ес кіргізіп оятуға, ұлтты танытуға себеп болған – «Қазақ» газетасы»– деп баға береді [2]. Алашшыл саясатты қолдаған басылым 1917 жылы 24 маусымдағы санында Алаш партиясының бағдарламасын қайраткерлер Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Есенғали Тұрмағанбетов, Елдес Ғұмаров, Ғабдулхамит Жүндібаев, Ғазымбек Бірімжановтың қолтаңбасымен жариялап, Алаштан шыққан зиялы қайраткерлердің сан-салалы әрі тынымсыз жүйелі ізденістерін, ортақ көзқарастарын, ұлттық сананы, қазақы педагогиканы дамытып, күшейтіп, халықты өткен ғасыр өткелегінде қауіп-қатер мен қараңғылықтан сақтауда ықпалды болды. Алаш зиялыларының өзі ұлттық идеяның қандай тарапта өріс алып, қай бағытта қалыптасуы қажет екендігін көрсетіп берді.

Мысалы, 1913 жылы «Қазақ» басылымының ең бастапқы нөмірлерінің бірінде жарияланып, қазақ халқының бастан кешкен ауыртпалығы мен тарихы турасында жазылған мақалада «Қазақ ішінде әр үйдің отағасысы, әр ауылдың ақсақалы тұрған бір шежіре. Бұрынғы өткен-кеткеннен естіген, білгені болса, кейінгі жастарға соның бәрін айтып отырды» деп ұлттық тәрбие тұрғысындағы әрбір шаңырақтың жауапкершілігі мен ата-ананың міндетін атап көрсеткен. Рас, әрбір қоғам мүшесінің ұлтының, елінің алдындағы перзенттік міндеті, сөзсіз отбасындағы тәрбиеден бастау алады. Дәстүрлі этнопедагогика арқылы ұрпақтың санасын, ой-өрісін қалыптастыру перзент тәрбиелер әр мемлекетке ата-ананың тигізер пайдасы болып есептелмек. Рухани сана – әлеумет алқабындағы ұлт бітімінің және ел мүддесінің сұраныстарына сай жалған мен ақиқатты ажыратып, ел ішіндегі мығым дарын иелері мен білімділерін шығарып, оларға бағыт-бағдар сыйлайтын ерекше құндылық. Осылайша, «Қазақ» әрбір шыққан жаңа санында қазақты адамгершілікке, рухани жақындыққа, еңбекқорлыққа, озық парасатқа тәрбиеледі. «Қазақ» алашшыл саясатты жүргізудегі үгіт-насихаттық қызметімен, ел арасына ресми түрде ұлттық идеяны ұғындыруымен жетекші басылымға айналады. Қайраткерлер газеттің №1 санында «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десеңдер, азаматтар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенінше істеп кетелік», – деу арқылы оқырмандарға ой туындатып, пікір қалыптастыруда үлкен философиялық мән-мағына және берік іргелі ел болуға деген ұлттық мұрат идеясы бар. Бұл реттегі Ұлттық идея – ұлттық айтулы да маңызды тарихи шақта өзін өзі табуынан, тануынан байқалатын ұлттық санада айрықша маңызға сұранған көзқарастардан тұрады.

Профессор, алаштанушы, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі Мәмбет Қойгелдиев: «Осы уақытқа дейінгі тарих және басқа қоғамдық ғылым салаларында қазақ оқығандарының советтік кезеңдегі қызметіне баға беруде негізге алынған өлшем – олардың болшевиктер идеологиясын қабылдауы немесе қабылдай алмауы болып келді. Ал олардың ағартушылық идеологиясына иек артуы, қоғамдық даму мен өзгерістерге осы көзқарас тұрғысынан қарауы сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамының жалпы даму деңгейін, ішкі талап-тілегінен туындаған толық негізді құбылыс екендігі есепке алынбады. Бұл партиялық ұстанымдағы тарихшылар үшін Қазақстан ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік ерекшеліктері бар қоғам емес, бар болғаны империяның артта қалған болар-болмас өзгешелігі бар шет аймағы ғана еді. Қазақ оқығандарының дербес саяси күш ретінде белсенді қоғамдық күреске араласуы 1905 жылдан басталды», – дейді [3, 3 б.]. Қазіргі зерттеушілер бұл ұғымның екі қырына баса мән береді. Бір жағынан, қауымдастықтың өзін-өзі ұлт деп танып, түйсінуі, екінші жағынан оның ерекше тарихи адамдар қауымдастығы ретіндегі өз көзқарастары, ұстанымдары, құндылықтары жайлы жалпақ әлемге жар салуы [4]. Ұлттық мәдениет пен ұлт интеллегенциясы сарбаздарының кейінгі буынға жолдап, жеткізіп отырған рухани әрі әлеуметтік қызметінің мәнін ұлықтау – кезек күттірмейтін мәселе. Ұлттың өзін өзі тануында және оны өзге қауымдастыққа айқындаудағы жетекші ерекшеліктер ақпарат арнасы – баспасөз беттерінде әлеуметтенуімен маңызды құбылыс болды. Рухани байлықтар тоғысындағы түсініктер баспасөз беттерінде алғаш жарық көрді.

Егемендік алған жылдардағы қазақ баспасөзінде біртұтас ұлт болу идеясын жақтап, жалынды көзқарастарымен көзге түскен Герольд Бельгер болды. Ол «Идеология дегенді ұмыттық-ау, ағайын!»

деген мақаласында: «Тәуелсіз ел болған соң, дербес мемлекет атанған соң, идеология болуы керек. Идеологиясы жоқ елдің, халықтың, ұлттың несі ел, несі халық, несі ұлт?» – деп жазды. БАҚ-ты идеология құралы ретінде қолдану – мемлекеттің саяси процестерін барлауға, бұқаралық талқылауға, танытуға мүмкіндік береді. Әлеуметтанушы Эрих Фромм өзінің «Азаттықтан қашу» кітабында (1941) адамның шұғыл қажеттіліктеріне негізделмеген идеялар адамның іс-әрекеті мен оның бүкіл өміріне өте әлсіз әсер ететіндігін атайды. «Идея белгілі бір әлеуметтік топтардың шұғыл психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандырған жағдайда ғана тарихтың белсенді күші бола алады» дейді. Неміс философының бұл сөздері ұлттық идеядан не қалайтынымызды түсіну үшін өте маңызды түсінік. Мемлекет және қоғам қайраткері, саяси ғылымдарының кандидаты Берік Әбдіғалиұлы «Жас Алаш» басылымының 2007 жылғы санында: «Қазақи жаңа иденттілікті орнықтыру үшін, алдымен жауапкершіліктің әлеуметтік түрін көтеріп, сезіне алатын алатын зиялы қауым, жаңа элита қажет. Қазақстан мемлекетінің демократиялық бағытта дамуын бұл элита жеке адамгершілік тұрғыдан таңдауға деген бейімділігін көрсетуі тиіс» деген азаматтық пікір білдіреді [5]. Ұлттық идеяны мемлекет, қоғам және жеке тұлға деңгейінде жүзеге асыру Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы ұлттық стратегияны, қазақи тактиканы танытады. Сондықтан, ұлттық идея мемлекет те, әр адам да қабылдап қана қоймай, күнделікті жүзеге асыратын идея болуы қажет. Баспасөздегі елең-алаң жүрген 2004 жылғы тамызда жарыққа шыққан «Қазақстанская правда» басылымында қайраткер, журналист Мұхтар Құл-Мұхаммедтің аса көлемді әрі ғылыми ортаға ғана емес, көпшілік әлеуметке арналған «Ұлттық болмыстың негізі» деп мақаласы басылды әрі бұл туындыда ұлттық идея тақырыбы ана тілмен байланыстырылады.

Автор мынадай түйінді ойлар айтады: «Тіл қашанда ұлттық идеяның басты құрамдасы және мемлекеттік идеологияның негізі болды. Оның үлгілерін қазіргі заманғы тарихтан көптеп келтіруге болады» [6]. Автордың осы санамалап аталған деректері бізге ұлттық идеяның қаншалықты маңызды екендігінің, соның ішінде мемлекеттік тіл мәртебесін нығайту жұмыстарын тоқтатпаудың ұлтаралық татулықтың негізгі тұтқасы мен басты факторына айнала алатындығын көрсетеді. Біздіңше де, Қазақстандағы этностар мен қазақ халқының байланысын дамыту мен жандандырудың тіке жолы – мемлекеттік тілдің дамуы, қоғамның әртүрлі саласындағы қолданысына жан бітіру жұмыстары. Бұған тек қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдары ғана емес, ел аумағында ақпарат тарататын барлық бұқаралық ақпарат құралдары ат салысуы тиіс. Олар өздерінің ақпараттық саясатында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтетін түрлі мультимедиалық жобаларды, ақпараттық науқандар мен білім беру ісін, ағартушылық сипатындағы контенттерді өндіріп, бұл үрдіске үлес қоса алады.

Философия ғылымдарының докторы, профессор Төлеуғали Бурабаев: «Мемлекеттік тіл – «Мәңгілік Ел» идеясының негізі, өзегі. Мемлекет билігінің құдіреттілігі мен күштілігі қазақ тілінде сөйлеуімен өлшенеді... Мемлекеттік тілде сөйлеу қазақ халқының ішкі бірегейлігін нығайтып, өркениеттік, мәдени бағытын арттырады. Тіл - ұлттың мәдени коды, ойлау және таным, дүниеге қатынасының, құндылықтарды бағалай білу жүйесінің коды. Сонымен бірге, тіл – билік, үлкен саясат», – деп осы пікірді нақтылай түседі [7].

Бұқаралық ақпарат – бұл әлеуметтік ақпарат. Ол кең аудиторияға ие, уақыт пен кеңістікте таралып, техникалық құралдармен, шығармашылық шешімдермен ұсынылады. Бұқаралық ақпарат әлеуметтік процестерді көрсетеді және оның мақсаты – адамдарды басқару арқылы қоғамды немесе оның ішкі жүйелерін басқару. Бұқаралық коммуникациялар өзінің әмбебаптығы мен жан-жақты болуына байланысты әр жаңа буынның келбетін қалыптастыра алады. Қазақстандағы бұқаралық коммуникациядағы ұлттық-этникалық тақырып-тардың негізгі мәйегі – ұлттық сана. Елдегі татулық пен тұрақтылықты, береке мен бірлікті нығайтудың негізгі түпқайнары ұлттық санаға келіп тіреледі. Оған барлық мемлекет, қоғамдық институттар, үкіметтік емес ұйымдар, мектептер, жоғарғы оқу орындары, азаматтар жұмылуы керек. Әрбір азамат осыны сезінуі, түсінуі арқылы ұлт санасы да өседі. Заманауи шешімдер мен мемлекеттің саясаты – ұлттық идеяның негізгі жаңашыл сипаты, берік сана, тың көзқарастар, ұлттық сапамен өмір сүруге деген ізденістердің шешімі.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Сыдықов Е. «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы // – Алматы: «Pride Print» 20-21 бб. 2013.
2. Аймауытов Ж. //Абай, 2 қазан, 2013.
3. Қойгелдиев М. Алаш қайраткерлерінің азаттық идеясын қалыптастыру қызметі // Мақала, Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы: Қазақ университеті, 3-б. 2019.
4. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, ISBN 9965-32-491-3. 2010.

5. Әбдіғалиұлы Б. //Жас Алаш. 19 шілде, 2007.

6. Кул-Мухаммед, М. Основа национального бытия [Текст] / М. Кул-Мухаммед // *Казахстанская правда*. - 2004. - 20 авг. - С. 4-5.

7. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы философиялық талдауды қажет етеді - Бурабаев Т. Дереккөз: [https://www.inform.kz/kz/mangilik-el-ulttyk-ideyasy-filosofiyalyk-taldaudy-kazhet-etedi-professor-t-burbaev\\_a2745138](https://www.inform.kz/kz/mangilik-el-ulttyk-ideyasy-filosofiyalyk-taldaudy-kazhet-etedi-professor-t-burbaev_a2745138). 15 ақпан, 2015.

## ҚАЗІРГІ АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ СҰХБАТ ЖАНРЫНЫҢ СИПАТЫ МЕН СЫНДАРЛАНУЫ

**Қастай Д.,**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультетінің оқытушысы*

**Аннотация:** Аталмыш мақалада сұхбат жанрының заманауи ерекшеліктері, сын-сипаты мен ұлттық береді қарастырылады. Автор төл тележурналистиканың даму динамикасы мен журналистердің шығармашылық ізденістерін зерделеп, сұхбат жанрының форматы мен типологиясын жіктейді. Сандық арналар мен әлеуметтік медида кең танылған подкастинг мен түрлі бағдарламалардағы сұхбат құру, сұхбаттасу сипаттарына тоқталады.

**Кілт сөздер:** сұхбат жанры, тележурналистика, подкастинг, ютубхостинг, телеформат, ақпараттық кейс.

Қазақ телевизиясындағы бағдарламаларға өзек болған сұхбат жанрының трансформацияға ұшырап отыруы – заңдылық. Сұхбат – жанды жанр. Әсіресе, демократиялық құндылықтар мен ұлттық саясаттың қисынында қалыптасқан сұхбат жанрының төл түрі өзінің тәлім-тағылымдық, рухани құйқалық құнын сақтай отырып түрленеді, заман ықтасынында түрөзгеріске ұшырап отырады.

Қазір аудитория видеохостингтердегі телеөнімдерге краудсорсингтік қалыпта жауап қатты. Мәселен, «Жетісу» телеарнасының «Қателік» хабарыны көптеген пікірталастардың платформасына айналғанын байқауымызға болады. Бейнесұхбатта сөзі салмақты Смағұл Елубай, Жанарбек Әшімжан, Аманхан Әлім, Қайрат Жолдыбай, Серік Жанболат, Ермек Тұрсынов сынды әр сала майталмандарының «Қателік» ақпараттық концептісін өзінше бағалаған сандары бар. Бұл хабарды сұхбат жанрының телеэссеге мән үстеуші нұсқасы ретінде қазақ телевизиясының өзіндік бояуы екендігін айтуымызға болады. Себебі, қазақы санаға сіңген әңгімешілдік-қиссашылдық дәстүрді камера алдында сұрақпен икемдеу, сұрақпен тұлғаны толғандыруға, ой айтуға икемдейді.

Үлкен деректер және деректер журналистикасы негізінен, пайдаланушының жеке өміріне қол сұғылмау, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етпеу, үлкен деректердің журналистер агенттігін жою, үлкен деректерге барлығына бірдей қолжетімділік сияқты әртүрлі мәселелерде кездеседі. Пайдаланушының құпиялылығы мәселесі үлкен деректерге қатысты ең қиын этикалық мәселелердің бірі болып табылады. Дана Бойд пен Кейт Кроуфорд үлкен деректер этикалық проблемаларды әкеледі дейді; деректер жалпыға қолжетімді болғандықтан, зерттеушілердің рұқсатсыз пайдаланушыдан

алынған мазмұнды пайдалануы сияқты кейбір салдары бар. Сұралса, пайдаланушылардың көпшілігі өз мазмұнын басқа жерде пайдалануға рұқсат бермейді. Сондай-ақ, пайдаланушылардың басым көпшілігі өздері шығаратын мазмұнды сақтай алатын алгоритмдерді білмейді. Сондықтан, зерттеушілер этикалық әрекет ету үшін, олар зерттеу көздеріне өздерінің жауапкершілігін түсінуі керек. Адам негізіндегі зерттеулерді жүргізген кезде академиктер этика комитеттерінен рұқсат алады. Дегенмен, көптеген этика комитеттері үлкен деректерді өндіру және анонимдеу процестері деректердің жеке тұлға ретінде анықталатын проблемасын тудыруы мүмкін екенін түсінбейді.

Адамға қатысты зерттеулер мен журналистика мамандығының арасында үлкен деректерді пайдалануда айырмашылықтар болғанымен, адамға қатысты зерттеулерде ұстанатын ережелер журналистика мамандығына да негіз бола алады. Өйткені журналистер де бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты келісімді алуда қиындықтарға тап болады. Көбінесе деректердің барлық қатысушыларымен байланысу мүмкін емес; өйткені деректер тым көп. Егер үлкен деректерді пайдаланатын журналистер немесе зерттеушілер осы деректермен айналысатын адамдарға белгілі бір ақы төлеуді талап етсе, өте үлкен деректердің өте аз ғана бөлігі болып табылатын бұл пайдаланушыларға төленетін төлем өте төмен болады; бірақ, мысалы, адамның бүкіл іздеу тарихын әлемге ашу сезімі таң қалдырады. Бұған қоса, егер журналистер желілік қауымдастыққа зерттеу жүргізсе, олардың жай ғана бақылауы қауымдастық немесе қауіпсіздік сезімін бұзуы мүмкін. Журналистің өз зерттеуін виртуалды қауымдастықтың барлық мүшелерінің рұқсатымен жүргізуі құпиялылықтың этикалық мәселесін жояды; дегенмен журналистің жеке адамдармен байланысып, рұқсат алуы мүмкін емес. Осы себепті журналистердің үлкен деректерді пайдалануы өте қиын. Бұл мәселені тудыратын факторлардың бірі пайдалану келісімдері болып табылады.

Пайдалану шарттары пайдаланушылардың барлық жеке мәліметтерін сақтауды заңдастыруға негіз қалайды. Әлеуметтік медиа қолданбаларының немесе әртүрлі виртуалды қауымдастықтардың мүшесі болғысы келетін пайдаланушылар мүшелігін аяқтау үшін соңғы кезеңде «Мен қабылдаймын» түймесін басу керек. Жалпы қабылданған пайдалану келісімі сонымен бірге әртүрлі мәселелерді, соның ішінде құпиялылықты бұзуды әкеледі. Пайдаланушылар бұл келісімдерді шынымен қалағандықтан емес, бұл платформаларға қосылудың міндетті шарты болғандықтан қабылдайды. Жеке деректеріңізді басқаруды басқа біреуге беру - бұл платформаларға қосылу үшін төленетін баға. Қысқасы, пайдалану келісімдері жеке деректерді бақылауды басқаларға беруге заңды түрде мүмкіндік береді.

Ол тіпті аты немесе әлеуметтік қауіпсіздік нөмірлері сияқты кейбір жеке ақпарат негізінде және әртүрлі жеке ақпаратты біріктіру арқылы пайдаланушылар туралы файл жасай алады. Сонымен қатар, жеке деректерге ие адамдар жеке тұлғалар туралы әлдеқайда жеке ақпаратқа қол жеткізе алады. Мысалы, бұрын компаниялар жазда Техаста қандай түсті көлік ең көп сатып алынғанын білуге қуанса, бүгін олар сіздің отбасыңыздың өткен жылы қанша тіс пастасын сатып алғанын білуі мүмкін. Олар сіздің күйеуіңізден бұрын жүкті екеніңізді білуі мүмкін. Үлкен деректермен жұмыс істейтін адамдар, белгілі бір мағынада, бақылау механизмін басқарады. Осылайша, екі пайдаланушының да құпиялылығы бұзылады және үлкен деректердің өте аз бөлігі болып табылатын бұл адамдар пайдалану келісімдерін бекіту арқылы олар қатысқысы келмейтін журналист зерттеуіне қатысуға мәжбүр болуы мүмкін, өйткені оларда дейін. Қысқасы, пайдаланушылар пайдалану келісімдерін мақұлдау арқылы өздерінің жеке деректерін платформа иелеріне береді.

Сонымен қатар, үлкен деректерге барлығы бірдей қол жеткізе алмайтынын және алгоритмдерді жасайтындардың билік иелері екенін ескерсек, журналистер үлкен деректерді тек билік басындағылардың мүддесі үшін пайдалануы мүмкін деген қауіп бар. Бұдан басқа, журналистердің шешім қабылдауын қабылдайтын алгоритмдер шын мәнінде азшылықты да, қоғамның көпшілігін де көрсете ме деген сұрақ туындайды. БАҚ иелері, журналистер мен коммуникация ғалымдары үлкен деректер, журналистика этикасы және журналистиканың болашағы туралы ойлайды; Олар бар этикалық проблемаларды қалай жеңуге болатынын бағалауы керек. Әйтпесе, үлкен деректермен туындайтын этикалық мәселелер бұрынғы мәселелермен тұжырымдалу арқылы өмір сүре береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Shtein H. Big Data, Big Problems: Emerging Issues in the Ethics of Data Science and Journalism. Joshua Fairfield Washington and Lee University. 2014
2. Kuutti H. Ethics of data journalism. Helsinki, Finland. 2016.
3. McBride. Rebekah E.D. The Ethics of Data Journalism. 2016.
4. Beyond Data Literacy: Reinventing Community Engagement and Empowerment in the Age of Data September. 2015

## DIGITAL ЖУРНАЛИСТИКА: МЕДИАНЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Атажан Д.,**  
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,*  
*Журналистика факультетінің 2-курс магистранты*  
**Ғылыми жетекші: Жақсылықбаева Р.С.**

XXI ғасыр жаңа технологиялық мүмкіндіктер заманы екені сөзсіз. Технологиялық жетістіктердің арқасында үйден шықпай-ақ әлемді аралап, қалаған затыңа тапсырыс беруге болады. Барлық керегінді қолыңдағы бір құрылғандан алып, күнделікті кеңсеге барып жүрмей, онлайн режимде жұмыс істеуге мүмкіндік бар. Бүгінгі күні сәби туылған сәттен бастап, ол зейнетке шыққанға дейін адамның өмірі жан-жақты цифрланған. Сәби дүниеге келгенде оның құжаттарын проактивті, яғни онлайн режимде рәсімдей де аласыз. Бұл мысал жаңа технологиялық жетістіктердің игілігімен мен әлемдегі цифрланудың бейнесін көрсетеді.

Дегенмен, технологиялық мүмкіндіктердің әр мемлекетте әртүрлі деңгейде екенін де ескере кеткен жөн. Еліміз заман ағымына сай болу үшін 2017 жылы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіткен. Осы бағдарлама негізінде еліміздің барлық саласы жаңа технологияларды пайдалана отырып, цифрландырыла бастады. Оның ішінде көп жылдары бойы керекті құжаттарын алу үшін бір мекемеден екіншісіне сенделген адамдардың мәселесін біршама шешуге көмектескен egov.kz-ті (Қазақстан Республикасының электрондық үкіметі) ерекше айтып өтуге болады. Сондай-ақ, жалпы бағдарлама аясында e-Salyk-Azamat, eOtinish, eGov mobile сынды адам өмірінің жан-жақты салаларын қамтитын цифрлық платформалар жасалды.

Қазақстанның цифрлық мүмкіндіктері баршама әлемнің алдында әсіресе, 2023 жылдың ақпан айында өткен «Digital Almaty-2023» форумында көрсетілді. Онда Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин отандық IT-нарық қазірдің өзінде 10 мыңнан астам IT-компаниялар мен 150 мыңнан астам адамды қамтитынын атап өтті. Ал Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев мегаполисте мемлекеттік қызметтердің 96%-ы цифрлық форматта жүргізілетінін мақтана айтты. Сондай-ақ, шаһар басшысы Сингапур және Шанхай үлгілеріне ұқсас оңтүстік астанамыздың «цифрлық егізі» жасалатынын хабарлады. Айта кеткен жөн, бүгінгі күні елордамыз Астананың электронды түрде толық цифрлық көшірмесі бар.

Технологиялық жетістіктердің жаңа мүмкіндіктері журналистиканы да айналып өткен жоқ. Бүгінгі күні еліміздегі әр дәстүрлі басылымның және телеарналардың өз веб-сайттарынан бөлек, әлеуметтік желілердегі парақшалары бар. Қазақстан медиа кеңістігінде жаңа технологияларды қолданудың жарқын мысалы ретінде Atameken Business телеарнасының телехабарларын таратуда жасанды интеллектіні пайдалануын айтуға болады. Үш жылдан бері тікелей эфирде I-Sanj аталған Қазақстандағы алғашқы виртуалды жүргізуші жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ, 2023 жылдың 7 наурызынан бастап i-Sana атты қазақ тілінде хабар тарататын виртуалды жүргізуші іске қосылды.

Журналистикадағы жаңа технологиялық мүмкіндіктерді пайдалану туралы айтқанда ChatGPT – жасанды интеллект чат-ботын айналып өте алмаймыз. Бүгінгі күні шағын ақпараттық мәтіндерден бастап, көлемді шығармаға дейін жазып бере алатын бұл чат-ботты әлемдік мамандар кеңінен қолдануда. Аталмыш технология еліміздің орыс тілінде ақпарат тарататын журналистері мен PR-мамандары арасында танымал. Алдағы уақытта ChatGPT жасанды интеллектінің қазақ тіліндегі нұсқасын қолдануға болатынына сенімдіміз.

Десе де, Digital журналистика, яғни цифрлық журналистиканың біздегі деңгейі әлі де әлемдік деңгейге жете қоймағаны рас. Олай дейтініміз Қазақстанда датаға негізделген бұқаралық ақпарат құралдары аз. Әлемдегі цифрлық мүмкіндіктерді тиімді пайдаланатын озық БАҚ өкілдері ретінде 538, Pudding.cool, Nyt Upshot, Washington Post graphics, Propublica, Infromationisbeautiful, Flowingdata айта аламыз. Отандық БАҚ айтылған веб-сайттардың деңгейіне алдағы жылдары жетеді деп үміттенеміз.

## ҰЛТТЫҚ-ТАРИХИ КОНТЕНТТИ ЗӘРУЛЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Уән Н., Сыланова А.,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
журналистика факультетінің 1-курс студенттері  
**Ғылыми жетекші:** Қамзин К.,  
филология ғылымдарының докторы, профессор

Қазақтың билері даулы істе тапқырлығымен қатар шешендік танытқан. Барша жұртты аузына қаратып сөйлей алмаған шешеннің беделі болмаған. Ал мақал-мәтел – сөздің тұздығы (Б.Адамбаев, 1976 ж.).

Қазақ тілінде мақал-мәтелдерге байланысты материалдарды сұрыптау, жинақтау, жүйелеу, жария ету екі кезеңнен тұрады.

• 1-кезең: 19-ғасырдың 2-жартысы. Бұл уақытта мақалдар мен мәтелдер халық аузынан жинақталды. Әр зерттеу басылым ретінде шығарылды.

• 2-кезең мақал-мәтелдерді тілдік тұрғыдан зерттеумен сипатталады.

Ең алғаш ауыз әдебиетінің бұл формасын Н.Березин мен Ш.Уәлиханов жинақтады. Қос ғалым ел аузынан 200-ден астам мақал, мәтел жазып алады. Мәселен, Ш. Уәлихановтың "Таңдамалы шығармаларында" кездесетін мақалдар әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Дәл сол сияқты тіл ғылымының дамуына Ә. Диваев, В. Радлов, Б. Алтынсарин, Ш. Ибрагимов, М. Терентьев үлес қосты. 1990 жылы Диваев жеке кітапша қылып шығарып, ал Тоқболатов жинақтаған мақал-мәтелді "Туркестанские ведомости" газетіне басып шығарды. Хакім Абай олардың шығу тегін зерттей отырып, жиырма тоғызыншы қара сөзінде құнды пікірлерін ортаға тастайды. Онда ұлы ақын "біздің қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылдыққа, не адамшылдыққа жарамайтұғыны бар" деп жазады.

Қазақ мақал, мәтелдерінің өзіне тән негізгі бір ерекшелігі – аз сөзбен көп мағына беретіндігі айқындалды. «Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір» дей отырып, халық өзінің мақалдарында мазмұнды әңгіменің «тобықтай түйінін береді», ой-пікірін, көзқарасын әрі терең, әрі ашық айтады. Мақалдың сөз саралауы олпы-солпы болмайды, етек-жеңі жинақы, ықшам келеді. Айтылатын пікір, жасалатын қорытынды, берілетін баға толық дәлелденген, шындалып, шынайы-ланып, жонылып, өткірленіп келеді. Сондықтан да мақал оралымды, өткір болады. **Кейде ойлы топ қана түсінер астарылы меңзеу де ұшырасады.** Мақалда дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей жүріп отырады. Ішкі құрылысы жағынан алғанда, мақалдар екі түрлі: бірінші –айтайын деген ойын ашық етіп бірден, турасынан білдіреді. «Жауды аяған жаралы қалады», «Бірлігі жоқтың – тірлігі жоқ» т.б. Екіншісі – негізгі ойды астарлап ай-татын, ишаратпен білдіретін мақалдар. Қазақ мақалдарының біразы осы түрге енеді. Мұның мысалдарына «Жығылсаң нардан жығыл», «Сырын білмейтін аттың сыртынан жүрме» деген мақалдарды жатқызуға болады. Сырт қарағанда бұл мақалдарда айтылатын ой айқын, әрқайсысы өз орнында тұрған сияқты. Бірақ олардың астарында терең мағына тұрады. Мәселен: «Жығылсаң нардан жығыл» дегенде нардан жығылып құлауды айтып тұрған жоқ, нардай үлкен іске ұмтылып мақсатына жете алмасаң айып емес деген ой айтылып тұр.

Осындай астарлы мағынадағы мақалдарда терең ой, қазақ халқының табиғатына тән даналық, парасаттылық сезімдері айқын аңғарылады. Осындай үлгідегі мақалдардың біразына көз жүгіртейік: «Қасықтап жинағанды, шөміштеп төкпе», «Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады. **Қатты-қатты сөйлесең, кәпір дінінен шығады**», «Екі кеме құйрығын ұстаған суға кетеді», «Кісідегінің кілті аспанда» т.б. «Мақалдың тілі өте көркем және мейлінше қарапайым, сөз құрамы бай, халық тілінің су-реттеу, бейнелеу мүмкіншіліктері мақалда жан-жақты, мол көрінісін тапқан. Ұлы жазушылардың халық тілін үйрену, меңгеру үшін мақал-мәтелдерді жете білу керек деген көзқарас та осыдан туған. Мақал-мәтел ұшқыр, тілге орам-ды, көңілге қонымды, құлаққа жағымды келеді. Орнын тауып айтса сөзге оң беріп, құлпыртып жібереді».

Мақалдарға тән ерекшеліктің бірі – оның құрылымында, мини композициясында. Сөйлем құру, әсіресе, құрмалас сөйлем жүйесін үйлестіру, қисындыру жағынан алғанда мақалдан алуан түрлі үлгі өрнек, әдемі сөз кестесі табылады. Мақалдардың сөйлем құрудағы бір ерекшелігі, онда бастауыш, баяндауыш түгел бола бермейді.

Кейде мақалда баяндауыш түсіп қалады. Мысалы, «Еңбек түбі – береке, көптің түбі мереке», «Бейнет, бейнет түбі – зейнет», «Еңбегі аздың – өнбегі аз» деген мақалдарда баяндауыш жоқ, ол тек ойша ғана ұғылатын «болады» деген сөз. Егер мақалды толық айтсақ, «Еңбек түбі берке болады, көптің түбі мереке болады» дер едік, онда сөйлем шұбалаңқы болып, келісті ырғағынан айырылады.

Бұл құбылыс айшықтау тәсілінің эллипсис деген түрінің мақалдардағы көрінісі, яғни сөз тастап кету. Бұл тәсіл мақалдарда жиі кездеседі.

Әйткенмен қазіргі уақытта мақал мен мәтелдердің мағынасы да, құрамы да өзгеріске ұшыраған. Мәселен, сөз бостандығына қатысты көптеген мақал-мәтелдер бүгінде өз орнымен қолданылмайды.

Қазақ халқында сөздің құдіретіне қатысты мақалдар жетерлік. Солардың бірі – **«Сөздің басы бір пышақ, арты бір құшақ»** (М.Ғабдуллин, 1958 ж.). Бұл бүгінгі таңда журналистикамен астасып жатыр. Айтылған сөз пышақ секілді, тиген жерін кесіп кетеді. Сұхбат жанрын жетік меңгерген журналист қана сөзге шорқақ, тұйықтау респонденттің тілін тауып, әңгімеге тартып, өзіне керек ақпаратқа қол жеткізеді. Соңы қызу талқыға, тайталасқа айналуы да әбден мүмкін.

**«Көз жеткізер, көз жеткізбегенді сөз жеткізер»** деп бекер айтпаған. Сөз – кез келген адамның қаруы, коммуникация құралы. Әрі қоғам мен қоғамды байланыстырушы. Коммуникация құралдары дамымай тұрғанда ауыздан ауызға тараған аңыздар мен әңгімелер ру-руға жеткен. Соңы халық ауыз әдебиетіне айналып, мәдениетімізде ерекше орнын алды. Сондай-ақ адамдар өз көзімен көрмесе де, естігеніне сенетін жағдайға жетті. ХХІ ғасырда да солай. Ақпаратты тұтынушы – халық. Ақпаратты жасаушы – журналист. Қарапайым халық парламентте немесе үкіметте қандай өзгеріс болып жатқанын білмейді. Дегенмен өзі көрмегенімен, журналистердің ақпаратына сенеді.

**“Тау мен тасты су бұзады, адамзатты сөз бұзады”** деген де бар (Ж.Дәуренбеков, 2001 ж.). Қазір БАҚ үгіт-насихаттың, ақпараттық соғыстың үлкен алаңына айналып отыр. Бүгін де соғыстан көз ашпай отырған мемлекеттердің баспасөзіне шолу жасап, бірін-бірі даттаған материалдарын байқауға болады. “Анау жаман, мынау жаман” деп жаза берсе, айта берсе, сананы да улап, адамзатты сол пікірге таңып тастауға болады. Жақсы дүние жанға жайлылық сыйлайды. Бір күн “Жібек жолы” арнасын көрсе, ондағы бағдарламалардан кейін рухани байып қалғаныңды аңғарасың, кейін КТК телеарнасына ауыстырсаң халықтың кеудесіне шөңге боп қадалған шерді, мұң-зарды көргенде жаның жабырқап, мәселенің көп екеніне көз жеткізесің. Естіген, тыңдағанның барлығы бойға сіңеді, ойлауға әсер етеді.

**"Жол қуған кәдеге, сөз қуған бәлеге жолығады"** дейді. Бұл қазіргі сары басылымдардың жағдайына, алып-қашпа әңгімелерден өсек-аяң тарататындарға бағытталған. ҚР “БАҚ туралы заңында” адамның және азаматтың ар-намысына, жеке өміріне, қадір-қасиетіне құрметпен қарау туралы айтылған. Бірақ қазіргі таңда интернет-басылымдар мен сайттар бұл негізгі қағидатты елемей, атақ пен абырой жинау мақсатында жалған ақпараттар тарататын болды.

Осы секілді мақал-мәтелдер өте көп. Тек бұларды зерттеп, мағынасына терең үңілу қажет. Сонда ғана мақал-мәтелдеріміз жаңа мәнге ие болады. Оның үстіне сөз бостандығы үлкен мағынаға ие қазіргі қоғамда мақал мен мәтелді қолданысқа қайта енгізу журналистердің қызметіне септігін тигізеді.

Ұлттық-тарихи контентті жаңғырту, БАҚ беттерінде қолданысқа енгізу тек баспасөзге ғана емес, жалпы ұлттық идеологияның қалыптасуына әсер етеді. Алайда бүгінгі таңда біз жарнама баннерлерінде немесе өзге де орындарда жазылған мақал-мәтелдерді кездестірмейміз. Мақалдар жиі қолданылмағандықтан өзгеріске ұшырайды, кейбірі ұмыт болады. Мұның алдын алу үшін ұлттық-тарихи контентті кез келген салада дамытқан абзал.

Сондықтан бұл зерттеу жұмысында біз сөздің құдіретін де қарастыруды жөн көрдік. Биологиялық тұрғыдан алып қарасақ, мидың сөйлеуге жауап беретін бөлігі жүрек жұмысын да бақылайды. Демек, сөздің құдіреті тек метафора ғана емес, ми жұмысына кіріктірілген қасиет деуге болады. Мәселен, құс ән салғанда жұмыс істейтін нейрондар оның ағзаларын басқарады екен.

Осылайша сөз адам денесін басқарушы қызметін атқарады. Өзге адамдардың сөзі сіздің миыңыздың жұмысына қалай әсер етсе, сіздің сөзіңіз өзгелерге де солай әсерін береді. «Сөздер – біздің әлемді және әлемге деген көзқарасты қалыптастыратын күшті құрал», - дейді америкалық психолог Уильям Джеймс. Сөздің құдіреті жайлы бұған дейін де айтылған, болашақта да айтыла бермек. Әйткенмен сөзді физикалық құбылыс ретінде қарастырғандар жоқтың қасы (Қ.Жарықбаев, 1980 ж.).

Физикада нейтрино деген бөлшек бар. Оның мөлшері атомнан кішкентай, бірақ атом өте алмаған жерден нейтрино өтеді. Физиктер нейтриноның бұл қасиетін заттармен аз әрекеттесумен байланыстырады. Ғалымдар нейтриноның бар екенін тек 1953 жылы ғана растап, ғылыми қолданысқа енгізді.

Нейтрино бөлшегі жолында кездескен кез келген денеден, адамнан және планетадан да өтіп кете алады. Әрі оны «ұстап қалу» да қиын екен. Енді бұл бөлшекті біз сөзбен қалай байланыстыра аламыз? Сөз адамның құлағынан кіріп, бойына тарайды. Жақсы сөз адамды бір көтеріп тастаса, жаман сөз дәл солай жерге ұрады. Демек, сөз де физикалық бөлшек секілді. Адам денесінен қалай өткенін білмейді, бірақ әсерін сезінеді (Қ.Жарықбаев, 1980 ж.).

Профессор, филология ғылымдарының докторы Дандай Ысқақ “мақал әр кезеңдегі түрлі оқиғалардан сыр шертетінін” айтады. Сонымен қатар мақалдың үлкен толғау екенін, образдар арқылы

берілетін логикалық ойлардың қорытындысы екенін жеткізеді. Әр мақал-мәтелді адам өмірінен, тыныс тіршілігінен, әртүрлі оқиғалардан сыр шертетін даналық баға және түйін ретінде тұжырымдайды. Ал бұл ұғымды зерттейтін ғылым паремиология деген атауға ие.

XIX ғасырда туындаған мақал-мәтелдердің көп бөлігі ұйымшылдық пен егіншелікке, қоғам құбылыстарына, төрт түлік малға, адалдық пен ізгілік, достық, кәсіп пен нәсіп, еңбек пен байлыққа, қырағылық пен сақтыққа арналған. Академик Ә.Т.Қайдар мақал-мәтелдердің маңызын «кез келген этностың (бүгінгі ұлыстың, халықтың не ұлттың) тілінде оның басынан өткен бүкіл өмірінің өрнегі жатыр».

Сондықтан бұл зерттеу жұмысында біз сөздің құдіретін де қарастыруды жөн көрдік. Биологиялық тұрғыдан алып қарасақ, мидың сөйлеуге жауап беретін бөлігі жүрек жұмысын да бақылайды. Демек, сөздің құдіреті тек метафора ғана емес, ми жұмысына кіріктірілген қасиет деуге болады. Мәселен, құс ән салғанда жұмыс істейтін нейрондар оның ағзаларын басқарады екен.

Осылайша сөз адам денесін басқарушы қызметін атқарады. Өзге адамдардың сөзі сіздің миыңыздың жұмысына қалай әсер етсе, сіздің сөзіңіз өзгелерге де солай әсерін береді. «Сөздер – біздің әлемді және әлемге деген көзқарасты қалыптастыратын күшті құрал», - дейді америкалық психолог Уильям Джеймс. Сөздің құдіреті жайлы бұған дейін де айтылған, болашақта да айтыла бермек. Әйткенмен сөзді физикалық құбылыс ретінде қарастырғандар жоқтың қасы (Қ.Жарықбаев, 1980 ж.).

Физикада нейтрино деген бөлшек бар. Оның мөлшері атомнан кішкентай, бірақ атом өте алмаған жерден нейтрино өтеді. Физиктер нейтриноның бұл қасиетін заттармен аз әрекеттесумен байланыстырады. Ғалымдар нейтриноның бар екенін тек 1953 жылы ғана растап, ғылыми қолданысқа енгізді.

Нейтрино бөлшегі жолында кездескен кез келген денеден, адамнан және планетадан да өтіп кете алады. Әрі оны «ұстап қалу» да қиын екен. Енді бұл бөлшекті біз сөзбен қалай байланыстыра аламыз? Сөз адамның құлағынан кіріп, бойына тарайды. Жақсы сөз адамды бір көтеріп тастаса, жаман сөз дәл солай жерге ұрады. Демек, сөз де физикалық бөлшек секілді. Адам денесінен қалай өткенін білмейді, бірақ әсерін сезінеді (Қ.Жарықбаев, 1980 ж.).

Профессор, филология ғылымдарының докторы Дандай Ысқақ “мақал әр кезеңдегі түрлі оқиғалардан сыр шертетінін” айтады. Сонымен қатар мақалдың үлкен толғау екенін, образдар арқылы берілетін логикалық ойлардың қорытындысы екенін жеткізеді. Әр мақал-мәтелді адам өмірінен, тыныс тіршілігінен, әртүрлі оқиғалардан сыр шертетін даналық баға және түйін ретінде тұжырымдайды. Ал бұл ұғымды зерттейтін ғылым паремиология деген атауға ие.

XIX ғасырда туындаған мақал-мәтелдердің көп бөлігі ұйымшылдық пен егіншелікке, қоғам құбылыстарына, төрт түлік малға, адалдық пен ізгілік, достық, кәсіп пен нәсіп, еңбек пен байлыққа, қырағылық пен сақтыққа арналған. Академик Ә.Т.Қайдар мақал-мәтелдердің маңызын «кез келген этностың (бүгінгі ұлыстың, халықтың не ұлттың) тілінде оның басынан өткен бүкіл өмірінің өрнегі жатыр».

Қазақ халқының мақал-мәтелдерін публицистикалық тұрғыдан зерттеуге арналған ғылыми мақала осы халықтың этникалық мәдениеті мен тілін сараптауға қосқан маңызды үлесі. Бай фольклорлық материалды талдау барысында мақал-мәтелдердің лингвистикалық ерекшеліктері ғана емес, сонымен бірге бұл тұжырымдар ерекше семантикаға ие болатын терең мәдени, тарихи және әлеуметтік контексттер анықталды.

Мақаланың негізгі тұжырымдарының бірі – қазақтардың мақал-мәтелдері, олардың ұлттық және мәдени мұраларының ажырамас бөлігі. Олар ұрпақтан-ұрпаққа берілетін этностың даналығын, тәжірибесі мен құндылықтарын көрсетеді. Тандалған мысалдарды талдау осы қысқа және мәнерлі мәлімдемелерде сөз бостандығы, сөз құдіреті мен философиялық тұжырымдамалардың қалай жасалғанын көруге мүмкіндік береді.

Мақал-мәтелдердің тілдік ерекшеліктерін зерттеу барысында олардың мәні мен құрылымына ерекше назар аударылды, бағзы журналистикамен семантикалық байланысы айқындалды, бейнелі және дәстүрлі лексикалық элементтерді қолдануы да қарастырылды.

Сонымен қатар мақала қазіргі ақпараттық қоғамда мақал-мәтелдерді қолданудың әлеуметтік-мәдени аспектілерін ашады. Бұл мәлімдемелер қазіргі контексте өзектілігін жоғалтпайды, тек коммуникация құралы ғана емес, сондай-ақ қазақ халқының ойлау және мінез-құлық ерекшеліктерін жеткізетін ерекше код ретінде қызмет етуді жалғастырады.

Мақаланың артар қосымша жүгі – оның мәдениетаралық алмасу мен түсінісу алаңындағы маңызы. Ұлтымыздың мақал-мәтелдерін зерттеу тек лингвистикалық ақпарат беріп қана қоймай, оқырманды осы халықтың менталитеті мен мәдени контекстін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл

әсіресе қазіргі жаһандану жағдайында, әртүрлі мәдениеттердің өзара әрекеттесуі әлемдік қоғамдастықтың ажырамас бөлігіне айналған кезде өте маңызды.

Қазақ мақал-мәтелдері туралы мақала – журналистикатану пәнін дәйектейтін, лингвистикалық, мәдени және әлеуметтанулық талдаумен сабақтастыратын кешенді зерттеу. Алынған нәтижелер өз мәдениетіміз туралы түсінігімізді кеңейтіп қана қоймай, фольклор мен мәдениетаралық өзара іс-қимыл саласындағы одан әрі зерттеулерге жол ашады. Қазақтың мақал-мәтелдері халықтық журналистика, оның құндылықтары мен әлемді әртарапты қабылдауы туралы білімімізді еселей түседі.

Қорыта келе, жұмыс аясында біз мақал-мәтелдің мағынасын ашып қана қоймай, сөз құдіретіне де үнілдік. Себебі журналистика құбылысы – сөз бен істің қосындысы. Мұнда ащы мысқыл да, әжуа мен өмір шындығы да жатыр. Сондықтан ұлттық журналистика мен мақал-мәтел, қазақтың пәрменді пікірі мен кестелі сөзі өзара астасып жатыр деуге болады.

Демек, мына сөз құдіреті, мақал мен мәтелдің маңызы төмендей түскен заманда атадан мұра болып қалған мақалды қайта жаңғырту, маңызын арттырып, жалпы қолданысқа енгізу аса зәру мәселеге айналып отыр.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ахметова С.Г. Английские пословицы и поговорки и их эквиваленты в русском и казахском языках: Пармиологический словарь. – Алматы, 1989.
2. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы, 1976. – 187 б. – б. 20.
3. Әбілқасымов Б. «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі». Алматы, 1982 ж. – 26 б.
4. Әлімбаев М. Өрнекті сөз – ортақ қазына. – Алматы, 1967. – 185 б. – 54 б.
5. Әлімбаев М. Халық – ғажап тәлімгер. – Алматы, 1994 ж.
6. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1958. – 225 б.
7. Дәуренбеков Ж. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы, 2001 ж.
8. Deutsche Sprichwörter für Ausländer. – Leipzig: Verlag Enzyklopädie, 1988.
9. Ercilasun A., Akkoyunlu Z. Kaşgarlı Mahmud, Divanu Lugati't-Türk. – Ankara: TDK Yayınları, 2015. – 995 p.
10. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. – Алматы: Білім, 1980. – 195 б. – Б. 30.
11. Малайсарин Ж. «Қазақ мақал-мәтелдері». – Алматы, 2005 ж. – 61 б.

### **ҚАЗАҚ МЕДИА КЕҢІСТІГІНДЕ АБАЙ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ, ӘДІСНАМАЛЫҚ БАҒЫТЫ: МӘСЕЛЕСІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ**

**Атажан Д.,**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,*

*Журналистика факультетінің 2-курс магистранты*

*Ғылыми жетекшіі: Р.С.Жақсылықбаева фил.ғ.к., доцент*

Қазақ медиа кеңістігінде Абай мұрасын зерттеудің ғылыми, әдіснамалық бағытын анықтау үшін Абайтану ілімінен айналып өте алмайтынымыз анық. Абайтану – тарихи бастауын өткен ғасырдан алатын ғылыми-танымдық ілім. Бұл – Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын бастан-аяқ зерттеумен қатар, осы зерттеу тәсілдеріндегі жіберілген қателіктерді түзеуге, қазақ әдебиетін дамытуға және қалың оқырманға ғұламаның мұрасын насихаттауға арналған ауқымды сала. Абайтану ілімінің дамуы мен қалыптасуы жалпы бір ғасырға жуықтаған соң, оны зерттеуге үлес қосқан әр ғалымның өзіндік қолтаңбасы бар екені де сөзсіз. Сондықтан Абай мұрасын зерттеудің ғылыми, әдіснамалық бағыттарын анықтау үшін айтылған ілімнің тарихи кезеңдері мен сол кездегі авторларды қатар қойғанымыз жөн. Ол үшін белгілі абайтанушы, профессор Мекемтас Мырзахметұлының «Жұлдыз» журналында жарияланған «Абайтану XXI ғасыр көгінде» (2015 жыл №5 саны) атты мақаласында жазған Абайтанудың тарихи кезеңдеріне жүгінейік:

- 1) «Мұхтар Әуезовке дейінгі зерттеу тарихында»;
- 2) «Абайтанудың Мұхтар Әуезов кезеңі»;
- 3) «Абайтанудың М.Әуезовтен кейінгі дәуірі».

Мақсат бүгінгі қазақ медиа кеңістігінде Абай мұрасын зерттеудің ғылыми, әдіснамалық бағытын анықтау болғандықтан, зерттеу нысаны ретінде профессор Мекемтас Мырзахметұлы жазған «Абайтанудың М.Әуезовтен кейінгі дәуірін» аламыз. Яғни, М.Әуезовтан кейінгі Абайтану ілімін

дамытқан, оны зерттеуге үлес қосқан ғалымдар қолтаңбасынан бастап, қазіргі медиа кеңістікте Абай мұрасын дәріптеп, насихаттап жүрген барлық бұқаралық ақпарат құралдарына және медиа өнімдерге шолу жасау мақсатын ұстанамыз.

Алынған тақырыптың өзектілігі қандай? Бір қарағанда Абай мұрасы бүгінгі күні жан-жақты талданып, зерттеліп, айтары айтылып, жазары жазылып болып-толған мәселесі секілді көрінеді. Дегенмен, бұл ғылыми зерттеудің өзектілігін Ықылас Олжайдың 2010 жылы «Жалын» журналының №7 нөмерінде шыққан «Абайды танып болдық па?» мақаласы арқылы айқындай аламыз. Автор әдеби басылымда басылған бұл мақаласында ұлы ақынның бір өлеңін не М.Әуезовтың «Абай жолын» оқып «Абайды танып қойдым» деу қате екенін жазады. Сондай-ақ, бүгінгі біз танитын Абай да, оның шынайы бейнесі мен шығармаларындағы ойдың жұрнағы ғана екенін жеткізеді: «Абаймен қазақты мақтауға да, даттауға да болады. Өйткені ол қазақтың ақиқатқа бастаушы рухани қарашығы. Ғазиз досы, әділ сыншысы. Қазақ үшін Абай сөзінің Алла бұйрығындай қабылданатыны да сондықтан». Демек, Абай мұрасын зерттеу және бұл зерттеудің ғылыми, әдіснамалық бағытын анықтау қай кезде де өзектілігін жоғалтпайды.

Сондай-ақ, Оқу-ағарту министрлігінің (бұрынғы Білім және ғылым министрлігі) бұйрығымен 2013 жылдың сәуірінен бастап Абайтану сабағы орта мектеп бағдарламасына қосымша сабақ ретінде оқытылып келеді. Яғни, мектептердің көпшілігі айтылған ілімді оқу бағдарламасына енгізуді өздері шешеді. Алайда, бүгінгі күні Абай мектептерінің желісінде Абайтану бағаланатын міндетті сабақ ретінде оқытылады. Осы секілді Қазақстан қоғамындағы Абай мұрасын дәріптеудің жаңа тәсілдерінің тиімділігін әрі бұл тәсілдің философия, тәлім-тәрбие, қоғам, құқық және өзге де барлық өзекті мәселелерді қаншалықты қамтитынын айқындау біздің зерттеу тақырыбымызда қамтылады.

## **ОНЛАЙН ЖАРНАМАНЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҰТЫНУШЫЛАРҒА ӘСЕРІ: ТАЛДАУ ӨЛШЕМДЕРІ МЕН СТРАТЕГИЯЛАРЫ**

**Гыміңтай З.,**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Журналистика факультетінің I курс магистранты*

*Ғылыми жетекші: с.ғ.д., профессор Сұлтанбаева Г.С.*

Жарнама қазіргі коммерциялық қызметте тауар туралы ақпаратты таратудың негізгі құралы болып табылады және оның формасы ғылым мен техниканың дамуымен және заман ілгерілеуімен үнемі өзгеріп отырады. Алғашқы жарнама 15 ғасырда Ұлыбританияда пайда болды. Жарнама заман ағымына қарай баяу дами бастады, негізінен газеттер мен журналдардағы алғашқы баспа жарнамаларынан кейінгі имидждік жарнамаларға, теледидарлық жарнамалар мен сыртқы жарнамаларға дейін. Интернет дәуірінің дамуымен онлайн-жарнама пайда болып, қарқынды дами бастады. 1994 жылы американдық Hotwired журналы шығарған дүние жүзіндегі бірінші онлайн-жарнамадүниеге келді. Дәстүрлі жарнамамен салыстырғанда Онлайн-жарнамакең таралу, күшті интерактивтілік, нақты мақсатты тұтынушыларды саралау, төмен баға және жоғары икемділік сипаттамаларына ие. Онлайн-жарнаманың ауқымы соңғы 20 жылда өсуді жалғастырды және оның дәстүрлі жарнамаға арналған бағалаулары да кеңейіп келеді.

Онлайн-жарнаманың дамып келе жатқан маркетингтік орта ретіндегі астары мобильді интернет дәуірінің пайда болуы мен жаңа медиа технологиялардың кеңінен қолданылуынан айқын көрінеді. Бұл өскелең ұрпақтың әлеуметтік-экономикалық кезеңге қадам басқандығын ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі жарнама формаларының жаңа коммуникация жағдайында тиімді қарым-қатынас жасау қиын екенін білдіреді. Интернет-платформаны одан әрі тиімді пайдаланып, БАҚ ерекшеліктерін терең зерттеп, жарнама түрлерінің мүмкіндіктерін кеңейтпесек, жарнаманың жас тұтынушыларды таң қалдыруы қиындай түседі.

Екіншіден, әлеуметтік желіні пайдаланушылар саны артып келе жатқандықтан, ол жарнамалық коммуникацияның маңызды арнасына айналды. Бренд имиджін қалыптастыру үшін ақысыз және ақылы әлеуметтік медиа маркетингі қолданылады. Бұл онлайн-жарнаманың дамуын тездетеді, сондықтан онлайн-жарнаманы зерттеу бүгінгі қоғамда өзекті тақырыпқа айналды. Онлайн-жарнаманың тиімділігін және оның тұтынушыларға әсерін талдау адамдарға онлайн-жарнама туралы зерттеулерді тереңдетуге және одан әрі дамуына ықпал етеді. Онлайн-жарнаманы дамыту.

## **Онлайн-жарнаманың дәстүрлі жарнамамен салыстырғандағы артықшылықтары мен тиімділігі**

Ғылым мен техниканың дамып, интернеттің танымал болуымен бірге интернет біздің өміріміз бен жұмысымыздың ажырамас бөлігіне айналды. Осы уақытта онлайн-жарнама пайда болды және тез дамып келе жатқан жарнаманың негізгі түріне айналды.

Дәстүрлі жарнамамен салыстырғанда онлайн-жарнаманың артықшылығы айқын. Бұл өте интерактивті, құны төмен, кең таралған және дәлірек. Ең бастысы, ол нақты уақытта жұмыс істейді және жарнамаларды барлық жерде үзіліссіз тарата алады. Интернетке қол жеткізу мүмкіндігі бар болса, сіз қалағаныңызды ала аласыз. Кез келген уақытта және кез келген жерде Ақпарат уақыт пен географияның шектеулерінен өтеді. Оған қоса, оның нақты аудиториясы бар. Ол пайдаланушы әдеттеріне, іздеу тарихына, бренд қалауына негізделген сәйкес өнім жарнамаларын итермелей алады, тіпті болашақта қандай брендтерді немесе заттардың түрлерін сатып алатынын болжай алады. Оны мақсатты және жеткізуге болады, сондықтан әлеуетті тұтынушыларға оңай соғу. Сату мақсатына жету және қажетсіз қалдықтарды болдырмау. Интернетті пайдаланушылар негізінен жастардан тұрады және бұл адамдар да ең күшті сатып алу қабілеті бар топ болып табылады. Егер бұл жастар желіде көретін жарнамалардан өздеріне ұнайтын нәрсені көрсе, олар бейсаналық түрде өнімдерді шолу үшін интернетке кіреді. Бұл веб-сайтты көруді көбейтіп қана қоймайды, сонымен қатар өнім сатылымын арттырады, бұл сонымен қатар Онлайн-жарнаманы сатушылар мен тұтынушылар үшін тартымды етеді.

Интернеттің кең танымалдылығымен онлайн-жарнама әлемнің кез келген бұрышындағы пайдаланушыларға қол жеткізе алады. Әсіресе өскелең ұрпақ үшін Интернет олардың ақпарат алудың негізгі арнасына айналды, ал онлайн-жарнама нақты аудитория топтарына бағытталған жекелендірілген және дәл болуы мүмкін. Мысалы, әлеуметтік желілердегі жарнама және іздеу жүйесінің маркетингі арқылы компаниялар пайдаланушылардың іздеу тарихы мен жеке қалаулары негізінде жарнамалық аудиторияны дәл бағыттай алады. Теледидар, радио және баспа жарнамасы сияқты дәстүрлі жарнама бұқаралық коммуникацияға көбірек сүйенеді және нарықты мұндай жақсы сегментациялауға қол жеткізе алмайды.

Онлайн-жарнаманың таралу жылдамдығы сөзсіз маңызды артықшылықтарға ие. Интернеттегі мазмұнды лезде тарату ақпараттың мақсатты аудиторияға тез және кең көлемде жетуіне мүмкіндік береді. Онлайн жарнама ауқымды бейне жарнамалардан қарапайым баннерлік жарнамаларға дейін көптеген нысандарда келеді. Өртүрлі жарнама форматтары өртүрлі маркетингтік стратегиялар мен бюджет талаптарын қанағаттандыра алады. Дәстүрлі жарнама әдетте ұзағырақ дайындық пен жеткізу уақытын қажет етеді. Мысалы, теледидарлық жарнамаларды дайындау және жоспарлау алдын ала салыстырмалы түрде ұзақ уақытты қажет етеді.

Деректерді қадағалау және талдау: Онлайн жарнаманың деректерді қадағалау және талдау мүмкіндіктері оның маңызды бәсекелестік артықшылықтарының бірі болып табылады. Өр түрлі онлайн талдау құралдарын пайдалана отырып, жарнама берушілер нақты уақыт режимінде жарнаманың өнімділігін бақылай алады, соның ішінде басу жылдамдығы, конверсия жылдамдығы және көру уақыты сияқты негізгі көрсеткіштер. Бұл деректер жарнаманың тиімділігін бағалау және маркетингтік стратегияларды оңтайландыру үшін өте маңызды. Дәстүрлі жарнаманың осыған байланысты үлкен шектеулері бар. Оның тиімділігін бағалау көбінесе нарықты зерттеу мен бағалауға негізделген, жеделдік пен дәлдік жоқ.

Шығын-пайда қатынасы:

Шығын-тиімділік арақатынасына келетін болсақ, онлайн-жарнама әдетте жеткізудің ақылға қонымды шығындарын қамтамасыз ете алады және жақсы қайтарым деңгейіне қол жеткізе алады. Онлайн-жарнаманың нақты орналасуы мен жоғары өлшеу мүмкіндіктерінің арқасында тиімді жарнамаға төмен бағамен қол жеткізуге болады. Дегенмен, кейбір жағдайларда, мысалы, брендті жылжыту және нарыққа ауқымды әсер ету, дәстүрлі жарнама атмосфералық болуы мүмкін және бренд имиджін айтарлықтай жақсарту алады.

Соңғы жылдары Интернеттің танымалдығы мен дамуымен онлайн-жарнама кәсіпорындар үшін өз өнімдері мен қызметтерін жылжытудың маңызды құралы болды. Онлайн-жарнама өзінің ыңғайлылығымен, жылдамдығымен және дәлдігімен тұтынушылардың сатып алу тәртібіне қатты әсер етті.

### **Онлайн жарнаманың тұтынушылардың сатып алу ниетіне әсері**

Біріншіден, онлайн-жарнаманың тұтынушылардың сатып алу мінез-құлқына әсер ететін себептерінің бірі бренд туралы хабардарлықты арттыру болып табылады. Онлайн жарнама арқылы компаниялар өз өнімдерін немесе қызметтерін тұтынушыларға анағұрлым интуитивті және айқын

түрде ұсына алады, осылайша олардың бренд туралы әсерін тереңдете алады. Тұтынушылар күнделікті Интернетті шарлап, әлеуметтік желілерді шарлағанда, олар көбінесе жарнамалық ақпараттың әсерін бейсаналық түрде алады, осылайша олардың бренд туралы хабардарлығын арттырады. Тұтынушылар сәйкес өнімдерді немесе қызметтерді сатып алу қажет болғанда, олар танымал брендтерді ойлауға бейім, осылайша сол брендті таңдау ықтималдығын арттырады. Сондықтан онлайн-жарнама компанияларға өздерінің бренд имиджін қалыптастыруға және бренд туралы хабардарлықты арттыруға көмектесе алады, осылайша тұтынушылардың сатып алу тәртібіне әсер етеді.

Екіншіден, онлайн-жарнама тұтынушылардың сатып алу шешімдеріне жекелендірілген ұсыныстар арқылы әсер етеді. Интернет технологиясы және үлкен деректерді талдау тұтынушыларға олардың қызығушылықтары, шолу тарихы және жеке атрибуттары негізінде жарнамалық мазмұнды теңшеу үшін онлайн жарнамаға мүмкіндік береді. Жекелендірілген ұсынылатын жарнаманың бұл түрі тұтынушылардың қажеттіліктерімен тығыз байланысты, бұл жарнаманы тартымды етеді. Жарнамалардың жекелендірілген ұсыныстары арқылы компаниялар сатып алу ықтималдығын арттыра отырып, тұтынушыларды қызықтыруы мүмкін өнімдерге немесе қызметтерге назар аударуға бағыттай алады. Сонымен қатар, жекелендірілген ұсынылған жарнама тұтынушылардың сатып алу кезінде қанағаттануын арттырады, өйткені сатып алынған өнімдер олардың қажеттіліктеріне көбірек сәйкес келеді.

Үшіншіден, желідегі жарнама ақпарат пен салыстыру функцияларын қамтамасыз ету арқылы тұтынушылардың сатып алу әрекетіне әсер етеді. Онлайн-жарнамада компаниялар мәтін, суреттер, бейне және басқа формалар арқылы өнімдер немесе қызметтер мен олардың бәсекелестері арасындағы мүмкіндіктерді, функцияларды және айырмашылықтарды жан-жақты көрсете алады. Бұл ақпаратқа бай жарнама тұтынушыларды нарықтағы әртүрлі нұсқалар туралы көбірек білуге болады және оларға өнімді салыстыруға және таңдауға көмектеседі. Тұтынушылар онлайн-жарнама арқылы өнімнің бағасы, өнімділігі, функциялары, беделі және басқа ақпарат туралы біле алады, осылайша сатып алу шешімдерін ұтымдырақ қабылдай алады. Сондықтан онлайн-жарнама тұтынушыларға сатып алу алдында шешім қабылдауға қолдау көрсетеді және олардың сатып алу тәртібіне әсер етеді.

## **ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ФУНКЦИЯСЫ: «ХАБАР 24» АРНАСЫНЫҢ КӘСІБИ ДЕҢГЕЙІ**

**Әбдіжәділқызы Ж.,**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының доценті*

**Жөкен Ж.,**

*Журналистика мамандығының 2- курс магистранты*

Тележурналистің жаңалық аясындағы ақпараттарды ұсынғанда фактілердің дәйектілігіне, айғақтардың ақиқат екеніне көз жеткізіп, соған сәйкес бейнекөріністерді түсіріп, оқиға куәгерлерін сөзге тартып, қажет болған жағдайда тиісті құжаттарға жүгініп, толыққанды, нақты әрі дәл мағлұмат беретін телесюжет ұсынуы – кәсіби парыз. Телеарналардың бірінен соң бірін қараған көрермен бір жаңалықты сан рет қайталап көруден жалығуға мәжбүр болады. Өйткені бәрі бір сарында, сол қалпында стандартты түрде ұсынылады. Ал айрықша қисынмен, ерекше әдіс-тәсілмен ұсынылған жаңалықты қарауға кез келген көрермен даяр. Ендеше ортақ бір тақырыпқа құрылған, яғни нақты бір оқиғадан түсірілген бір мезгілде бірнеше телеарнадан берілетін тележаңалықтың бір-бірінен айырмашылығын тек кәсіби деңгейі арқылы ғана ажыратуға болады. Телевизиялық жаңалықтар аясындағы кәсіби шеберлікті шыңдау мәселелеріне арқау болатын айтулы екі мәселенің бірі және бірегейі – тарихи түптамыр тағылымы мен ұлттық дәстүр ұлағаты. Ал екіншісі – әлемдік өркениет өрісіндегі ілгерілеушілік бағыт, яғни озық әдіс, үздік үрдіс. Әлбетте, өмірде кездесетін фактілер мен оқиғаларды, орын алатын құбылыстарды телеақпаратқа айналдыратын факторлар мен шарттар аясы ауқымды. Соған қарамастан телеақпараттың ең бірінші басты критерийі – қоғам үшін маңыздылығы мен адамзат үшін қажеттілігі (эфирдегі тақырып пен қоғамдағы мәселе өзектілігінің шарттасуы). Теледидардың басты артықшылығы – бейнелілігі екенін ескерсек, фактілерді іріктеу мен ақпаратты ұсынуда тележурналистиканың орасан зор мүмкіндікке ие екеніне көз жеткіземіз. Ендеше, телеақпараттың екінші негізгі критерийі – кәсіби деңгейі, яғни телеақпаратты жеткізудегі кәсіби біліктілік пен шығармашылық шеберлік (ғылыми-теориялық білім мен тәжірибелік тәлім нәтижесін

ұштастыру). Тележаңалық – ақпараттық ғасырдың, ақпараттық технологиялардың жемісі. Демек, телеақпараттың үшінші міндетті критерийі – техникалық сапасы (түсірілген бейнекөріністер мен оған жасалған монтаждың жоғары кәсіби деңгейдегі сауаттылығы және тележаңалықтың эфирден берілу кезінде техникалық ақауға ұшырамауы). Ал осынау үш талаптан туындайтын қисындарды теориялық негіздемелерге сүйеніп, журналистік әдіс-тәсілдерді пайдаланып шығармашылық шеберлік пен кәсіби деңгей тұрғысынан жүзеге асыру аясындағы тапқыр шешімдер мен айрықша амалдар табу әр телеарна ұжымы мен әрбір тележурналистің өз үлесінде.

Тандалған тақырыптың негіздемесі. Ақпаратсыз адам өмірін елестету мүмкін емес. Айшылық алыс жерлерден, жылдам хабар алғызған бұл заманда ақпарат алу жолдары өте көп. Әлеуметтік желі, сайт арқылы ақпарат алу кеңінен таралып келеді. Дегенмен телеэкран арқылы берілетін ақпараттың пәрменділігі жоғары. Ақпараттық функция тележурналистиканың ең маңызды әрі күрделі функциясы ретінде тандалған тақырыптың негіздемесі болып табылады.

Тақырыптың өзектілігі ақпараттық арналардың мақсатты аудиториясының зерттелмеуінде. Оның ішінде “Хабар 24” арнасының ақпарат тарату ерекшеліктері жайлы ақпараттың аздығы.

Ғылыми жұмыстың нысаны ретінде отандық “Хабар 24” және “Россия 24”, “CNN” және “BBC” секілді ақпараттық арналардың хабар тарату ерекшеліктері қарастырылды.

Ғылыми жұмыстың пәні - “Хабар 24” арнасының кәсіби деңгейі мен заманауи аудиториясын зерттеу.

Зерттеу жұмысының мақсаты - тележурналистиканың ақпараттық функциясына баға беріп, “Хабар 24” арнасының артықшылығы мен типтік кемшіліктеріне талдау жасап, телеақпараттың пәрменділігін дәлелдеу.

Зерттеудің міндеті:

- Тележурналистикадағы ақпараттық функцияның қолданыс аясын зерттеу
- “Хабар 24” және шетелдік CNN, BBC арналарының ақпарат беру тәсілдерін салыстырып, баға беру

- Телеақпараттың дәйектілігі мен өзектілігін Хабар 24 арнасы арқылы көрсету
- Шетелдік ақпарат тарату арналарының ерекшеліктерін анықтап, баға беру

Бұқаралық ақпарат құралдарының бірінші және негізгі қасиеті – қоғамның және мемлекеттің ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру. Телевизия ақпаратты толық және жылдам, сенімді әрі эмоционалды түрде таратады. Қазіргі таңда «ақпарат» ұғымының әртүрлі түсіндірмелері бар. Бір мағынасы - елдегі және әлемде болып жатқан оқиғалар туралы халықты хабардар ету, жаңалықтарды көрсету. Тек осы мағынада ғана телеарналардың нақты ақпараттық функциясын бөліп көрсетуге болады.

Әлеуметтік ақпаратты үнемі алу қазіргі өмірге толық қатысудың қажетті шартына айналды. Әлемде немесе белгілі бір аймақта болған оқиғалар туралы репортаждар күнделікті хабар тарату кестесінің тірегі. Қалған телебағдарламалар жаңалықтар хабарлары арасындағы интервалдарда орналасады. Жаңалықтар релиздерінің дәстүрлі эфирдегі орны мен уақытынан ауысуы – сирек оқиға. Телеарнадағы ақпараттық функцияның қоғамдық рөлі биік.

Кейде жаңалықтар трансляциясы оқиға болған жерден тікелей репортаж жасайды. Бұндай жағдай төтенше жағдайларда немесе айтулы шараларда жүзеге асырылады. Мысалы олимпиада ойындары, Наурыз, Айт секілді мерекелік шаралар тікелей трансляция арқылы көрсетіледі. Ақпараттық арналар (24 KZ, 31 арна, CNN, BBC т.б) тікелей эфирлерді үнемі пайдаланады. Яғни не болғанын емес, қазіргі уақытта не болып жатқанын көрсете алады. Мұндай арналардың арқасында ең өзекті жаңалықтар кез келген сәтте қолжетімді болады. Зерттеулерге сүйенетін болсақ, әлемдегі көптеген жетекші саясаткерлердің кеңселері мен қабылдау бөлмелерінде теледидарлар CNN арнасына жалғанғаны белгілі. Теледидарды жаңалықтардан маңызды ештеңені жіберіп алмау үшін пайдаланып, үнемі ақпаратпен хабардар болады.

“Хабар 24” Хабар Агенттігіне тиесілі арна. «Хабар» Агенттігі» АҚ-ның тарихы 1995 жылдан басталады. Сол кездегі Қазақ телеарнасының ақпараттық қызметі негізінде «Хабар» Ұлттық Телевизиялық Ақпараттық Агенттігі құрылған. Бүгінгі таңда «Хабар» Агенттігі» АҚ – қазақ және орыс тілдерінде хабар тарататын үш арнаның тоғысқан орталығы. «Хабар» Агенттігі» АҚ-ның құрамына республикалық «Хабар» мен «24KZ» және EL ARNA телеарналары кіреді.

Телеарналардың тәуліктік хабар тарату көлемі: «Хабар» – 20 сағат, «24KZ» – 24 сағат, EL ARNA – 24 сағат.

Агенттіктің Қазақстанда және Ресей, АҚШ, Германия, Оңтүстік Корея, Қытай, Бельгия, Түркия, Өзбекстан елдерінде тілшілер қосыны жұмыс істейді. Эфирдің 70% телеарнаның төл туындылары,

яғни телеарнада түсірілетін бағдарламалар, фильмдер мен телехикаялар. Бағдарламалардың 90% әлеуметтік маңызды тақырыптарды қамтиды. Тәуліктік хабар таратудың 55% мемлекеттік тілде жүзеге асырылады.

Адамдардың ағымдағы ақпаратты шоғырландырылған түрде алу қажеттілігін қанағаттандыру үшін негізгі шығарылымға дейін және басқа бағдарламалар арасындағы аңдатпалар арқылы жүзеге асады.

Жаңалықтар релизінде саясат саласындағы фактілер, сондай-ақ қалыпты өмір ағымының маңызды оқиғалары алғашқы кезекте беріледі. Содан кейін медицина, мәдениет, ғылым салаларының жаңалықтары рет-ретімен көрермен назарына ұсынылады. Ал спорт жаңалықтары әдетте жаңалықтар легінің нүктесін қояды. Адам мен табиғат арасындағы мәңгілік текетірес оқиғалары өз мәнін жоғалтпай келеді. Кейбір телеарналар биржа жаңалықтарының шығарылымдарын, сондай-ақ сән жаңалықтарын (сәнді киім, үйді безендірудегі сәнді стиль және т.б.) ұйымдастырады.

Телеақпарат қалыпты жағдайдан ауытқыған оқиғаларға – қарулы қақтығыстар мен қылмыстар ерекше түсіндіруді қажет етеді. Жаңалық репортаждарындағы мұндай ақпараттың көптігін көрермендер рейтингі мен пайданы арттыру мақсатында ғана сенсация қуумен түсіндіру дұрыс емес.

Телевизиялық компанияның алдын ала беймәлім оқиғаларды жылдам көрсете алуы үшін техникалық жабдықтың жоғары деңгейі және репортаж қызметінің ерекше анық ұйымдастырылуы қажет. Бұл аймақтық және жаһандық жаңалықтарға ортақ қағида. Өңірлік және республикалық телеарналардың жақсы қарым-қатынасы кез келген оқиғаның әлем елдерінің игілігіне айналуына әсерін тигізеді. Дегенмен, әлемнің жетекші телекомпаниялары маңызды оқиғалардан репортажды қолтаңбасы қалыптасқан әрі келбетті тілшілерінің алуын жөн көреді.

CNN ғарыштық байланыс жүйесі арқылы, тікелей эфирге енгізілген репортаждық топтардың ұтқырлығының нәтижесінде әлемдегі оқиғаларды көрсетудің максималды тиімділігіне қол жеткізді. 1991 жылдың қаңтарында бүкіл әлем Парсы шығанағы соғысының тікелей көрсетілімін тамашалады. Тілші Питер Арнетт американдық ұшақтар қаланы бомбалап жатқан кезде Бағдадтағы қонақ үй терезесінен тартылған спутниктік антенна арқылы таратқан. Осы орайда оқиға орнынан тікелей ақпарат беру жаңалықтың шынайылығының дәлелі.

Әр адам үшін өз елді мекеннің жаңалықтары әлемнің ақпараттық бейнесінен маңызды емес. Өңірлік телеарналар көрерменнің назарын аударуға тұрарлық және мағынасы бар барлық нәрселер туралы хабарлайды.


Телеарна жаңалықтары тек эфирде ғана емес, сонымен қатар жыл сайынғы «Тұмар», «Үркер» байқауларында бір-бірімен бәсекелеседі.

Инстаграм желісінде 500 адамға «Телеақпарат тұтынушылары» атты сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысушылардың жас ерекшелігі 18-40 жас аралығын қамтиды. Сауалнаманың сұрақтары келесі кезекті құрайды.

- Ақпаратты қайдан аласыз?
- Телеарналар арқылы берілетін жаңалықтарға көңіліңіз тола ма?
- Телеақпараттың пәрменділігі әлеуметтік желілермен салыстырғанда қаншалықты басым?
- Ақпараттың шынайылығын қалай тексересіз?
- Қазақстандық қандай ақпараттық арналарды көресіз?
- Шетелдік ақпарат арналарының жаңалықтарын тұтынасыз ба?

Сауалнама нәтижесі бойынша телеақпараттың пәрменділігі басым екендігі анықталды. Себебі сауалнамаға қатысқан адамдардың 70%-ы ақпаратты телеарналар арқылы алады. Әрі шынайылығына күмән келтірмейді. Ал, 30%-ы әлеуметтік желілер мен сайт арқылы ақпараттандырылады. Отандық ақпараттық арналардың ішінде 24KZ, 31 арна, КТК, Qazaqstan ұлттық арнасынан берілетін жаңалықтар легін тамашалайды. Ал шетелдік арналардан CNN, BBC, Euronews секілді ақпараттық телеарналарды назарда ұстайды. Өкінішке қарай, ақпараттың шынайылығын тексерушілердің саны күрт төмендігі анықталды.

## Телеақпарат тұтынушылары



Ал еліміздің телевизиясы әлемдік стандарттар талабына қаншалықты, қай деңгейде сай келеді? Қазақстан телеақпарат кеңістігінің кәсіби шығармашылық тұрғыдағы ілгерілеушілігі байқала ма? Егер кез келген БАҚ-тың басты қызметі жедел ақпарат тарату екенін есепке алар болсақ, онда шапшаңдық жағынан қыл арқан түгілі мақта жіп есе алмайтынымыз белгілі. Оған журналистердің кәсіби деңгейінің емес, телеарналардың заманауи техникамен жарактандырылу деңгейінің төмендігі себеп болып отыр. Өйткені оқиға болған орынға сол мезетте бара алатын телеарналардың саны саусақпен санарлық. Ендігі жерде мәселенің тағы бір ұшығы – журналистің ақпаратқа, яғни болған оқиғаға немесе орын алған құбылысқа, дәлірек айтқанда, фактіге қатысы. «Қандай шешім болса да оны журналист қабылдамайды, журналистер тек фактіні жариялайды, ақпаратты таратады. Көрермен өзі таңдау жасап, қажет дүниесін іріктеп алады. Сол арқылы көрерменнің ойы, көзқарасы қалыптасады. Осындай ешкімнің түсіндірмесінсіз таза ақпаратты алған адам ғана сол мемлекеттегі билік жүйесі, қоғамдық институттар мен коммерциялық ұйымдар жайында нақты ой түйіп, белгілі бір шешім қабылдайды. Осылайша, нақты қоғамдық пікір қалыптасады». Профессор М.К. Барманқұловтың бұл пікіріндегі қағида шетел журналистикасында қатаң сақталады. Сол тұрғыдан алғанда, нақты ақпараттық форматта жұмыс істейтін “Хабар 24” арнасы ғылыми-теориялық негіздегі кәсіби қағидағаны басшылыққа алуы – шарт.

Әрине, бұл тақырып бір ғана мақала аясындағы зерттеумен шектелмейді. Келесі кезекте, ақпараттық арна аудиториясының сапалық құрамы мен арна тележурналистерінің кәсіби қызмет аясындағы проблемаарын зерттеп, зерделейтін боламыз.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАҚ-ТАҒЫ ВИКТИМБЛЕЙМИНГ

**Скендинова К.И.,**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,*

*Журналистика факультеті, 2-курс магистранты*

**Ғылыми жетекшіі:** *Өзбекова Г.С.,*

*Филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

**Аннотация:** *Криминалистика және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жаңалықтарда жәбір көруші тараптың өзін кінәлап, жсауапкершілікті соған жүктейтін мизогинді контенттер қоғамдағы сол қылмыстың одан әрі өрісуіне ықпал етеді. Мақалада Қазақстандағы гендерлік саясатқа және жәбірленуші мен абьюзер бар істе БАҚ құралдары қалай әсер етіп жатқаны талқыланады. Автор мизогинді контенттерге шолу жасап, этикалық тұрғыдан қалай дұрыс болуы керек екенін көрсетеді.*

**Кілттік сөздер:** *виктимблейминг, мизогиния, стереотип, БАҚ.*

Қазақстан – Орталық Азиядағы ірі экономикалық ел және соңғы жылдары экономикалық даму тұрғысынан айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Дегенмен ел әлі де бірқатар әлеуметтік және

мәдени мәселелерге, соның ішінде гендерлік теңсіздікке тап болып жатады. Үкімет бұл мәселені мойындап, оны шешу үшін шаралар қабылдады.

Ел 1991 жылы Кеңес одағынан тәуелсіздік алғаннан бері ұзақ жолдан өтті. Қазақстан айтарлықтай прогреске қол жеткізген салалардың бірі – гендерлік саясатты ілгерілету. Соңғы жылдары Қазақстан Үкіметі әйелдердің саясатқа қатысуын кеңейтуге айтарлықтай күш салды. Елде гендерлік теңдікке ықпал ететін бірқатар заңдар мен стратегиялар, соның ішінде 2021-2030 жылдарға арналған гендерлік теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары қабылданды. Бұл жоспар өмірдің барлық салаларында, соның ішінде саясатта ерлер мен әйелдер үшін тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған.

Қазақстандағы гендерлік теңдік тәуелсіз мемлекет қалыптасқан кезден басталады. Елімізде әйелдердің даму бастамаларына заңнамалық қолдау жүргізілуде. Бұдан басқа, елде гендерлік статистика мен сараптама тетіктері кеңінен енгізілді, әйелдердің қатысуының қоғамдық инфрақұрылымы – әйелдер ҰЕҰ қалыптастырылды, әйелдер көшбасшылығы желісі және әйелдер үшін Дағдарыс орталықтары құрылды. Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау бойынша арнайы шаралар жүзеге асырылуда.

Гендерлік теңдікті көтермелеуге бағытталған құқықтық және саяси негіздерге қарамастан, Қазақстанда әлі де елеулі мәдени кедергілер бар, оларды жою қажет. Дәстүрлі гендерлік рөлдер мен стереотиптер қазақстандық қоғамда терең тамыр жайған және бұл көзқарастарды өзгерту уақытты қажет етеді. Ол үшін БАҚ құралдарына мән беру керек. Өйткені қоғамдық пікір тудырушы журналистердің өзі сексистік, стереотипті ақпараттар жариялайды. Әсіресе, қазақ баспасөзінде әйелді "нәзік жанды", «гүлдей жайнаған» деген теңеулермен сипаттайды. Алайда олардың объективациясына қарсы тұрып, әйелді, ең алдымен, тұлға ретінде қарастырған жөн. Себебі нәзіктік – тек әйелге тән сипаттама емес, кез келген жан жынысына қарамастан, нәзік немесе қатал болуы мүмкін. Ал мұндай теңеулер әйел жыныстыларды әлсіз деп қарастырады. Ал Ulysmedia.kz сайтында «Ақпарат министрінің бұрынғы кеңесшісі жаңа қызметке тағайындалды» атты ресми ақпаратта Әлия Оспанованың бейресми сипаттағы жеке фотосуреттерін жариялаған. Осылайша лауазымды қызметтегі адамды «сұлуланған әйел» ретінде көрсетеді, оның кәсібилігіне дақ түсірген. Желі қолданушылары бұл фотодан кейін оның кәсібилігіне күмән келтіре бастады. БАҚ өкілдері гендер мәселесіне келгенде, сексистік тіркестерден аулақ болып, салқынқандылық танытқаны жөн.

Екінші мәселе – БАҚ құралдары арқылы виктимблейминг жасау. Виктимблейминг дегеніміз – ағылшын тілінен жәбірленушіні айыптау деген мағынаны білдіреді, бұл қылмыс, жазатайым оқиға немесе кез келген зорлық-зомбылыққа ұшыраған жәбірленушіні кінәлау немесе айып тағу құбылысы. Әдетте виктимблейминг нәсілдік, сексистік және классистік мәлімдемелер түрінде болады [3].

Психолог Уильям Райан өзінің 1971 жылғы кітабында "жәбірленушіні айыптау" деген тіркесті енгізді [3]. Ол кезде ол мұны АҚШ-тағы қара адамдарға нәсілшілдік пен әлеуметтік әділетсіздікті ақтау үшін қолданылатын идеология деп сипаттады. Райан Даниэль Патрик Мойниханның 1965 жылғы "Негрлер отбасы: ұлттық іс-әрекеттің аргументтері" шығармасын жоққа шығару үшін кітап жазды. Кейіннен бұл термин жәбірленушілердің өзін кінәлап, жауапкершілікті өздеріне жүктейтін идеологияны сипаттау үшін қолданыла бастады.

2023 жылы мамыр айында Алматыда 21 жастағы қыздың бір топ ер адамның зорлығына ұшырағаны туралы ақпарат пайда болды. КТК арнасының тілшісі Бақытгүл Оқасова бұл ақпаратты көрерменге ұсынатын кезде қызды «бодимассажист» деп көрсеткен, бұл ақпаратты тек айыпталушы тарап қана айтса да, ол еш жерде дәлелденбесе де, мұны «тың дерек» деп ұсынған. Айыпталушы өзін ақтау үшін қызды қаралайтыны хақ, алайда онсыз да зорлық құрбаны болып, физикалық, моральдық тұрғыдан жапа шеккен қызды қоғамға медиа құралы арқылы жаман етіп көрсетуге журналист жол бермеуі тиіс. Өйткені бұл кінәні қыздың өзіне жабуға және қастандық жасаған адамдардың мұндай әрекет үшін өз кінәсін сезінбеуіне әкеледі. Мұндай ақпарат зардап шеккен тарапқа одан сайын қоғамдық қысым жасады, өйткені 21 жастағы студентке жағымсыз пікір жазғандар тола болды. Бұл репортажға «Немолчи» қорының басшысы Динара Смайылова қарсы шығып, қыздың арына араша түсті. Десе де арна басшылығы да, тілші де кешірім сұрамады.

Жыныстық зорлық-зомбылық құрбандары туралы мифтер, қоғамдық ескі стигматизацияланған пікірлер өте көп. Жәбірленушінің киімі, мінез-құлқы, тәрбиесі осындай әрекетке итермелейді деген пікір баршылық. Мысалы Stan.kz ақпарат агенттігінде "Ағалардан ұсыныс түссе демек өзі еліктірген шығар": Қазақстан аруы байқауының ұйымдастырушылары Диана Тәшімбетованың не себепті титулынан айырылғанын айтты» атты ақпарат жарияланды. Осылайша, харассментке тап болған қыз өзі еліктірген, өзі кінәлі дегенді үндеп, қаскөйлерді қорғайды. Ал ТМД еліне танымал әнші Jah Khalib «Orta» подкастында «Зорлық-зомбылықтың 85%-ы қыздардың дұрыс емес жерде, дұрыс емес киіммен

және дұрыс емес уақытта жүруінен болады» деген пікірді айтып, осындайға тап болмас үшін қыз балалар орамал тағып, жабық киінуі керек дегенді үндейді. Мұндай пікір желі қолданушылардың шамына тиіп, көпшілік оның концертінен, әндерінен бас тарту керек екенін айтты. Өйткені зорлық-зомбылық құрбаны кішкентай балалар да, тіпті хиджаб киетіндер де болады деп санайды. Бұл тенденция «Cancel culture», яғни «бас тарту мәдениеті» деп аталады. Танымал адамның орынсыз пікіріне халық жаппай наразылық ретінде оған қарсылығын білдіреді, тауарынан немесе қызметінен бас тартып, алмай қояды.

Жылдар бойы патриархалды түсініктер сіңіп қалғандықтан, тұрмыстық зорлық-зомбылықты мәселе көрмейтіндер де байқалады. Осы тұста телеарналардағы кейбір бағдарламаларда мизогиния, яғни әйелдерге қатысты жеккөрушілік және кемсітушілік байқалады, соққыға ұшырағанына өзін кінәлайды. Жақында шу болған «Хабар» арнасындағы «Бірақ...» ток-шоуы бұған дәлел. Шоуға тұрмыстағы зорлық-зомбылықтан зардап шеккен шымкенттік әйел келіп, өз мәселесін айтады. Сол кезде тележүргізуші одан «Сізді не себеппен ұратын еді? Біреуін тамақ істемегені үшін, көшеге кеткені үшін ұрады ғой, ал сізді ше?» деген сұрақ қояды. Бұл астарында «демек өзін бірдеме бұлдірдің» дегенді үстейді. Сонымен қоймай, оның рұқсатынсыз бағдарлама авторлары әйелдің күйеуін әкеліп, екеуін татуластырмақ болады. Салдарынан әйелдің тікелей эфирде жүйкесі сыр берді. Бұл қоғамда үлкен резонанс тудырып, ток-шоу бірден жабылады, ақпарат министрі Аида Балаева арна басшылығына ескерту жасайды. Бұл қоғам сынағаны, бірақ кей пікірлер, кейбір бағдарламалар ескерусіз қалды. 2020 жылы жарыққа шыққан "Кел, татуласайық!" реалити-шоуына 19 жастағы Қызғалдақ есімді қыз келеді. Оны 14 жасында 3 ер адам зорлаған, нәтижесінде қыз жүкті болып, бала босанады. Ток-шоуда сарапшылар қыздың тағдырын ортаға салып, оның өзі де жеңіл жүрісті болғанын айтып, өзін кінәлайды, онымен қоймай зорлықшылардың бірін кешіруге үгіттейді.

Мәжіліс депутаты Анас Баққожаев та осындай ауыр пікірлерді көтерген. Ол тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңға қатысты өз пікірін айтып, «әйел адам өз тілінен табады» деп әйел адамдарға жауапкершілікті жүктейді. Мұнда да мизогиния көрінісі бар. «Көреміз» ток-шоуында да журналист Меруерт Әйтенова ажырасқан әйелдерді қоғамның сорына теңейді.

«Сендер, мына ажырасқан әйелдер – қоғамның сорысындар. Біз жек көреміз. Мысалы, мен жеке өзім ажырасқан әйелдерді жек көрем. Отырғым келмейді олардың қасында. Мен сияқты миллиондаған әйелдер бар. Отбасын ұстап, қандай болса да көніп отқан әйелдер бар. Солар ажырасқан әйелдермен бір дастарханда отырғысы келмейді», – дейді Меруерт Әйтенова.

Мұндай пікірден де мизогинді сипатты байқаймыз, ашық түрде әйелдердің белгілі бір тобын айыптайды. Бұл кезде де әйелдердің құқығын қорғаушы Динара Смайылова қарсы шығып, мұндай пікірлерден ада болуды сұрайды.

“Бұл ханымның көздері ашу мен кекке толы, ал қарама-қарсы жақта көзінде оты жоқ, өмірден қажыған қыздар отыр. Бұл әйел келіп, мұндай айыптаулармен оларды одан сайын өшіруде”, – деді қоғам белсендісі.

Жәбірленушінің өзін кінәлі етіп көрсету, әйел адамға жауапкершілік жүктеу жағдайлары көп байқалады. Информбюро жаңалықтар бағдарламасында "Үйіне келген қонақтан қызғанған": Жетісу облысында ер адам әйелін аяусыз соққыға жығып, өлтірген» атты ақпарат көрсетілді. Мұнда да қорлық көрсеткен адамды, атап айтсақ, әйелге қастық қылған ер адамды ақтап алу әдісі байқалады. Оқырманның көкейіне «әйел қызғандырмаса, оны ұрмас еді» деген сауал туындатып, жауапкершілікті әйелге жүктеген.

Өзінің әйелі Салтанат Нүкенованы соққыға жығып, өлтірді деп сотқа тартылған бұрынғы министр Қуандық Бишімбаевтың ісі де қоғамның назарында. Алайда марқұмның өзін кінәлап, қаралағандар табылды. Яки күйеуінің көзіне шөп салды, танымал бизнесменнің көңілдесі болды, өте ұстамсыз және ішімдікке жақын әйел болды деген ақпараттар жарияланды. Сондай пікірлерді жариялағандардың бірі – ZTV арнасы. Бұл «әйел адам өзін белгілі бір нормаларға сай емес ұстаса, оны ұруға, соғуға, өлтіруге болады» деген орынсыз ойды үндеуі мүмкін. Оның үстіне бұл ақпараттың шын-өтірігін анықтау мүмкін емес, өйткені екінші тарап көз жұмды, ол бұған өз жауабын бере алмайды. Екіншіден, шын болған күннің өзінде қылмысты ақтайтын фактор болмауы керек және БАҚ жәбірленушілердің менталды жағдайына кері әсер тигізбеуі тиіс.

### **Қорытынды**

Дәстүрлі гендерлік рөлдер мен стереотиптерді жою, басшылық лауазымдардағы әйелдердің өкілдігін арттыру және жыныстық зорлық-зомбылықты жою бойынша келісілген күш-жігер қажет. Ең алдымен, қылмысқа итермелейтін нәрсе – ол қылмыскердің ниеті, жәбірленушіні сынауға болмайды. Кім қандай болса да, киімі, қылықтары басқаша болса да, оған тиісуге, қорғауға ешкімнің хақысы жоқ.

БАҚ құралдары жәбірленушіні кінәлау тенденциясын жасамауы қажет, өйткені бұл қаскөйлердің жауапкершілікті сезінбей, осы әрекетін жалғастыруға әкеледі.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңсіздік индексі  
<https://gender.stat.gov.kz/kk/category/12>
2. Қазақстандықтар елімізде әйел болудың қандай кемшіліктері барын айтып берді  
<https://stan.kz/erlerdin-oyina-da-kelmegen-kureste-kunde-aykasadi-kazak-378678/>
3. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) 2021 жылғы парламенттік сайлау туралы ақпаратты қамтитын әйелдердің Қазақстандағы саясатқа қатысуы туралы есепті жариялады. Сілтеме: [https://www.undp.org/content/kazakhstan/en/home/library/democratic\\_governance/women-in-politics-kazakhstan.html](https://www.undp.org/content/kazakhstan/en/home/library/democratic_governance/women-in-politics-kazakhstan.html)
4. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) Қазақстандағы 2021 жылғы парламенттік сайлауға мониторинг жүргізіп, сайлаудың гендерлік аспектілері туралы есеп жариялады. Сілтеме: <https://cabar.asia/en/kazakhstan-s-national-gender-policy-reality-and-challenges>
5. Развитие гендерной политики в Казахстане за годы независимости. Экспертный обзор. Ссылка: <https://www.nur.kz/nezavisimost/1904553-razvitie-gendernoy-politiki-v-kazahstane-za-gody-nezavisimosti-ekspertnyy-obzor/>

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАТА-ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ЦИФРЛЫҚ МЕДИДАҒЫ КӨРІНІСІ

**Нуритдинова К.,**  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
Журналистика факультетінің 2-курс  
магистранты  
Ғылыми жетекшісі: **Өзбекова Г.,**  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент

**Аннотация:** Бұл мақала Қазақстандағы үдерісті тренд ретінде дамып келе жатқан дата журналистика саласы туралы сөз қозғаймыз. Дата журналистика және олардың тәсілдері арқылы ақпараттың даму стратегиясын анықтау, заманауи журналистика көрінісі статистикаға, визуалға, инфографикаға ақпарат интеграциялап, жаңа формат қалай туындағаны зерттеліп, деректер журналистикасының түрлі анықтамалары көрсетілетін болады. Дата журналистика деректерді, қызықсыз және мағынасыз сандарды тарихқа айналдыратынын, сондай-ақ, қазіргі заманның маңызды мәселелеріне назар аударатынына байқауға болады.

**Түйін сөздер:** дата журналистика, инфографика, визуализация, медиа, жасанды интеллект, цифрлық технологиялар

Қазақстан медиа кеңістігінде қазіргі уақытта деректер арқасында ақпаратты жаңа түрін құруға негіз бола алатын біртұтас кеңістік құруға мүмкіндік алды. Жаңа ақпараттық технологиялардың қарқынды және жан-жақты дамуы, медиа-өнімдердің кеңінен таралуы, адамның және бұқаралық ақпарат құралдары әлемімен тығыз қарым-қатынас жасауы, актуалды мәселелерді шешу тенденциясы көрініс тапты. Жылдамдық, ұтқырлық, әмбебаптылық, интерактивтілік, мультимедиа - бұл қазіргі заманғы БАҚ, заманауи редакция және медиа кеңістіктің негізгі сөздері. БАҚ міндеті ақпаратты жинау, алу және баяндау ғана емес, жаңа техникалық мүмкіндіктердің көмегімен контекст ұсынып, адамдарға жаңалықтарды түсіндіру болып табылады.

**Жұмыстың мақсаты** – Ғаламтор БАҚ оффлайн және онлайн басылымдарының жұмыстарын бағалау мен сараптау.

Бұл мақсатқа келесі міндеттерді шешу арқылы қол жеткізуге болады:

**Міндеттері:**

- 1) Деректер журналистиканың өзіндік ерекшеліктерін анықтау.
- 2) Деректер журналистикасы тәсілдерінің ерекшеліктері мен кезеңдерін талдау.
- 3) жаңа ақпараттық технологияларды белсенді пайдаланатын қазақстандық БАҚ тәжірибесін талдау.

Соңғы жиырма жыл ішінде адамдар үшін ақпараттың рөлі түбегейлі өзгерді, біз оны басқаша қабылдай бастадық. Қазіргі адам ақпараттың шамадан тыс жүктелу әлемінде өмір сүреді: күн сайын біз жүздеген түрлі медиа хабарламаларға тап боламыз. Дәстүрлі БАҚ пен коммуникацияның дәстүрлі

түрлеріне жаңа медиа мен коммуникацияның жаңа түрлері - блогтар, әлеуметтік желілер, ұялы телефондар, планшеттер және т. б. қосылды. Енді тұтынушы жаңалықтарды кез келген жағдайда ала алады: жолда, кезекте, жеке және қоғамдық көлікте, жұмыста, тамақтану кезінде, спортпен шұғылдану кезінде - жаңалықтарды алуға мүмкіндік беретін гаджет болса жеткілікті.[1] Дата журналистика баспа, телеграф, телефон, радио және теледидар ойлап табылғаннан кейін, түбегейлі өзгерістерге ұшырап және ұялы байланыс жүйелері, спутниктік байланыс жүйелері, цифрландыру және интернет арқылы медиа әлемінде жаңа өлшемге айналды. Жаңа коммуникациялық технологиялар мен деректер журналистика құрылымды кәсіби тұрғыдан өзгертті, өйткені олар технологияның шексіздігі мен мәңгілігіне байланысты веб-сайт арқылы мақсатты топқа жеке қол жеткізе бастады. Осы зерттеу аясында коммуникациялық технологиялар мен дата журналистика арасындағы байланыс бағаланады. Байланыс технологиясындағы кез-келген өзгеріс медиаға әсер етті. Газет алдымен ғаламторға қарағанда компьютерлерге ауысты. Барлық БАҚ-ты өзгертетін деректер журналистикасы газет нарығына үлкен өзгерістер енгізді. Ақпараттың таралуы мен жылдамдығын әкелді. Жеке журналистер құрған әлеуметтік медиа дәстүрлі газетті цифрлық медиаға қосылуға мәжбүр етті. Мобильді технологиясының дамуымен дәстүрлі медиа тұтынушыларының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жаңа технологияларға бейімделуге мәжбүр болды. Бұқаралық ақпарат құралдары онлайн әлемге ауысқаннан кейін газет мобильді қосымшаларымен кірген кезде белсенді бола бастады. Қосымшалар мен мобильді веб-сайттар газетке таратудың жаңа формасын әкелді. Содан соң, бірінші QR кодтар, Vlogger технологиясы дәстүрлі газетке мобильді БАҚ-пен байланыс орнатуға мүмкіндік берді.

Дата журналистика ұғымын қарастырсақ, бұл бірнеше тұжырымдамаларды біріктіру және оларды журналистикамен байланыстыру үшін кеңінен қолданылады. Кейбіреулер оларды журналистік процесте жаңа технологияларды неғұрлым қарапайым қолданудан бастап күрделі пайдалануға әкелетін деңгейлер немесе кезеңдер ретінде қарастырады.[2] Бірақ, журналистика сала бойынша тренері Хенка ван Эсттің айтуынша, " деректер журналистикасы тиісті оқиға болғанға дейін құралдар арқылы алдымен өңделуі тиіс кез келген деректерге негізделуі мүмкін. Ол визуализацияны қамтымайды".[3] Бұл ұғымды "деректер журналистикасы дегеніміз не?" атты кітабында сипатталған [4] - Лондондағы Mozilla Festival (MozFest) іс-шарасында жиналған шетелдік газеттер мен басылымдардың идеяларын талқылау үшін шығарған журналистика бойынша нұсқаулық болып саналады. Ол жерде, біріншіден, «сіз деректерді қайдан іздеу керектігін білуіңіз керек? Екіншіден, дәлелді қорытынды жасау үшін қалай анықтау қажет?» деген сұрақтарға жауап таба аласыз. Оған қоса, журналистің негізгі құралы-Excel, қолданыстағы дерекқор тізімінде атап кеткен, олар: Quora.com, Stack Overflow, Open Knowledge Foundation және т. б. Ғаламтордағы дерекқорлар: Thedatahub.org, Hubofdata.ru, Datacatalogs.org, The data Hub, Data.worldbank.org, Data.un.org, деген сияқты бірнеше елдің даму параметрлерін салыстыруға мүмкіндік береді. Ұлттық мәліметтер базасы бар: Hubofdata.ru, Data.gov (АҚШ), Data.gov.uk (Ұлыбритания), stat.kz (Қазақстан). Wikipedia ресурстар сияқты пайдалы деректер көзі болып табылады. Wikidata.org, Freebase.com, Dbpedia.org. Python, lxml, BeautifulSoup сияқты деректерді алу құралдары да кіреді. The Guardian data Blog және open Platform жобасы сияқты пайдалы дереккөздер де бар. [5]

Қазақстандағы деректер журналистикасын зерттеу барысында қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде дата-журналистиканың даму тақырыбы қамтылды, дәлірек айтсақ: Г. ж. Ибраева (2014), Ш. и. Нұрғожина, Қ. Ж. Тұрсын, Л. С. Ахметова, Б. А. Ахатова; А. А. Молдабекова, Д. Шорохова. Сондай ақ ҚазҰУ ғалымдарының бірлескен жұмысы Л. П. Нода мен М. Дауылбай ҚазҰУ хабаршысында, журналистика сериясы ("журналистиканы дамытудағы қиындықтар-деректер журналистикасы: Қазақстан тәжірибесі"), с. х. Барлыбаева, М. А. Малтабарова ("Қазақстандағы дата-журналистика Тренд ретінде") жұмыстарын атап өтуге болады. [6] Осы зерттеу үшін біз Қазақстандағы ең танымал интернет басылымдарды іріктеп алынды, ол Liveinternet.ru порталы бойынша құрылған рейтингке сүйендік. (8 ақпан, 2024). Интернет-басылымдардың ішінде қазақстандықтар көп ақпаратты алатын алаңды, статистикамен топ-30 – ға бөлінген, олар: tengrinenews, informburo.kz, vesti.kz, astana.kz, massaget.kz, inform.kz, almaty.kz және тағы сол сияқты басқалары да көрсеткіште болды. [7]

2023 жылғы наурыздағы жағдай бойынша БАҚ статистикасы туралы айтсақ...

Қазақстан Республикасында 2023 жылдың наурыз айында 5476 БАҚ есепке қойылған, оның ішінде 3808 мерзімді баспа басылымы, 195 –телеарна, 86- радио, (601- ақпарат агенттігі, 497 – желілік басылым) 1098–интернет БАҚ. (5187 - Отандық БАҚ, 289 - шетелдік БАҚ).

Бұқаралық ақпарат құралдарының көп есепте тұрғаны мерзімді баспа басылымы. Барлығы 3808 оның ішінде: газет – 2199, журнал – 1609. Бұқаралық ақпарат құралдарының таратылу тілінің көпшілігі 2001 –БАҚ қазақ және орыс тілінде қатар таратылады

БАҚ бұзушылықтары бойынша...

2023 жылғы 1-31 наурыз аралығында «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 41-1-бабының 1-1-тармағына сәйкес уәкілетті органның нұсқамасымен 1136 интернет-ресурстар мен сілтемелерді таратуға шектеу қойылды.

Бұзушылықтардың түрлері бойынша:

- 1 – терроризм, экстремизм;
- 86 – 18 + контенті;
- 76 – есірткі құралдарын, алкаголь, темекі бұйымдарын насихаттау және тарату;
- 350 – «Ойын бизнесі» туралы Занды бұзу;
- 7 – жарнама;
- 26 – жалған ақпаратты тарату;
- 5 – қорлайтын іс-әрекеттер бойынша ақпарат;
- 1 – әкімшілік құқық бұзушылық;
- 575 – алаяқтық;
- 9 – құжаттарды қолдан жасау фактілері байқалды. [8]

Қазақстан БАҚ сегментін зерделеу барысында соңғы жылдары (2018 – 2023 жж.) бұл жобалардың алуан түрлілігін көрсеткен болатын, олар тек арнайы қағидаттары бойынша және актуалды тақырыптардың аясында құрылатын екенін, бұл кейбір баспалардың трендтен қалмауы үшін жасалған құбылыс деуге болады. Олар негізінен инфографиканы тек әлеуметтік-экономикалық тарихты ақпаратты ұсынғанда ғана қолдатыны анық байқалды.

Мысал ретінде, COVID-19 статистикасын айта аламыз, оны қолдана отырып, соңғы үш жылда инфографика арқылы ақпарат беру сапаға әсер еткенін, ол айтарлықтай артып, біздің азаматтарының цифрлық білімі жоғарылағаны және санамызда сақталып қалатын үдерісті атап өткен жөн. Бірақ бұған қарамастан, деректер журналистикасы қазақстандық медианың жаңа құралына және трендіне енді ғана еніп жатыр. Онлайн порталдардың көптілігіне қарамастан, инфографика өте сирек қолданылады. Ақпарат ағымы ауқымды болса да, бүгінгі таңда қазақстандық БАҚ ресми ұлттық статистикадан шығатын соңғы сандарға көз жүгіртсек, өте қысқа мақалалар жариялауға бейім екені қатты қыңжылтады.

Сонымен қатар, интернет басылымдарда қысқа әңгімелердің болуы, көркем суреттердің болуы, олардың күшейтпелі интегралды және визуалды инфографиканы аз қолдану, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне құндылықтарына теріс әсер етеді.

Қорытындылай келе, дата журналистиканың бұл саласы қиын да, қызықты да айқара мәлім. Алайда дата журналистер шеберлік іскерлігімен жоғарыда аталған деректер негізінде өзекті материал жасай алады. Көлемді ашық деректердегі мәліметтерді сүзгіден өткізіп, қоғам санасына түйетіндей ой қалдырып, олардың қызығушылығын пайдаланып, маңызды журналистік зерттеулерінде келтіре отырып, халықтың көкейіндегі сауалдарға деректер арқылы қысқа да нұсқа жауап беретін, маңызды мәселелерді шешілуіне де болашақта неғұрлым қабылдауға итермелейтін журналистиканың бір саласы әрқашанда актуалдылығын жоғалтпайды. Дата журналистика мәселенің түбіне жетуге, себептерін анықтауға және деректер негізіндегі ақпаратты аудиторияға дұрыс ұсынуға мүмкіндік береді. Кез-келген қолға алған проблемасы туралы ақпаратқа ие бола отырып, қоғам сұранысына орай және олардың игілігі үшін негізделген оң шешімдер қабылдай алады. Себебі: «Ақпарат кімде болса, қару сонда» деген тұжырымға келеміз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. *Мультимедийная журналистика: инструменты, опыт применения в пермских СМИ* - <https://vernsky.ru/pubs> [1]
2. *Rogers, Simon (28 July 2011), "Data journalism at the Guardian: what is it and how do we do it?", The Guardian, London, retrieved 25 October 2012* [2]
3. *Michelle Minkoff (24 March 2010). "Bringing data journalism into curricula"* [3]
4. *What is it Data Journalism? London, 2011* [http://ria.ru/files/book/\\_site/введение\\_0.html](http://ria.ru/files/book/_site/введение_0.html) [4]
5. *Ибраева, Г. Ж. Журналистика данных – новый тренд казахстанских медиа / Г. Ж. Ибраева. – Текст : непосредственный // Вестн. Казахского нац. ун-та. ("Қазақ университеті"). – 2014 – № 1 (35). – С. 3-10.* [5]
6. *С.Х., Барлыбаева; М.А., Малтабаров. Дата-журналистика в казахстане как медиатренд. Серия Журналистики, [S.l.], v. 55, n. 1, p. 21-33, mar. 2020. ISSN 2617-7978. Доступно на: <<https://bulletin-journalism.kaznu.kz/index.php/1-journal/article/view/1148>>. Дата доступа: 09 apr. 2023 doi: <https://doi.org/10.26577/HJ.2020.v55.i1.03>.* [6]
7. <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/press/article/details/120220?lang=kk> [7]
8. <https://www.liveinternet.ru/rating/ru/media/#geo=kz:group=media>; [8]

## ЭЛЕКТРОНДЫ БАҚ-ДАҒЫ РАДИОНЫҢ ОРНЫ, ОНЫҢ АҚПАРАТ БЕРУДЕГІ ЖЕДЕЛДІГІ МЕН КРЕАТИВТІЛІГІ

Алманова Н.,

*Баспасөз және электронды БАҚ  
кафедрасының I курс магистранты*

Сымсыз ақпарат жеткізудің бірден-бір құралы – радио. Оның тарихы туралы баршамыз білеміз. Дегенмен, ақпарат үшін тағы бір рет айта кетейік. Алғашқы радиохабар 1921 жылы Орынбордағы өлкелік радиостанциядан тарай бастады. Содан бері бір ғасырдан аса уақыт өтті. Осы уақыт аралығында қазақ радиожурналистикасының ұлттық мектебі қалыптасты. Радио саласын әр жылдары Р. Сағымбеков, М. Барманқұлов, С. Қозыбаев, Н.Омашев, К. Қабылғазиналар зерттеді.

Радионың құдіреті оның ақпарат таратудағы өзге БАҚ-ға ұқсамайтын ақпарат беру тәсілінде. Себебі радио ақпарат адамның есту қабілеті арқылы беріледі. Радио өнім тыңдарманның эмоциясына, қиялына, ой-санасы мен сезіміне әсер етеді. Ғалымдардың зерттеуінше, сөз бен дыбыс адамның жан дүниесіне әсер етеді. Адам естіген хабарын көз алдына елестетеді. Зерттеушілер келтірген тағы бір қызық дерек, біздің көру қабілетімізден гөрі, есту қабілетіміздің мүмкіндігі әлдеқайда зор. Есту арқылы қабылданған ақпараттың маңыздылығы көзбен көріп қабылдағаннан қанығырақ болады. Радионың ақпарат кеңістігінде шекара жоқ. Оның маңыздылығы - хабарды бір сәтте миллиондаған адамға жеткізіп құлақтандыра алуында. Қоғамдық құбылысқа айналған радио қас-қағым сәтте қаншама адамның санасына әсер етіп, қоғамдық пікір тудыруға ықпал етеді.

Тіпті ақпаратты оқып білу арқылы алу үрдісі әлі қалыптаса қоймаған кезеңде “ұзынқұлақ” деп аталған радио мұқым елдің жаппай сауаттануына, ел мәдениетінің дамуына ықпалдасты. Тіпті соғыс жылдары елді рухтандырып, жауға қарсы шабуылдауда, жеңіске жетуде түрлі бағыттағы радиохабарлар маңызды рөл ойнады. Соғыстан кейінде елдің еңсесін тез тіктеуіне ерекше үлес қосқан да радио.

Радионың хылықпен бірге жасасып келе жатқандығының тағы бір дәлелі өткен ғасырдың үні мен музыкасы сақталған “Алтын қор” дүниеге келді. Осы «Алтын қордың» арқасында ұлттық кодымыз сақталған әуезді әндер мен тарихи тұлғаларымыздың таспаға жазылған үнін арада ғасырға жуық уақыт өтсе де, қаз-қалпында күні біүгінгідей естіп, тыңдау мүмкін болып отыр.

Бүгінде түрлі бағыттағы радиолар бар. Әркім өз талғамына, стиліне, таңдау еркіне сай әуе толқынынан радиохабар тыңдау мүмкіндігі бар. Қазіргі таңда отандық және шетелдік радиостанциялардың көбі коммерциялық негізде құрылған. Яғни, оның иесі жеклеген адам немесе компания болуы мүмкін. Алайда, жалпы тыңдарман үшін бұл айтарлықтай маңызды емес. Олардың қаржыландыру көзі негізінен жарнама тарту. Ол үшін өтімді, креативті хабарлар жасап қалың аудитория қалыптастыру бірінші кезекте маңызды.

Радио — ең жедел хабар тарататын бұқаралық ақпарат құралы. Радионың өзге құралдардан ерекшелігі жаңалықты жедел, нақты беруінде. Сөзімізге дәлел болу үшін «Автордио Қазақстан» радиосы жаңалықтар қызметінің ақпарат таратудағы тәсілін мысалға келтіргім келеді. Жалпы радиостанция республика бойынша топ үштіктің қатарына кіреді. Осы жоғары рейтингті сақтап қалу үшін тәуліктің 18 сағатында сағат сайын тікелей эфирде жаңалықтар береді. Тыңдарманмен тікелей байланыста жүргізілетін түрлі интеллектуалдық бағыттағы сұрақ-жауап форматындағы ойындар ұйымдастырылады. Музыкалық сәлемдеме секілді хабарлары тағы бар. «Автордио Қазақстан» ақпаратты жедел беруде алдына жан салмайды. Біріншіден, тыңдарманын ел және шетел жаңалықтарымен сағат сайын қазақ-орыс тілдерінде тікелей эфирде ақпаратпен қамтамасыз етіп отырады. Егер қоғамда шұғыл маңызды оқиғалар болса, журналистер жедел түрде тікелей эфирге шығып, халықты құлақтандырады. Радио журналистері жаңалық маңыздылығын жоймай жатып, эфирден үнемі бірінші беруге тырысады. Бұл аудитория шоғырын жоғалтпай ұстап тұрудың бірден-бір қадамы.

Жалпы республика бойынша 80 ғана радио ресми тіркеліп хабар таратады. Олар Астана, Алматы секілді ірі қалаларда орналасқан. Жергілікті радиостанциялардың қатары жоқтың қасы. Алдағы уақытта әр аймақта жедел ақпарат тарататын радио арналар пайда болады деп сенеміз. Мысалы, АҚШ-та 8 мыңнан астам түрлі радиостанция бар екен. Бір қызығы, арнайы жасалған сауалнама нәтижесі, тыңдарман орталықтан хабар тарататын радиоларға қарағанда жергілікті радиостанциялар берген ақпаратқа көбірек сенетінін көрсеткен.

Бүгінгі қоғамда зорлық-зомбылық, қантөгіс, аяусыз ұрып-соғу жағдайлары көбейді. Оны теле-радиоларда көрсету арқылы рейтинг көтеру үшін жарыса беру белең алып кетті. Менің ойымша, БАҚ көрермен мен оқырман санасын уламас үшін мұндай хабарларды көп бермеуге тырысу керек.

Жантүршігерлік ақпаратты, зорлық-зомбылық жасаған арсыз адам жазаланған кезде ғана, өзгелерге мұндай айуандық әрекет жазаланады деген сипатта ғана көрсетіп айту керек сияқты. Психологтардың айтуынша, қайғылы оқиғалар радиодан естілгенде телевизиядағыдай жүйкеге тікелей әсер етпейді. Себебі жағымсыз хабар естігенде адамның психологиялық қорғанысы жұмыс істейді. Бүгінде радиостанциялардың ақпарат берудегі креативтілігін арттыру үшін радиожурналист студияда отырып емес, оқиғаның дәл бел ортасында жүріп, тікелей репортаж жүргізуге көшу керек. Ол үшін қолыңыздағы гаджет жеткілікті. Бұл радионың ақпарат таратудағы спектрін кеңейте түседі. Мүмкіндігін арттырады. Жеделдігін еселей түседі. Коммерциялық жағынан алғанда аса қатты шығынды да қажет етпейді. Жалпы ақпаратты тыңдарманға жедел жеткізу жағынан телевизия да, сайт секілді желілік басылымдар да радионы басып оза алмайды. Тікелей репортаж жүргізу тәжірибесін қолға алар уақыт туды. Сонда радиотілшілік дамиды. Журналист шыңдалады. Жалпы ұжымда шығармашылық өсу болады. Радиостанцияның беделі артады, аудиториясы ұлғаяды. Төтенше оқиғалар жағдайында немесе қандай да бір саяси науқандар кезінде оқиға орнынан тікелей эфирге шығып радиорепортаждар жасау сенімді ақпарат берудің маңыздылығын арттырады. Радио жаңалықтар барлық салаға қатысты ақпаратты бір сәтте аз уақытта қамти алуымен де маңызды. Жаңалықтар топтамасында төтенше жағдайлар да, маңызды саяси оқиғалар, әлеуметтік-экономикалық қатынастар туралы, спорт жарыстары, тіпті күн райы деректері де әуе толқынынан беріледі. Радио сонысымен қолайлы.

Радио ақпарат оқиғаның әр қырын қамтып, неғұрлым жиі берілсе соғұрлым тыңдарманның қызығушылығын тудырады. Радиоарналарда қоғамдағы жағдайларды тікелей эфирде талқылау, тыңдарманның көзқарасын тыңдау тәжірибесі еніп келеді. Бұл радиохабардың жанрларын жетілдірудегі қадамы деп қабылдаған жөн. Сонымен қатар соңғы кезде радиода сырласу, ток-шоу жүргізу сынды жанрлар дамып келеді. Бұл құптарлық жағдай. Бұны да креативтілікке жатқызуға болады. Осы ретте қоғамдық пікірді сараптап, жүйелеу арқылы жеткізу радионың әлеуетін арттырып отыр.

Тағы бір нақты айта кетер жағдай, 21 ғасырдың радиосын жасанды интеллект алмастыра алмайды. Себебі радио адамның есту қабылетіне құрылған. Сондықтан да адам жасандылықты қабылдай алмайды. Олай дейтініміз жасанды интеллект ақпараттың маңыздылығын дәл диктор секілді эмоциямен бере алмайды. Тіпті радиотілші сияқты сөйлемнің мағынасына қарай интонация да қоя алмайды. Зерттеушілердің пікірінше, адамдар ақпараттың 40 пайызға жуығын интонация арқылы қабылдайды екен.

Қорыта келе, радио әркез ақпарат беруде жеделдігі мен жаңашылдығы арқасында алда тұрады. Радио – қуатты ақпарат құралы. Сол ерекшелігін сақтай отырып, отандық салалық радиоарналар саны арта түссе деген тілек бар. Бұл да бүгінгідей цифровизацияның қарыштап дамып жатқан кезеңінде көп уақыт күттіре қоймас деп сенеміз.

## **ДАТА ЖУРНАЛИСТИКАСЫН ВИЗУАЛИЗАЦИЯЛАУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІҢ РӨЛІ (ДЕРЕКТЕРДІ ВИЗУАЛИЗАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ АУДИТОРИЯНЫҢ АҚПАРАТТЫ ВИЗУАЛДЫ ҚАБЫЛДАУЫ)**

**Зекенова М.Ж.,**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Қазақстан, Алматы қаласы*

### ***Аңдатпа***

Бұл мақала психологиялық қағидаларға негізделген деректерді визуализациялау әдістерін айқындайды. Ақпарат адам танымының психикалық үлгілеріне сәйкес келсе, адам тиімдірек қабылдайды және көру үдерістеріне сәйкес келсе, дәлірек қабылданады деген болжам бар. Бұл адамның когнитивті құрылымын түсінумен ғана шектелмейді, сонымен бірге оған деректерді бейімдеуді де қажет етеді. Мақалада шикі деректерді адам оңай қабылдайтын форматқа түрлендіруге мүмкіндік беретін психологиялық тәсілдер ұсынылған. Мұндай модельдерді құруға мүмкіндік беретін деректерді алдын-ала өңдеу әдістері, сондай-ақ осы модельдерге негізделген әр түрлі көріністер сипатталған. Бұл оларды жүзеге асырудың практикалық аспектілеріне назар аудара отырып, кеңістіктік, сипаттамалық, құрылымдық және трансформациялық көріністерді құруға бағытталған тәсілдерді қамтиды.

**Тірек сөздер:** дата журналистика, визуализация, психологиялық тәсілдер, деректер, инфографика.

### **Кіріспе**

Басқа да бірқатар салалардағыдай, медиа саласында, журналистер көбінесе «шикі» ақпараттың кең көлеміне сүйене отырып шешім қабылдауға мәжбүр. Мысалы, статистика бөлімінде жұмыс істейтін журналистер есептерді дайындау үшін деректерді талдауға және біріктіруге қабілетті болуы керек. Олардың жұмысының тиімділігінің негізгі факторы - бастапқы ақпаратты түсіну сапасы. Ақпаратты терең түсіну маңызды оқиғаларды, өзгерістер мен тенденцияларды анықтауға, сондай-ақ, егжей-тегжейлі талдау үшін ең маңызды деректерге назар аударуға мүмкіндік береді. Алайда деректерді өңдемей, ақпараттың негізгі аспектілерін бөліп көрсету және оны тиімді пайдалану немесе әртүрлі деректер жиынтығын біріктіру қиын.

Деректердің үлкен көлемін талдаудың ең танымал және тиімді тәсілдерінің бірі - деректерді визуализациялау әдістері. Олар ақпаратты графикалық форматта ұсынуға бағытталған, ол деректерді дәл жеткізеді және адам оңай қабылдайды. Деректерді визуализациялауда адамның қабылдау ерекшеліктері мен танымдық қабілеттерін ескеруі маңызды. Осылайша, деректерді визуализациялау үлкен көлемдегі ақпарат пен талдаушы арасындағы өзара әрекеттесудің тиімді құралы бола алады. Деректерді визуализациялаудың негізгі мақсаты - жүйелерде сақталған деректер мен осы ақпаратты өңдейтін адамдар арасында «байланыс арнасын» құру.

Деректердің психологиялық талдау маңыздылығы жақында жақынырақ танысып жатқан эффект өлшемдері мен психологиялық әдістерді зерттеуді тестілеумен дами бастауда. Сонымен қатар психология және онымен байланысты салалар нәтижелерді визуализациялау мен түсіндірудің инновациялық әдістерін жасауға келгенде айтарлықтай үлес қосты.

### **Психология және деректерді визуализациялау**


Деректерді визуализациялау - бұл абстрактілі сандық және статистикалық ақпаратты байланысқа, шешім қабылдауға және деректерді талдауға көмектесу үшін ұзындығы, орны, өлшемі, пішіні және түсі сияқты физикалық түрде қабылданатын атрибуттарға түрлендіру процесі. Бұл процесс визуалды қабылдау мен танымдық процестерді терең түсіну арқылы ғана мүмкін болады. Басқаша айтқанда, деректерді тиімді визуализациялауға қол жеткізу үшін адамның қабылдауын түсінуге негізделген дизайн принциптерін ұстану қажет.

К.А.Шаропиннің ақпаратты оңтайлы көрсету үшін арналған ұсыныстарының бірінде, деректерді визуализациялау мен психологияның байланысын анық көрсеткен. Мысалы, К.А.Шаропиннің айтуы бойынша, ақпаратты орналастыру кезінде көздің көлденең қимылдары ең оңай және тез жасалатынын ескеруі керек. [1] Ал көздің қисық бойымен қозғалу жылдамдығы пішінге байланысты және пішінді таңдау арқылы экранның белгілі бір аймағында адамның қандай да бір көрініске қарау уақытын бекітуге болады. Оқырмандардың назарын басқару процесі үшін ең маңызды мәліметтер орналасқан жерлерде құрылымдық элементтер орналастырылады, олар қозғалыс кезінде көздің қозғалу жылдамдығы төмендейді.

Визуалды қабылдау - қоршаған ортаны көру, оны түсіндіру және ұйымдастыру қабілеті. Деректерді визуализациялау өте тиімді, себебі ол адам миының табиғи қабілеттерін пайдалану арқылы әсер ете алады.

Ми қыртысы басқаратын таным, әлдеқайда баяу жүреді және ақпаратты өңдеу үшін көп күш жұмсауды қажет етеді. Деректерді елестету біздің қабылдауымызды визуалды түрде жеделдетеді және когнитивті жүктемені азайтуға көмектеседі.

Дат физигі Тор Норретрандерс адам сезімдерінің мүмкіндіктерін компьютердің стандартты өнімділігіне айналдыру арқылы визуалды эффектілердің күшін көрсеткен. Өзінің мысалы арқылы «көзбен қабылдаудың басқа сезім мүшелерімен салыстырғанда әсері басым» деген тұжырымдамаға келген. Көру қабілеті бірінші орынға шығады, өйткені оның өткізу қабілеті компьютерлік желімен бірдей. Оның арнасының өткізу қабілеті жанасу сезімінен 10 есе жоғары және есту немесе иіс сезу қабілетінен 100 есе күшті. [2] Бұл тұжырымдамасын сезім мүшелерінің жылдамдығын компьютерлік терминдармен салыстырып дәлелдеген болатын. (Сурет 1) Сол жақтағы кішкентай дөңгелек біздің сана орналасқан жер, біз алып жатқан ақпараттың 0,7% ғана қабылдайды.



**Сурет 1.** Адамның сезім мүшелерінің компьютерлік терминдермен салыстыру иллюстрациясы

Визуалды өңдеу сенсорлық нәтижелерде басымырақ болады, сонымен қатар деректер көлемі мен оларды өңдеу жылдамдығы біз ойлағаннан әлдеқайда жоғары. Бұл құбылыс «алдын-ала өңдеу» деп аталады және бейсаналық әрі жылдам. Ақпаратты беру үшін көзге 200-500 миллисекунд қажет, ал миға визуалды тітіркендіргіштің алдын-ала қасиетін өңдеу қажет және бұл мидың электрондық кесте деректерін өңдеуге қарағанда әлдеқайда жылдам.

«Алдын-ала өңдеу - қоршаған ортадан ақпараттың бейсаналық түрде жинақталуы. Барлық қол жетімді ақпарат алдын-ала мұқият өңделеді. Содан кейін ми маңызды нәрсені сүзеді және өңдей бастайды. Саналы (зейінді) өңдеу арқылы одан әрі және толық талдау үшін ең маңызды немесе адамның ойлағанына сәйкес келетін ақпарат таңдалады». [3]

Алдын ала өңдеу дизайнерлердің басты құралы бола алады, себебі оны шебер қолдану, адамдарға ұсынылғанын материалды тезірек түсінуге мүмкіндік береді. Жоғары білікті дизайнер аудиториясына деректерді қабылдауда ақпаратты тезірек және аз күш жұмсауына көмектесе алады, өйткені бұл саналы өңдеуді жеңілдетеді және есте сақтау жүктемесін азайтады.

Көптеген визуалды айнымалылар алдын-ала өңдеу реакциясын тудырады. Визуалды элементтердің қайсысы автоматты түрде ерекшеленетінін зерттеп, оларды ақпараттық панельдерге қосу арқылы, дата журналистер деректер тарихын тиімді баяндайтын визуализациялар жасай алады.

#### ***Деректерді визуализациялау психологиясы: не үшін керек?***

Жыл өткен сайын бұрынғы деректердің визуализациялаудың әдістері ескіріп, өзектілігін жоғалтуда. Деректерді визуализациялау әдістері ақпаратты мазмұнды дәл жеткізетін және адам аз күш жұмсап оңай қабылдайтын етіп ұсынуға тырысады. Сондықтан визуализацияда қолданылатын графикалық кескіндер адамның көру жүйесінің ерекшеліктеріне сәйкес келуі маңызды. Бұл процестерді түсіну берілетін ақпаратты бұрмаламайтын бейнелеу әдістерін жасау үшін қажет.

Деректерді визуализациялау әдістері сонымен қатар ақпаратты манипуляциялау мен талдаудың ыңғайлылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан ұсынылған ақпараттың құрылымы адамның танымдық процестерінің ерекшеліктеріне және оның есте сақтау талаптарына сәйкес келуі керек. Себебі қабылдау мен когнитивті қабілеттер бір-бірімен тығыз байланысты, ал визуалды қабылдау адам жадының ұйымдастырылуына сезімтал. [4]

«Психофизикалық комплементарлық» және «Психологиялық эссенциализм» сияқты теорияларда «табиғи сұрыпталу арқылы жоғары организмдер тіршілік ету үшін объектілердің қасиеттері туралы ең маңызды ақпаратты сақтау үшін объектілерді бейнелеуге мүмкіндік беретін қабылдау тәсілдерін дамытты.» деп тұжырымдайды. [5] Яғни ақпараттың нақты визуалды көрінісіне адамның танымдық процестерін модельдейтін деректерді визуализациялау әдістері арқылы қол жеткізіледі.

Деректерді сапалы визуализациялау минималды кеңістікті қолдана отырып және визуалды жүйенің мүмкіндіктеріне сүйене отырып, кең және күрделі ақпаратты тиімді жеткізе алады. Сондықтан

деректерді визуализациялау қазіргі заманғы жүйелерде бізге қол жетімді әр түрлі типтегі деректерді бөлісудің ең сенімді әдістерінің біріне айналады.

Деректерді визуализациялаудың тиімділігі мидың шамасын оңтайлы пайдалану үшін визуалды қабылдау мен когнитивті қабілеттер арасындағы тепе-теңдікті қайта бөлетіндігімен түсіндіріледі. Мидың артқы жағында орналасқан, визуалды қабылдауға жауап беретін көру қыртысы өте тез және тиімді жұмыс істейді. Ойлауға байланысты когнитивті функциялар алдыңғы жағындағы ми қыртысын белсендірсе де, баяу және тиімдірек жұмыс істейді. [6] Бұл дегеніміз, деректерді талдау мен ұсынудың дәстүрлі әдістері барлық кезеңдерде саналы түрде күш салуды қажет етеді. Дегенмен, деректерді визуализациялау көзімізді және олардың жұмыс жылдамдығын пайдалана отырып, визуалды қабылдауды неғұрлым қарқынды пайдалануға баса назар аударады.

### ***Деректерді визуализациялаудағы эффективті өлшемдер***

Веб-дизайнер Тим Гуэй 1995 жылы веб-сайттарда мультимедиялық мазмұнды қолданудың қиындықтары туралы былай деп жазды: «Егер мультимедиа оны қолданудың себептеріне қарай ойланбастан пайдаланылса немесе оның орналасуы немесе мазмұны нашар болса, өткізу жолағын бекер жүктейтін мағынасыз эстетикалық фиаскоға әкелуі мүмкін». [7] Кез келген оқырманға ұсынылатын ақпарат тиімді түрде жеткізілмесе, текке кеткен баспасөздегі қағаз, теледидардағы экрандық уақыт және журналистік зерттеу деректердің визуализациялаудағы әдістердің, өлшемдердің маңыздылығын айқындай түседі.

Жылдар сайын сандық графиктерді қолдану кең таралды және белсенді пайдалануда. Оған 20 ғасырдың екінші жартысында Жак Бертеннің «Semiology of Graphics» кітабын шығарылуы да әсер етті. Оның жұмысы бұл салада өте маңызды, өйткені Жак Бертеннің кітабына негізделі отырып, ақпаратты интуитивті, анық және тиімді ұсыну үшін визуалды қабылдаудың белгілі бір ережелер мен үлгілерге сәйкес әрекет ететінін анықтады.

Картограф Жак Бертеннің «Semiology of Graphics» еңбегі – график арқылы ақпаратты визуализациялаудың теориялық негізін құрудың алғашқы әрекетінің нәтижесі. Еңбегіндегі енгізілген визуалды айнымалылар - адамның көзі қабылдайтын элементтер арасындағы айырмашылықтар. Ұзақ уақыт бойы зерттелген бұл айнымалылар адам миының визуалды ақпаратты қалай өңдейтінін және оны қалай басқаратынын түсінуге мүмкіндік береді. Бастапқы «торлы айнымалылар» жиынтығы жеті айнымалыдан тұрады: позиция, өлшем, пішін, мән, түс реңктері, бағдар және текстура. [8]

Бертен диаграммалардың әртүрлі түрлерінің аудиторияға жеткізудің тиімділігін зерттеген. Мысал ретінде бірнеше елдерде әртүрлі ет түрлерінің өндірісін дөңгелек диаграммаларда көрсетеді. Бертеннің ойынша, дөңгелек диаграммалар «пайдасыз». Матрицалық визуализацияны қолдану арқылы жоғары деңгейдегі заңдылықтар айқынырақ көрінеді. Матрицаны визуализациялау сәйкес жақындық матрицаларымен бірге сәйкес сериялау (қайта реттеу) алгоритмдерін қолдана отырып, шикі деректер матрицасының жолдары мен бағандарын ауыстыруды қамтиды. [9] Ал елдер мен ет өндірісінің табиғи тәртібі болмағандықтан, көптеген басқа матрицаларды жасау арқылы нәтижесі әлдеқайда айқындықты қамтамасыз етеді. Бұл сценарийде санаттардың ретін өзгерту деректердің көрінісін аудиторияға айтарлықтай түсініктірек жеткізуге көмектеседі. [10]

Дата журналистикасын толығымен зерттеген Эдвард Тафти де «Beautiful Evidence» атты еңбегінде деректерді визуализациялаудағы маңызды эффективті өлшемдерді көрсеткен болатын. Бұл өлшемдер кез келген графикті оқырманға пайдалы деректерден пайдасызды анық көру мақсатында ойлап табылған. Оқырманның психологиясына әсер ету арқылы ақпаратты қабылдау кезінде де, кейін оны жадында сақтау процесінде де пайдаланылатын әдістер.

Деректерді визуализациялауда «Chartjunk» деген әдісті Қазақстанда болмасын, көптеген шет елдерде қолданыс тапқан. Деректерді әшекейлендіру немесе суреттеу арқылы оқырманға интерпретациялау, қазіргі кезде, көптеген дизайнерлер мен дата журналистер арасында резонанс тудыруда. Кейбіреулер үшін деректерді осы әдіспен оқырмандарға ұсыну «артық қоқыс» ретінде болса, ал енді біреулері үшін ақпараттың жадыда анағұрлым көбірек қалудың бір әдісі.

Тафтидің ойынша, «Chartjunk» арқылы мазмұнды емес дезориентация құралдарының көмегімен аудиторияны қызықтыруға, алаңдатуға немесе алдауға болады: ашық түстер, дизайнерлік түстер, қарапайым клипарттар, эмбебап дизайн, жалған иллюзия. [10] Яғни бұл қарапайым иллюзия және деректерді визуализациялауда деректер мен қара бояудың арақатынасы 1:1 есебімен болу қажет. «Қара бояуды» қажет етпейтін деректер өшірілуі тиіс. Сәйкесінше, бұл әдіс оқырмандар үшін кересінше күнделікті жаңалықтарға толы миды ауырлатады.

### **Қорытынды**

Адамның қабылдауы мен танымдық үдерістердің негізгі аспектілерін түсіну жоғары сапалы деректерді визуализациялаудың негізгі элементі. Деректерді визуализациялауды қажет ететін

өнімдерді әзірлеу кезінде адам миының ақпаратты қалай қабылдайтынын және деректерді визуализациялау дизайнының негізгі қағидаларын ұстану маңызды.

Визуалды қабылдаудың психологиясының әдістерін білу дата журналистерге мидың күрделі кескіндерді қалай өңдейтінін түсінуге айтарлықтай көмектеседі. Бұл қағидалар деректерді визуализациялауда және тиімді инфографиканы құру үшін пайдалы.

Сонымен қатар, деректерді алдын-ала өңдеуді, визуалды айнымалыларды түсіну және түстерді пайдалану тиімді визуализация жасауға мүмкіндік береді.

Деректерді визуализациялаудың кез келген әдісінде кемшіліктер болғанымен, адамның қабылдауы мен танымдық процестерінің барлық аспектілерін түсінуге ұмтылу маңызды. Ең аяғында, когнитивті және визуалды функцияларға бағытталған деректерді визуализациялау тәсілі теориялық және практикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты деректерді визуализациялаудың психологиялық тәсілдерінің дұрыстығы мен күрделілігі американдық психолог Стивен Косслиннің сөзімен жақсы тұжырымдалған: «Қабылдау және есте сақтау қағидалары - бұл екі жүзді қылыш. Егер олар еленбесе, дисплейдегі сурет оқылмай қалуы мүмкін, егер байқалса, оны бір қарағанда оқуға болады». [11]

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Берестнева О. Г., Марухина О.В., Шаропин К. А., Хаптарина С. А., Шевцова А. В. Әлеуметтік саладағы эксперименттік зерттеулердің нәтижелерін визуализациялау // Ақпараттық жүйелер және технологиялар (ИСТ-2010): XVI Халықаралық ғылыми-техникалық конференция материалдары. - Нижний Новгород, 23 сәуір 2010. - Нижний Новгород: НГТУ, 2010.
2. Kazakova.E.V. (2021) The Psychology behind Data Visualization Techniques. <https://towardsdatascience.com/the-psychology-behind-data-visualization-techniques-68ef12865720>
3. Donska.T. (2021) The Mind's Eye: A Look at Data Visualization Psychology. <https://www.toptal.com/designers/data-visualization/data-visualization-psychology#:~:text=What%20Does%20Psychology%20Have%20to.It's%20fast%20and%20efficient>
4. Michael D. Lee, Douglas Vickers. Psychological Approaches To Data Visualisation. Department of Psychology, University of Adelaide <https://apps.dtic.mil/sti/tr/pdf/ADA355765.pdf>
5. R. N. Shepard, «Psychophysical complementarity.» in Perceptual organization (M. Kubovy and J. R. Pomerantz, eds.), pp. 279-341, Hillsdale, NJ: Erlbaum, 1981
6. Некляев С.Э. (2010) Инфографика: принципы визуальной журналистики. Вестник МГУ, 2, 3-7
7. Арсененко И.П., Мусинова А.А. (2022) Визуализация медиаконтента как способ завоевать лояльность читателей в целях устойчивости СМИ. <https://doi.org/10.26577/HJ.2022.v63.i1.11>
8. Jacques B. (2010) Semiology of Graphics: Diagrams, Networks, Maps. Esri Press.
9. Wu, H.M., Tzeng, S., Chen, Ch. (2008). Matrix Visualization. In: Handbook of Data Visualization. Springer Handbooks Comp.Statistics. Springer, Berlin, Heidelberg. pp 681–708 [https://doi.org/10.1007/978-3-540-33037-0\\_26](https://doi.org/10.1007/978-3-540-33037-0_26)
10. Edward T. (2006) Beautiful Evidence. Graphics Press LLC. Cheshire, Connecticut.
11. Kosslyn S.M., Elements of Graph Design. New York, NY: W. H. Freeman, 1994.

## **ӨТКЕННЕН БҮГІНГЕ: ҚАЗІРГІ ТЕЛЕВИЗИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Көбейсін Қ.,**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Журналистика факультеті  
Алматы, Қазақстан*

Ақпараттың күнде жаңаруына дүниенің қозғалысы себеп болғаны секілді телевизияның да тенденция жолына түсуіне жаңарған қоғам сеп болады. Қазіргі телевизия саласын зерттеу, оны ғылыми айналымға енгізу арқылы өткен мен болашақтың сабақтасы болуға бізде мүмкіндік бар. Сондықтан телевизияның түрленуіне қарата айтар ойымыз бар. «Телевизия» түсінігі сым, оптикалық жүйелер, радиотехника немесе басқа электромагниттік жүйелер арқылы белгілерді, сигналдарды, жазуларды, кескіндерді, дыбыстарды немесе кез келген түрдегі ақпаратты беруді немесе қабылдауды қамтиды. Осының барлығы теледидарды ең маңызды бұқаралық ақпарат құралдарының біріне айналдырады[1] – деп Егоров айтқандай БАҚ-тың ең маңызды саласына шолу жасадық.

Тележурналистика ғылымының шебері, профессор, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан телерадиожурналистикасының негізін салушы – өмірінің бір қабатын телевидение құбылысын зерттеуге арнаған Марат Кәрібайұлы Барманқұлов бұл туралы қызықты кітап жазып, телевизияны «Бүкіл әлем сіздің пәтеріңізде» деп атаған[2]. Бұл мәлімдемеге қарсылық білдіру мүмкін емес. Бір қызығы, 1950 жылы бүкіл әлемде тек үш елде теледидар болған, олар КСРО, АҚШ және Англия. Бірте-бірте теледидар дамып, барлық жерде тарай бастады.

Қазақ телевизия саласында қай заманда болсын өз ісінің майталмандары, мықты мамандар қызмет еткені рас. Қазақ телевизиясының алғашқы кезеңі жайлы С.Масғұтов: «1958 жылы телевизия Қазақстанда да пайда болды. Республика астанасы тұрғындары 8 мартта тұңғыш рет өз экрандарында Қазақ телевизиясының алғашқы дикторлары З. Жұматова мен Н. Омарованың дидарын көрді. Олар көпшілікті Алматыда телевизия хабарларының басталуымен, ал әйелдер қауымын мерекелерімен құттықтап, жылы лебіз білдірді. Содан соң «Үкімет мүшесі» атты көркем фильм көрсетілді», - дейді.[3]

Қазіргі телевизия ақпарат пен ойын-сауықты тарататын арна ғана емес, сонымен бірге бұқаралық санаға әсер ететін қуатты құрал. Бұл мақалада біз қазіргі заманғы теледидардың функционалдық ерекшеліктерін және оның қоғамға әсерін қарастырамыз. Қазіргі теледидар – мәдениетіміздің маңызды бөлігіне айналған ойын-сауық пен бұқаралық ақпарат құралдарының мифтік әлемі. Бүгінгі таңда теледидар тек жаңалықтар көзі ғана емес, сонымен қатар коммуникация құралы, ойын-сауық индустриясының бәсекелесі, қоғаммен байланыс орталығы және негізгі саяси үгіттің құралы деуге болады. Телеарна - көгілдір экран алдындағы көрерменге ой салушы, тәрбие беруші құрал. «Теледидар қандай болса ұлт та сондай», - [4] деп Ақселеу Сейдімбек айтқандай салалық телеарналардың қоғамдағы маңызы мен мәні аса жоғары, себебі: кез келген мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралдары сол елдің дамуына үлкен үлес қосады.

Біріншіден, қазіргі заманғы телевизия коммуникацияның қуатты құралы саналады. Ол ақпаратты тек жергілікті емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде тасымалдауға мүмкіндік береді. Телевизиялық жаңалықтар, бағдарламалар мен сериалдар телеарналарға табыс пен атақ әкеле алады, ол әлемнің кез келген жеріндегі көрермендердің ойларын, пікірлерін және мінез-құлқын бақылайды. Сонымен қатар, теледидар қоғамның басқа топтарына ықпалын арттырып, аудиториясын өз мақсатына пайдалана алады.

Қазіргі телевизияның негізгі қызметтерінің бірі – ақпараттық. Теледидар жаңалықтар, деректі фильмдер мен ток-шоулар арқылы көрермендерге әлемде болып жатқан оқиғалар туралы өзекті ақпаратты ұсынады. Дегенмен, соңғы кездері телевизияның ақпараттық қызметі фактілер мен пікірлерді араластырып, маңызды тақырыптарды жеткілікті түрде қамтымайтыны сынға ұшырады. Сонымен қатар, сынға алынған дүниелердің бірі тікелей эфирдің аздығы екені де айтылып жүрді. Талай жылдар бойы бұл ақпарат ел ішінде жүрсе де телевизия саласында дайын дүниені ұсыну жалғасын таба береді. А.Я. Юровский Мәскеу мемлекеттік университетінің классикалық оқулығында жазғандай, «телевизияның (сондай-ақ радиохабар таратудың) жақындығы ақпаратты мүмкіндігінше тезірек алу мен таратудың түбегейлі мүмкіндігін анықтайды; Бұл, әрине, журналистиканың бір түрі ретінде теледидар үшін өте маңызды. Тікелей эфирдегі телехабардың бір мезгілде болуы «болу эффектісін» тудыратын фактор ретінде әрекет етуі, яғни телехабарға ерекше сенімділік, деректі сапаны беретіні маңызды, бұл сонымен бірге ақпараттық мәселелерді мен әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешуде маңызы зор. Көрерменнің көріп жүргені үнемі «тікелей эфирдегі» хабар емес, бірақ «теледидар бұрын жазылған бейнелерді пайдалана отырып, жұмысын жалғастырады» деп қарастырылған.[5]

Теледидардың тағы бір қызметі – ойын-сауық. Телешоулар, сериалдар мен фильмдер көрермендерге ауыр жұмыс күнінен кейін демалуға және демалуға мүмкіндік береді. Заманауи отбасылар кешке теледидар көріп, телебағдарламалар, сауықтыру бағдарламалары, денсаулық және тамақ әзірлеу шоулары арқылы демалады. Осылайша, теледидар стресс психологының рөлін атқарады, тұлғааралық қарым-қатынасты нығайтуға көмектеседі және адамдар арасындағы қарым-қатынасқа ықпал етеді. Теледидар сонымен қатар депрессия сияқты психикалық жүйкеге әсер етуші факторларды емдеуге көмектеседі.

Телевизия саласы әлеуметтену қызметін де атқарады. Ол адамдарға әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды түсінуге көмектеседі, сонымен қатар қоғамдық пікірді қалыптастырады. Дегенмен, соңғы кездері теледидардың әлеуметтену функциясы ұсынылған көзқарастардың әртүрлілігі мен қоғамдық пікірді манипуляциялауға көшкен. Сондай-ақ, теледидар жарнамалық қызмет атқарады. Теледидардағы жарнама тауарлар мен қызметтерді жылжытудың ең тиімді әдістерінің бірі. Дегенмен, соңғы кездері теледидардың жарнамалық қызметі интрузивті жарнама мен жасырын жарнаманы

пайдалануды көбейткен. Жарнама телеарналардың негізгі табыс көзіне айналды, бұл жарнама бірліктерінің көбеюіне және контент сапасының төмендеуіне әкелді.

Теледидар қоғамды демократияландырудың, қоғамдық пікірді білдірудің, елдегі әлеуметтік өзгерістерге қатысатын белсенді сананы қалыптастырудың маңызды құралы ретінде әрекет етеді. Қазіргі уақытта Қазақстандағы теледидардың бүкіл қоғамдық әлеуеті Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуын жүзеге асыруға, экономиканы жаңғыртуға, қазақстандық қоғамның әлеуметтік және мәдени дамуына бағытталған. Ақпараттық технологиялардың, жаңа медианың қарқынды дамуы, республикадағы инновациялық міндеттер, жаһандану процесі – БАҚ жүйесінде (БАҚ) теледидардың өсіп келе жатқан маңыздылығына жаңаша көзқараспен қарауға мәжбүрлейді. СМЖ біртұтас әлеуметтік институт және оларда қазіргі қоғам өміріне тән барлық қасиеттер бар. Теледидарды одан әрі дамыту мен жетілдіру еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени дамуына тікелей байланысты.

Бұқаралық коммуникация құралдары қоғам мен жеке адамды әлеуметтендіру құралына айналады. Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) қазақстандық қоғамның өміріне өзіндік түзетулер енгізілді: кабельдік және спутниктік хабар тарату кеңейіп, интерактивті теледидар дамыды, елдегі оқиғалар туралы ақпараттың маңызды көзі ретінде электронды БАҚ-қа деген сенім артты. Қазақстан да әлемнің көптеген елдері сияқты 2015 жылы цифрлық хабар таратуға көшкен еді. Коммуникация процесін техникалық қамтамасыз етудегі түбегейлі өзгерістер бұқаралық коммуникацияның принципті жаңа құралдарының пайда болуына әкелді. Кеңейіп келе жатқан медиа кеңістігінде баспа, аналогтық радио және теледидар «ескі», дәстүрлі БАҚ ретінде қабылданады, цифрландыруға негізделген ақпаратты жеткізудің жаңа арналары «жаңа медиа» ретінде айқындалады. Осы тұста қазақ телевизиясының әлі де топ жарып тұрғанын да айта кеткен жөн.

Жаңа медиа саны артқанмен дәстүрлі БАҚ-тан алыстамаған да көрермен және оқырманның барын ескеру қажет. Қазақ телевизиясы өзінің қарқынды даму кезеңін 1990 жылдардың ортасынан бастады. Қазіргі таңда Қазақстанда 14 жерүсті телеарнасы, облыстық телеарналар және 40-қа жуық кабельдік операторлар бар. Қазақстанның аумақтық ерекшеліктерін ескере отырып, теледидар әлі де ең танымал бұқаралық ақпарат құралы болып қала береді. TNS Gallup Media Asia тәуелсіз зерттеу компаниясының бағалауы бойынша ең рейтингті бағдарламалар Қазақстан республикаларының жетекші телеарналарында көрсетіледі: «Бірінші арна «Еуразия», «КТК», «НТК», «31 арна», «Қазақстан». », «Хабар». Телевизия және көру нарығындағы бәсекелестіктің күшеюіне және көру бейімділігінің өзгеруіне жауап ретінде қазақстандық телеарналар өздерінің және сатып алынған бағдарламалардың сапасын сақтап қалу үшін тыңғылықты түрде жақсартып жатыр. Көптеген ондаған жылдардағыдай бүгінде «Евразия» бірінші арнасы ең үлкен ғана емес (қазіргі уақытта арна Қазақстан Республикасының 478 елді мекенінде хабар таратады), сонымен қатар ол Қазақстандағы ең танымал телеарна болып табылады. Теледидар аудиториясын өлшеудің әртүрлі әдістерін қолданатын бірнеше социологиялық қызметтердің деректері арнаның басшылығын сенімді түрде растайды. Олардың деректеріне сүйенсек, 1997 жылдың қазан айынан осы күнге дейін «Еуразия бірінші арнасы» эфирде жалғыз көшбасшы болып келеді. Телеарнаның бағдарламалық саясаты білім беру, зияткерлік, мәдени-ағартушылық медициналық бағдарламаларды сақтауға және дамытуға бағытталған.

Қазіргі заманғы теледидар мен интернет ресурстарының артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Теледидардың басты артықшылығының бірі – оның интернетке қарағанда кең аудиторияға қолжетімділігі. Әрбір үйде дерлік теледидар бар және интернетке кіру әртүрлі себептермен шектелуі мүмкін. Дегенмен, интернет-ресурстар пайдаланушы үшін кеңірек мүмкіндіктерді бере алады. Жалпы, қазіргі заманғы теледидар мен интернет-ресурстардың артықшылықтары мен кемшіліктері бар және олардың арасындағы таңдау пайдаланушының жеке қажеттіліктері мен қалауына байланысты.

Еліміздің медиа нарығында бірнеше телеарналар бар. Олар әлемдік тәжірибеден, трендтен шет қалмай келеді. Осы тұрғыдан алған кезде отандық арналар да технологиялық, сапалық жағынан жақсы дамып келе жатыр. Отандық БАҚ-тың мәртебесін көтеру мақсатында салынған Қазмедиа орталығы, бірегей жобасы бар. Медианарықтағы өзекті мәселелерді бірге талқылау тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Әрине, проблема да бар.

Ең басты проблема – бұл медиа зерттеуге қатысты. 2000 жылдардың басынан бері осы мәселе жиі көтеріліп келеді. Медиадағы зерттеуді емес рейтингті жоғары қойған арналар саны да аз емес. Ойға жетелейтін туындыларды ұсынғанда рейтингісінің төмен болуы, ал жұлдыздардың өмірін, қандай көйлек кигенін көрсететін хабарлардың кейде рейтингісі жоғары болады. Әрине, жұрттың көңілін аударатын дүниелерді арасына «тұздық» ретінде қосып отыруға тура келеді. Бірақ, меніңше, кез-келген телеарнада ұлттық тәрбиені насихаттайтын, ұлттық құндылықты дәріптейтін, тәрбиелік мәні бар бағдарлама шығуы керек. Ол рейтинг бере ме, жоқ па ол басқа мәселе. Бастысы ұрпақ тәрбиелеуге келгенде бәсекелестік емес, бірауыздылық қажет. Танымдық бағыттағы туындылар қалай болғанда да

елдің назарын аударады. Көрерменін табады. Теленарық үшін тағы бір өзекті мәселе – бюджет. Ресей, Украина, Түркия елдерінің компаниялары телехикая түсіруге әбден маманданған. Бізде де едәуір ілгерілеу бар. Ақпарат министрлігінің қолдауымен біз отандық телехикаялар түсіру мүмкіндігін алып отырмыз. Бірақ жылына көп дегенде 2-3 телехикая түсіре аламыз. Жыл сайын нарықта шығатын телехикаялардың санын есептесек, 50 шақты ғана. Өзіндік өнім өндіру едәуір қаржыны қажет етеді. Сол себепті, сырттан сатып алатын өнімдерден де бас тарта алмай отырмыз. Десек те, көрермендердің көңілінен шығатын жобаларымыз (олар туралы жоғарыда айттым), телехикаяларымыз жоқ емес. Жоғарыда айтқандай теленарықты жарнама емес, белгілі бір көз қаражаттандырған жағдайда сапа да артар ма еді деген сауал туады.

Теледидар байланыс пен ақпарат саласында орасан зор әлеуетке ие, бірақ көптеген факторларды ескеру қажет, мысалы, мәдени және ұлттық ерекшеліктер, ақпаратқа еркін қол жеткізу, саяси және экономикалық мүдделерден тәуелсіздік, экологиялық қауіпсіздік және т.б. Жоғары сапа стандарттары мен этикалық ұстанымдар сақталған жағдайда ғана теледидар қоғамға оң әсер етіп, оның дамуына үлес қоса алады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. В. В. Терминологический словарь телевидения: основные понятия и комментарии [Электронный ресурс]. URL: [http://evartist.narod.ru/text2/09.htm#з\\_18](http://evartist.narod.ru/text2/09.htm#з_18) (дата обращения: 3.10.2013).
2. М. Барманқұлов // Бүкіл әлем сіздің пәтеріңізде / 1972ж.
3. Масғұтов С. Көгілдір Экран - өмір айнасы - Алматы: Мектеп, 1976. - 131 б.
4. Қазақ журналистикасы 3- том. Алматы, 2000 ж
5. Юровский А. Я. Место телевидения в системе средств массовой коммуникации [Электронный ресурс] // Телевизионная журналистика. URL: <http://evartist.narod.ru/text6/25.htm> (дата обращения: 3.10.2013).

## **ҚУДАЛАУ ҚАМЫТЫН КИГЕН АҒАЙЫНДЫ ҚОҢЫРАТБАЕВТАР**

**Сыланова А.,**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Журналистика факультетінің 2-курс магистранты*

**Ғылыми жетекшіі: Қамзин К.,**

*Филология ғылымдарының докторы, профессор*

Репрессия жылдары қудалау қамытын киген қазақтың ғалымдары мен ақын-жазушылары, зиялы қауым өкілдері аз болған жоқ. Солардың бірі жазушы, ғалым, әдебиеттанушы ағайынды Қалжан, Әуелбек, Әлібек Қоңыратбаевтар. Бір ана мен бір әкеден туған үш апталдай азаматтың бір уақытта НКВД-ның қолына түсуі қазақ тарихындағы ең қасіретте оқиғалардың біріне айналды.

Қоңыратбаев әулетінің тұңғышы Қалжан ғылыми зерттеу жұмыстарымен, өлеңдерімен танымал болған, қазақтан шыққан тұңғыш заң қызметкері ретінде белгілі білімдар адам. Өз заманында Сұлтанбек Қожанов, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов сынды зиялы қауым өкілдерімен бірге жүріп, қазақтың ұлттық мүддесі мен егемендігін алуға елеулі үлес қосты. Түркістанда ұлт-азаттық қозғалысты бастаған Мұстафа Шоқаймен жақын жолдас болып, етене араласты. Шетелде жүрген Шоқаймен 1926 жылға дейін хат жазысып, хабар алмасып тұрды. Тәуелсіз, еркін, егеменді, дербес ел болуды көздеп, соған әрекет жасаған апталдай азаматтың ұлтшылдықпен күрес науқаны басталған тұста репрессиядан аман қалуы мүмкін емес еді.

Қоғам қайраткері әрі ағартушы, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған Қоңыратбаев Қалжан 1877 жылы қазіргі Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы Қызылтуда дүниеге келген. Керделіде мектеп ашып, онда “Ғалия”, “Хұсни” медресесін бітірген шәкірттерді ұстаздыққа шақырып, ауыл балаларының сауатын арттыруға атсалысты. 1920 жылдары Диваевпен бірге Жетісу мен Сырдария өлкелеріндегі экспедицияларға қатысты. 1917 жылы 5 қаңтарда Түркістан қаласында өткен Алашордашылардың съезінде Қазақ елінің Ресейден бөлінуін қолдап сөз сөйледі. “Қазақ”, “Айқап”, “Бірлік туы” басылымдарының арнаулы тілшісі болып, оқу-ағарту, өлке тарихы мәселелерін қозғады. “Пайғамбар заманы” хикаясын бастырып, “Қазақ” газетінде Иманжүсіп туралы очеркісін жариялады. Осындай бірегей азаматтың тағдырын НКВД тас талқанын шығарды. Қалжанның соңына түскен тергеушілер оның үйін бас сала тінтіп, қолжазбасынан небәрі екі бет қағазды айғақ ретінде

пайдаланды. Қалған дүниенің барлығын өртеп жіберді. Қарсы куәлік бергендердің бірі Сыбанбай Белгібаев оның Кеңес өкіметінің адамы емес екенін, Алашорданы қолдайтынын жеткізген. Анасы Рысқұл Қоңыратбаев пен бауыры Әуелбек Қоңыратбаев Қазақ КСР прокурорына бірнеше мәрте хат жазып, ақтап алуға тырысты. Сексен жасқа келген ақ жаулықты ана хабарсыз кеткен ұлы туралы бір ақпарат ала алмай, қаншама уақыт сергелденге түсті. Тергеуде Қалжан Қоңыратбаевтың қашан, қайда және қалай қайтыс болғаны туралы ақпарат көрсетілмеді. Десе де, жанама деректерге сүйене отырып, оның 1941 жылы Амурдағы Комсомольск қаласы 22-лагерьде 64 жаста қатты ауырып, дүниеден өткені айтылады. МҚК кезінде репрессия құрбандарының тағдыры құпия сақталып, туғандарына жағдайдың анық-қанығы жеткізілмеді. Қуғынға ұшырап, ату жазасына кесілгендердің тума-туысына 10 жылға сотталды деп жалған мәліметтер берген.

Әуелбек Қоңыратбай – көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, КСРО жазушылар одағының мүшесі. Саналы өмірін шығыстану, түркітану, қазақ әдебиеті тарихы мен әдеби сын мәселелерін зерттеуге арнаған. Әдебиет пәнін оқыту әдістемесінің негізін қалаған танымал тұлға Қызылорда облысы Шиелі ауданында дүниеге келген. 1925 жылы Ташкенттегі Казинпрос, кейін Мәскеудегі бүкілодақтық коммунистік журналистика институтын тәмамдаған. Журналистика саласындағы алғашқы қадамын Ғ. Мұратбаевтың басшылығымен 20-жылдары Ташкентте басылып шыққан "Жас қайрат", С. Қожанов редакторлық еткен "Ақ жол" басылымдарынан бастаған. "Қазақ әдебиеті" мен "Әдебиет майданы", "Колхоз", "Сыр бойы" басылымдарында да қызмет еткен. Ғ.Мұратбаев, С.Қожанов, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевпен бірге редакцияларда қызмет атқарып, алғашқы өлеңдері мен әңгімелерін жазды.

Еңбек жолын ұлттық журналистика кеңістігін дамытудан бастаған Ә. Қоңыратбай кейіннен ғылыми-зерттеушілік бағытқа мықтап ден қояды. Ол академик В.В.Бартольдтің дәрістерін тындап, профессор А.Диваевтың фольклорлық экспедицияларына қатысты. Сондай-ақ М. Жұмабаев, М. Әуезов, К. Тыныстанов, А. Тоқамбаев, Х. Зарифов, К. Бориев сынды қазақ, қырғыз, өзбек және түрікмен зиялылары шығармаларының поэтикасына терең үңілді. Танымал ғалымның ең танымал еңбектерінің қатарында "Шолпан Иманбаева поэмасы", "Қозы Көрпеш - Баян Сұлу", "Қазақ әдебиетін оқыту очерктері", "Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі", "Жазушы шеберлігі", "Эпос және түркология" атауларымен жарық көрген зерттеу кітаптарын еске алар едік. Бір айта кетерлігі, осы креативті ізденістердің түйіндері, жаңалықтары ең алдымен мерзімді баспасөзде, ғылыми хабаршыларда жарық көрді. Әуелбек Қоңыратбай – ғылыми зерттеулерін сол кездегі баспасөз арқылы көпшілік аудиториясына шығара білген әрі ұшқыр журналист, әрі байыпты, байсалды ғалым. Оған дәлел газет-журналдарда шыққан төмендегі зерттеу жұмыстары: 1985 жылы "Ленин жолы" басылымында "Абайдың ұстаздығы", 1976 жылы "Қазақ әдебиетінде" "Айтыс туралы арнау еңбек", "Әдебиетіміздің қамы үшін" мақаласы, 1984 жылы "Октябрь туы" газетіндегі І. Жансүгіров туралы естелігі, Бейімбет Майлиннің прозасына жасаған шолуы, 2003 жылы "Парасат" басылымындағы қазақ түркологиясының өзекті мәселелеріне арналған "Аңыз да ақиқат бар" материалы, 1995 жылы "Жас Алаш" газетіндегі "Қазақ баспасөзі туралы" ойлары.

Әуелбек Қоңыратбай ғалым ғана емес, ол Пушкин мен Лермонтовтың шығармаларын қазақша жатық сөйлеткен шебер аудармашы. Атап айтсақ, шығыс поэмасы "Комде мен Модан", Н.Тихоновтың "Вамбери", Д.Мамин-Сибиряктың "Ақбоз ат" повестері.

Әуелбек Қоңыратбаевтың өміріндегі ызғарлы кезең 1934 жылы С.М.Кировті Николаев деген біреу кабинетінің алдында атып өлтіруден басталады. Оның әйелі Миль Драуле сол кездері Кировпен бірге обкомда жұмыс істеген. Екеуінің арасында қызметтен тыс жақын қарым-қатынас болған деген дерек бар. Николаевтың осындай қылмысқа баруына да сол себеп. И.Сталин қатардағы қылмыстарды әшкерелеп, "ішкі жауларды" ұстауға бұйрық берген. Нәтижесінде Әуелбек Қоңыратбаевты "оппортунист" ретінде тексеруге алып, оны партия қатарынан шығарды.

Әуелбек Қоңыратбаев көп ұзамай Алматыға оралды. Әртүрлі қызметтерді атқара жүріп, "Социалистік Қазақстан" газетінің редакциясында жұмыс істейді. Бірақ 1937 жылы НКВД бір үйдің үш баласын ұстап әкетті. Қалжан мен Әлібек ату жазасына кесіліп, Әуелбек Қоңыратбаевтың үстінен жиналған дәлелдер жетпегендіктен, қамаудан босады. Бірнеше жыл бақылауда жүрді. Ғалым сақтығының арқасында және тұрғылықты жерін жиі ауыстыра отырып, аман қалды. Анкетасындағы мәліметтерде оның Жаркентте, Қоғалы, Түркістанда қызмет атқарғаны жазылған. Көп ұзамай Қызылордаға жер аударылды.

1950 жылы Қазақстанның тарихы мәселесі қайта көтерілді. 1951 жылы мамырда осы тақырыпта ашық талқылау жиыны болып, Қызылорда педагогикалық институтта облыстық партия комитетінің басшысы Б.Ермекбаев жасап, М.Әуезов пен Ә.Қоңыратбаевты сынға алды. 1948 жылы "Қазақ әдебиеті тарихының" бірінші томында жарияланған Қоңыратбаевтың "Наурызбай-Қаншайым"

поэмасы да үлкен мәселе тудырды. Онда ғалым Кенесарының інісі Наурызбайды "батырлық тектен шығады" деп жазған. Баяндамада шығып сөйлеген 13 адамның бірі Шеревский мақала авторлары "мұның барлығын теріс дәріптеді" деген пікір білдірді. "Правда" газетінде жарияланған мақаланы барлығы дұрыс деп санады. Қоңыратбаев Кенесарының іс-әрекеті теріске шығарып, қуғыннан құтылмақ болғанымен қудалау өрші түсті.

Айдарова, Шойынбаев және Якуниннің "Правда" газетінде жарияланған "Қазақстан тарихының мәселелері марксистік-лениндік тұрғыдан баяндалсын" деген мақаласы жағдайды қиындата түсті. 1951 жылы 20 қазанда "Ленинский путь" басылымында жарық көрген "На неверных позициях" деген мақалада оның айыбы кеңіе түсті. Аты-жөні көрсетілмеген белгісіз автор ғалымның мойнына бес түрлі айып тақты.

Осындай шешімдерден кейін ол кафедра меңгерушілігінен босатылды. Жоғары дәрежелі маман бола тұра, Жаңақорғандағы "Төменарық" кеңшарында бастауыш сыныптарға сабақ берді. Қызылордаға 1955 жылы ғана қайта оралды.

Әуелбек Қоңыратбаев репрессия жылдары өзінің кінәсіз екені үшін шырылдап, жоғарға бірнеше мәрте хат жазды. 1958 жылы соңғы хаты СОКП Орталық комитетіндегі Шверниктің атына жолданды. Содан кейін ғана ол партиялығын қалпына келтірді. Қуғындаудың қамытын киген ғалым заң жүзінде сотталмаса да, заңсыз соққыға көп ұшырады.

Бізге белгілісі, Әуелбек Қоңыратбайдың қаламынан туған 300-ден астам ғылыми мақаласы. 2005 жылы оның барлық ғылыми еңбегі 10 томға жинақталып жарық көрді.

Қалжанның тағдырын оның інісі Әлібек те дәлме-дәл қайталады. Ол әдеби сын, әдебиет тарихы, әңгіме, очерк, көркем салаларында еңбек еткен қаламгер. 1931-1933 жылдары Қазақстан жазушылар одағының хатшысы, кейіннен "Қазақ әдебиеті", "Әдебиет майданы" басылымдарында әдеби қызметкер, "Қазақстан" баспасында бөлім меңгерушісі қызметін атқарды. М.Әуезов, М.Жолдыбаевпен бірге 1933 жылы "XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің оқу кітабы" және 1934 жылы "XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің хрестоматиясы", М.Жолдыбаев, М.Қаратаевпен бірге "Әдебиет хрестоматиясын" (1934), А.Әлібаевпен бірге "Хрестоматия" (3-сынып) атты оқулықтар мен оқу құралдарын жазды. Тургеневтің "Әкелер мен балалар", Мольердің "Сараң", Чеховтың "Хамельон", "Ванька" шығармаларына аударма жасады. Әлібек ағасы Әуелбекпен Казинпроста оқып жүріп, профессор, фольклортанушы Диваевтың, Түркістандағы халық ағарту комиссариаты жанындағы Киркомиссия мүшелері Халел Досмұхамедов, Илияс Жансүгіров, Иса Тоқтыбаев, Рахат Төлешов, түрікмен халқының ағартушысы Күмішәлі Бөриевтер жетекшілік еткен экспедицияларда ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға атсалысты.

Әлібек Қоңыратбаевтың шығармашылығы, жалпы өмірі 1937 жылы қуғын-сүргін уақытында қайғылы аяқталды. Әрі қарай бұл азаматтың өмірі, тағдыры туралы Қазақ КСР энциклопедиясында ештеңе айтылмайды. №451312 архивтік құжатта ол кісіден 1937 жылы 15 наурызда жауап алынғаны көрсетілген. Бірақ бұл тергеуде Әлібек өзіне тағылған айыпты мойындамайтынын айтқан. Осы жағдайдан кейін тергеу ұзақ уақытқа дейін тоқтап қалды. Тек жеті айдан кейін қайтадан 3 қарашада жауап алынған. НКВД қызметкерлерінің бұл аралықта немен айналысқаны белгісіз, бірақ осы уақыт ішінде Әлібек Қоңыратбаевқа қатты қысым жасалуы әбден мүмкін деген пікірлер бар. Себебі екінші жауапта айыпталушы өзін "ұлтшыл, контрреволюционер" екенін мойындайды. Сонымен Әлібек Қоңыратбаевқа бір емес бірнеше жала қатарынан жабылды. Кейіннен оның барлық еңбектеріне Абай атындағы пединституттың аға оқытушысы Т.Әбрахманов сараптама жүргізіп, бір де бір еңбекте өрескел саяси қателіктің жоқ екенін анықтады. Қосымша тергеудің нәтижесінде Қоңыратбаев Әлібек 1955 жылы 14 қазанда ақталды.

Екі бірдей бауыр еті баласынан айырылып, бір ұлы қуғындауда жүрген ана үшін осыдан артық азап болмады. Сталин қайтыс болып, қаншама адам ақталып жатқан уақытта сексенге таяған ана тағы да хат жазды. Онда "Егер қазір Шиелі ауданының тұрғындарынан Қалжан мен Әлібек туралы сұрастырса, ешкім оларды мемлекетке немесе халқына зияны тиген жау демес. Мен ана ретінде оларға тағылған айыптарды қабылдамаймын. Өйткені олардың өмірі, ойлары, тірлігі тағылған айыптармен тіпті үйлеспейді. Мен қазір 80 жасқа келдім, төрімнен көрім жақын. 1937 жылдан бастап басымнан қайғы кетпей келеді. Ендігі жерде балаларым тірі болса, соларды соңғы рет көрсем деймін. Егер олар дүние салған болса, ақталып, адал совет азаматтары қатарына қосылғандарын тілеймін. Рыскүл Қоңыратбаева", - делінген. Бірақ, өкінішке орай, Қалжан мен Әуелбек Қоңыратбаевтар атылып кеткен болатын.

Біздің қазақ тарихында жазықсыз жазаланып, айып тағылып, ажал құшқандардың саны аз болған жоқ. Қыршынан кетсе де, ғылым мен білім жолында өскелең ұрпаққа мәңгілік азық болатындай қаншама еңбектер мен зерттеулер қалдырды. Жақсының аты, халымның хаты өлмейді.

## ҚАЗІРГІ КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ ЭКОНОМИКАСЫН МЕДИАДА ЖАРНАМАЛАУ

Жолдас Ф.,

1-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Өзбекова Г.

Қазіргі уақыттағы экономика үшін ең маңызды орынға адами капитал ие болып отыр. Адами капиталды қажеттіліктерді қанағаттандыруға қолданылатын адамның өмір бойы жинаған білімі мен дағдылары деп анықтауға болады. Осылайша, адами капитал адамның таланты мен қабілетіне теңестіріледі. Өз кезегінде талант пен қабілетті «креативтілік» деп қабылдауға болады. Қазіргі ұғымда креативтілік – ауқымды және үздіксіз тәжірибе, ол барлық қабілеттерге ортақ дағдыларға, сондай-ақ экономикалық тәжірибе мен құзыреттілікке негізделеді.

*Креативті экономика — бұл экономиканың жаңа түрі, ол дәстүрліден айтарлықтай ерекше, өйткені өндіріс процесі ресурсқа емес өнімнің құндылығы мен оны жасаушының қияли шығармашылығына байланысты.* Креативті экономика мен шығармашылық индустриялар Қазақстанда соңғы 15-20 жылда сараптамалық қоғамдастықта белсенді талқылануда. Оған себеп — дәл қазір шығармашылық индустрияларды қолдау және экономиканың креативті секторын дамыту мемлекеттік саясаттың басымдығына ие болуда. Шығармашылық экономика креативті көзқарас тұрғысынан талданады, оның негізінде сыни ойлау, жобалар құру, шығармашыл қиял, практикалық әрекетке фокус жатыр. Қазіргі әлемде бұл нағыз инклюзивті экономиканың даму көзі болып табылады. Азаматтардың шығармашылық әлеуеті мен зияткерлік капиталына негізделген «креативті индустрия» — шығармашылық экономикаға шығармашылық адамдарды тартатын ірі қалаларды дамытудың қозғаушы күші.

«Креативті экономика» ұғымын алғаш Business Week журналы 2000 жылдың тамызында енгізді. Алайда, «креативті индустрия» термині ХХ ғасырдың ортасында пайда болған. Бұған дәлел - неміс философтары Т. Адорно мен М. Хоркгеймердің «Ағартушылық диалектикасы» еңбектері. Онда «креативті индустрия – шығармашылық пен зияткерлікке негізделген салаларды біріктіретін экономика бағыты» делінген. Расында оларға дизайн, сәулет, өнер, музыка, кино және бейне, әдебиет, БАҚ сияқты салалар кіреді. Шығармашылық салалар экономиканы дамытуда, жұмыс орындарын құруда, инвестиция тартуда және қоғамның мәдени баюында маңызды рөл атқарады.

Креативті индустриялар «мәдениет индустриясы» немесе «креативті экономика» ұғымдарымен сабақтас. Экономиканың бұл секторы инновацияны алға жылжытатын, технологиялық дамуды ынталандыратын, мәдени бірегейлікті қалыптастыратын және өмір сүру сапасын жақсартатын қазіргі әлемге маңызды бағыт болып отыр. Оған қарқындылық пен серпімділік тән. Жаңа дамып келе жатқан бұл бағыт медиа, БАҚ саласына да өзіндік жаңаша леп әкелді деуге негіз бар. *Креативті ойларды, жобаларды жариялауда, жарнамалауда медиадан ашақ кету мүмкін емес. Себебі медиа — заманауи мәдениет айнасы.*

*Дәлелдерге сүйенсек АҚШ пен Канададағы креативті индустрия нарығының дамуы креативті қызметтер мен аудиовизуалды медиа – теледидар, кино түсіру және радио нарығымен байланысты екен. Мұнда цифрлық мәдени контентті тұтынушылардың ең көп саны шоғырланған – 63%, бұл Азия мен Еуропаға қарағанда көбірек. Бірақ бұл мемлекетіміз креативті индустрия экономикасын медиада жарнамалауға пәрменсіз деген сөз емес. Керісінше.*

Қазіргі креативті индустрияда шығармашылық өнімдер мен идеяларды жария етуде және таратуда БАҚ маңызды рөл атқарады. Олар жобаларға, музыкалық бағыттарға, фильмдерге, суретші жұмыстарына және басқа да шығармашылық бастамаларға назар аударуға көмектеседі. Креативті индустрия экономикасын медиада жарнамалау үшін:

- аудиторияны қызықтыратын бірегей контент жасау;
- мәдени шаралар, көрмелер, концерттер және басқа да іс-шаралар туралы ақпаратты ертерек және тез жариялау;
- фестивальдерге және конференцияларға қатысу, ықпалды тұлғалармен және брендтермен серіктестік, шығармашылық өнімдер мен қызметтерді көрсету үшін виртуалды инновациялық технологияларды пайдалану;
- сұхбат, репортаж жасау және жарнама арқылы шығармашыл тұлғалар мен жобаларға қолдау білдіру қажет.

БАҚ креативті экономиканы дамытуда, шығармашылық өнімдер мен қызметтерге назар аударуда, сонымен қатар аудиторияны кеңейтуде және тұтынушылармен өзара әрекеттесуде шешуші рөл атқарады. Бұл шығармашылық идеялар мен жобаларды монетизациялау үшін әлеуметтік

медианы, контент маркетингін, PR нақандарын және басқа стратегияларды пайдалануды қамтуы мүмкін.

Креативті индустрия экономикасын медиада жарнамалаудың бірнеше жолын ұсынайық:

- Интернеттегі жарнама: Google, Facebook, Instagram және LinkedIn сияқты платформаларда жарнамалық нақандарды іске қосу, мақсатты анықтау және мазмұнды оңтайландыру арқылы кең аудиторияға қол жеткізу;

- Блогерлермен және ықпал етушілермен ынтымақтастық құру;

- Мамандандырылған басылымдарда жарияланымдар: креативті индустрияға немесе экономикаға бағытталған журналдарда, блогтарда және онлайн платформаларда мақалаларды, сұхбаттарды және жарнамаларды орналастыру.

- Дәрістер өткізу, шығармашылық өнімдер мен идеяларға назар аудару үшін семинарлар, шеберлік сабақтары мен презентациялар жасау. Networking: идеялармен, тәжірибемен алмасу және шығармашылық салада жаңа байланыстар орнату үшін кәсіби форумдар мен қауымдастықтарға белсенді қатысу.

- Бейне мазмұнын пайдалану: аудиторияны айтарлықтай арттыратын шығармашылық процестерді, жобаларды немесе өнімдерді көрсету үшін бейнелер, вебинарлар немесе тікелей трансляциялар жасау;

- Мессенджерлер мен чат-боттар арқылы тұтынушылармен байланысу, өнімдер мен қызметтер туралы ақпарат беру, сондай-ақ акцияларды ұйымдастыру және жарнаманы тарату үшін чат-боттар мен жылдам хабаршыларды пайдалану.

Бір нәрсе анық, креативті жобалардың табысты болуы және олардың қоғамдық сана мен экономикалық өсуге әсер ету қабілеті БАҚ-қа байланысты. Инвестициялаудың әлемдік тәжірибесінде, көптеген компания креативті сервистерді, медиа платформаларды, цифрлық құралдарды, геймдевелопментті және басқаларды құруға инвестиция салады. Креативті индустрия жаңа технологиялардың, жаңа салалардың, материалдық тауарлардың, сонымен қатар ел үшін маңызды экономикалық артықшылықтың бірі екенін байқадық. Әлемде бұл нағыз инклюзивті экономиканың даму көзі. Азаматтардың шығармашылық әлеуеті мен зияткерлік капиталына негізделген «креативті индустрия» болашақта экономиканың ең маңызды саласына айналуы әбден мүмкін.

## **САЯСИ ЖАЛҒАН АҚПАРАТТЫҢ ҚОҒАМҒА ЗАЛАЛЫ. РЕСЕЙ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ОҚИҒАЛАР. 2022-2023**


**Есімбай А.,**

*Журналистика факультетінің I курс магистранты*

Дезинформация – қоғамдық сананы жаңылыстырып, онда қандай да бір реакция тудыру мақсатын көздеп, ақиқат ретінде таратылатын жалған ақпарат. Бұл шара алғаш рет I дүниежүзілік соғыс кезінде қарсыластарды адастыру, шатастыру, жаңылыстыру мақсатында пайдаланылды. Ол тәсіл қарсыласты тікелей алдауға, жалған, өтірік, фактілерді бұрмалау арқылы қолданылады. (1) Яғни жалған ақпарат таратуда түрлі топтар әр түрлі мақсаттарды көздейді. Жасырын мүдделері болады. Бірінші және екіншідүниежүзілік соғыс жылдары қос тарап бір-біріне жалған ақпараттар жіберіп, қарсыласын бағытынан айнытып, дызморальға ұшыратуға тырысты. Дызмораль – қарсыласының еңсесін түсіру. Дызмораль әдісі қазақтың соңғы ханы Кенесарының қырғыз манабы Ормонмен болған шайқаста қолданылды. Ормон манап түн ортасында таудан қолына алау ұстаған әскерін алып түскенде, әскерін бір жүрген жолмен жерді шандатып 2-3 рет қайта жүргізген. Соның арқасында оның әскері 2-3 есе көп болып көрініп, Кенесарының әскерінің рухын сындыруға тырысқан.

Қазіргі саяси ғылымда жалған хабар тарату арбау технологияларының құрамдас бөлігі болып табылады. Ол ерекше ақпар арқылы реципиенттер санасында коммуникатордың өз мақсатымен сәйкес келіп, үндесетін ниет туғызуды көздейді. [2]

Қазіргі таңда жалған ақпарат тарату соғыс болып жатқан Ресей мен Украина елдерінің арасында қызу қарқын алған. Украиндық «Униан» сайты ресейлік 332 040 жауынгер ажал құшты деп ақпарат таратты. Бұл туралы олар сайттың басындағы баннерге жазып қойған (төмендегі 1-ші фотода)



*1-ші фото*

Ал Ресей Үкіметі «Униан» сайтындағы деректерді жоққа шығарумен әлек. Мысалы өткен жылы қыркүйек айында Ресей Федерациясының Қорғаныс министр Сергей Шойгу бар болғаны 5937 жауынгер өлді деп ресми ақпарат таратты. Сол кезде Украина елі Шойгудің бұл мәлімдемесін күлкіге айналдырды. Олар Шойгу мәліметті бірнеше есе қысқартып айтып отыр, өз еліне жалған ақпарат таратып жатыр деп айыптады. (3)


Яғни Украина елі ресейлік жауынгерлер көптеп қырылды деп өз халқының еңсесін көтергісі келсе, Ресей тарабы құрбан болған жауынгерлер саны өте аз екенін айтып, халқының еңсесін түсіргісі келмеді. Осы арқылы қос мемлекет бір-бірімен тек дәстүрлі соғыс (қару-жарақ арқылы -автор) емес, ақпараттық соғысты да жүргізіп жатыр.

Биыл 14 қыркүйекте «АҚШ-Украина» қорының қолдауымен ұйымдастырылған жиында Ресей елінің саясатын, қоғамы және БАҚ-ты талдауға маманданған АҚШ пен Италияның зерттеушілері кремльдік үгіт-насихат пен жалған ақпараттың Батыс елдеріне тигізетін әсерін талқылаған болатын. Сонда Джино Германи элеуметтік ғылымдар және стратегиялық зерттеулер институтының ғылым жөніндегі директоры Серджио Германи кремльдік бірнеше жалған ақпараттарды мысалға келтірді.

«Италияда «Донбасстың орыстілді тұрғындары геноцидтің құрбаны болды», «Украиндағы Еуромайдан төңкерісі мемлекеттік төңкеріс болды. Оны ЦРУ (Орталық барлау басқармасы - автор), АҚШ және басқа да Батыс елдерінің үкіметтері демеушілік жасады. Нәтижесі «түрлі-түсті революцияға» алып келді деген жалған ақпарат тарайды. «НАТО Украинаны Ресейге қарсы трамплинге айналдырды», «Украина - НАТО-ның Ресейді жою құралы» деп есептейді» - деді сарапшы.

«Ең қатты таралған жалған тезис - Украинадағы соғысты ресейліктер өздерінің Украинаға қарсы агрессиясы деп емес, Батыстың Ресейге қарсы агрессиясы ретінде сипатталады. Бұл көпе-көрнеу жалған» - дейді срапшылар.

Ал ресейлік «РТ» сайтындағы ақпараттарда, сараптамалық мақалаларда Батыс елдері озбыр саясат ұстанып отыр деп жазылады. Және де олар Ресеймен байланысты үзген соң, түрлі саяси-экономикалық қиындықтарға тап болғанын тұрақты түрде жариялап отырады. Осы арқылы Ресейдің болашағы жарқын, ал Еуропа елдерінің бұлыңғыр деген түсінікті санаға сіндіргісі келеді (төменде 2-ші фотода Польша мен Сербияның қиын жағдайға тап болуы туралы мақалалардың скрини).



*2-ші фото*

Сонымен қатар Ресей Президенті Владимир Путин Батыс елдері өздері жалған ақпарат таратып, әлем алдында Ресей туралы теріс түсінік қалыптастырғысы келеді деп есептейді.

«Ең болмаса, Оңтүстік Осетиядағы оқиғалардың куәсі болған Америка Құрама Штаттарында тұратын 12 жасар қыз бен оның тәтесімен сұхбат қалай өткенін еске түсірейік. Ең үлкен Fox News арналарының бірінде жүргізуші оның сөзін үнемі бөліп отырды. Қыздың айтқаны ұнамаған соң, ол оның сөзін бөліп, жөтеліп, ысқырып, сықырлай бастады. Бұл ақпаратты шынайы, объективті ұсыну ма? Жок, бұл жалған ақпарат» - деді Путин. (4)

Яғни Батыс елдері Ресейде болған оқиғалардан ылғи кілтипан іздеп отырады дейді.

Сонымен қатар жалған ақпарат сайлау науқандары кезінде қатты белең алады. Осы тұста біз мысалға Қазақстанды алайық. 2019 жылғы кезектен тыс Президент сайлауы кезінде ел ішінде форс-мажор жағдай орын алды. Сайлау қорытындысы шыққан кезде халық нәтижеге сенбеді. Сол кезде Орталық сайлау комиссиясы президенттік сайлауда кандидаттарға сайлаушылардың қанша дауыс бергендігін жария етті.

*Жамбыл Ахметбеков - 1,83 пайыз;*

*Дания Еспаева - 5,2 пайыз;*

*Әміржан Қосанов - 16,02 пайыз;*

*Төлеутай Рахымбеков - 3,2 пайыз;*

*Амангелді Таспихов - 2,07 пайыз;*

*Қасым-Жомарт Тоқаев - 70,76 пайыз;*

*Сәді-Бек Түгел - 0,92 пайыз;*

Бірақ халық бұл ақпаратқа сенбеді. Олар Әміржан Қосанов 16,02 пайыздан да көп дауыс жинады деп есептеді. Соның салдарынан ел ішінде дүрлігу болып, билікке қарсы шықты. Ақырында бұл дүрлігу саяси технологиялар дұрыс қолданылуының арқасында басылып, мәселе оңынан шешілді. Себебі сол кезде әлеуметтік желілерде белгісіз топтар митингті әрмен қарай дамытырып, билікті төңкеру керектігі туралы үздіксіз ақпарат таратып отырды. Билік дер кезінде нақты шешімдер қабылдамағанда соны бүлікке алып баруы мүмкін еді. Бұл туралы үміткер Әміржан Қосанов да, қоғам белсендісі, айтыскер ақын Ринат Зайытов та мәлімдемелер жасады. Ринат Зайытов сайлау қорытындысы шыққан күні Алматы қаласының полиция бөлімшесіне жеткізілген еді. Халық полиция бөлімшесінің алдына жиналды. Сонда айтыскер ақын видеоүндеу жолдады:

«Қадірменді, ағайындар, алматылықтар! Алаңдайтындай ештеңе болып жатқан жоқ. Сондықтан, баршаларыңыздан үйлеріңізге тарқауларыңызды өтінемін. Себебі, мен қазақтың бір тамшы қанын мойныма алғым келмейді. Ешкімге реніш жоқ, өкпе жоқ. Бұйырса, үйге қайтайын деп жатырмын. Сіздер де үйлеріңізге қайтыңыздар» - деді. Ал Әміржан Қосанов халықты арандап қалмауға шақырды. «Алматы және Астана қалаларында шетелдегі псевдооппозиционерлердің байкот идеясын қолдаушылардың толқуы болды. Бұл үлкен резонанс туғызды. Сайлау өтіп жатқандықтан рұқсат етілмеген бұл оқиғаға қатысты құзырлы органдар өз позициясын айтып кетті. Сондықтан мен мәлімдеме жасаймын. Шетелде кафеде кофе ішіп отырып, қазақстандықтардың конституциялық құқығын бұзып, сайлау алдында отқа итермелеу бұл саяси арандату, саяси оңбағандық. Жастарымыз соған алданып жатыр. Қазір Қазақстан транзит кезеңінде. Мұндайда елде саяси өзгерістер болады. Сөзсіз болады. Ол халықтың талабы ғана емес, билікте соны қалап отырған күштер бар, қалыптасып келе жатыр» - деді.


Яғни қос азаматтың мәлімдемесінен әлеуметтік желілерде шетелде отырған псевдооппозиция өкілдері жалған ақпарат тарату арқылы халықты арандатып, ел ішіндегі тұрақтылыққа нұқсан келтірмекші деген ойды білдік. Ал шетелдегі «елбұзар» - Мұхтар Әблязов. Бұл туралы көп айтылды. Тіпті Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев та Әблязовты сатқынға тенеді.

Ал саяси жалған ақпараттың Қазақстанда шарықтау шегі – 2022 жылғы Қаңтар оқиғасы кезінде болды. Сол кезде әлеуметтік желілер арқылы арандатушылар халықтың әлеуметтік осал тұсын дөп басып тапты. Яғни, бейбіт толқулар ең бірінші Маңғыстау облысында басталды. Артынша Ақтау, Ақтөбелерде жалғасын тапты. Сол кезде әлеуметтік желілерде «Кіші жүздер әрқашан бастайды. Ал Ұлы жүз тыныш отырады» деген сарында рушылдықты қоздыратын үгіт-насихат жүргізілді. Рудан бөлек, жершілдік те қосылды. «Шымкент неге үнсіз отырсыздар?» деп намысты қайрайтын, бірақ шындығында арандатушылық сарындағы посттар қаптап кетті. Соның нәтижесінде көтеріліске Шымкент те араласты. Шарықтау шегі – Алматыда болды. Осы кезде билік шұғыл шешім қабылдап, интернетті өшірді. Соның нәтижесінде арандатушылар халыққа бағыттамалар бере алмай қалды. Бұның ақыры – арандатушылардың жүйесіз жұмыс істеуіне алып келді. Қазақстан Үкіметінің жүйелі жұмысының арқасында бүлік 1 аптаға жетпей толықтай басылып, бақылауға алынды. Дегенмен Үкімет

жұмысы көңіл көншітпейді деп есептейді ұлттық және халықаралық БАҚ құқығы саласындағы сарапшы, «Құқықтық медиа орталығы» қоғамдық қорының тең құрылтайшысы Гүлмира Біржанова. «Қаңтардағы наразылықтар мен одан кейінгі Қазақстандағы оқиғалар күн тәртібін өзгертті. Мемлекетіміз күресіп жатыр, бірақ күресу керек нәрсемен күреспей жатқан сияқты... Қазір қаңтар оқиғасынан кейін жалған ақпарат таратпаған блогерлер «әдейі жалған ақпарат таратты» деген айыппен камалып жатқанына қатты өкінемін. Олар бар болғаны митингілер өтетін орындардан оқиғаларды жазды. Сол себепті де Үкімет кейбіреулерін осы бап бойынша жауапқа тартқысы келеді. Құқықтық механизм бар деймін, бірақ мемлекет оны мүлде дұрыс қолданбауда», - деді Біржанова. Яғни елімізде шындықты қаз-қалпында жазғандар «арандатушы», «жалған ақпарат таратушы» болып есептеліп кетіп жатыр дейді.

Қазақстанда жалған ақпарат таратқаны үшін 20 АЕК сомасындағы айыппұл төлеуден бастап, 7 жылға бас бостандығынан айыруға дейінгі жаза көзделген. Жалған ақпарат тарату бойынша істі болып, бас бостандығынан айрылғандар аз емес. Мысалы, 2016 жылы жер мәселесіне қатысты митингілер кезінде осы оқиғаларға түк қатысы жоқ фотосуреттерді Facebook-те «Қызылорда қаласындағы митинг» деп жариялаған азамат 2 жылға бас бостандығынан шектеу жазасына тартылды. 2017 жылы YouTube сервисінде тұрғын үйлердің біреуі құлағаны жайлы видео таратқан Семей тұрғыны кінәсін мойындап, 2,5 жылға бас бостандығынан шектеу жазасына тартылды.

Жалған ақпараттың қоғамға тигізер зияны өте көп. Қазір көптеген мектеп оқушысы ақпаратты әлеуметтік желілерден алады. Және оның тек 2 пайызы сауатты екен. Қалған 98 пайыз жалған ақпаратқа сеніп, теріс іске баруы мүмкін. Бұл туралы ұлттық сауаттылық қоры мәлімдейді (төмендегі 3-ші фотода статистикалық дерек келтірілген)



### 3-ші фото

Қысқаша айтсақ, жалған ақпарат – бүтіндей мемлекетті жарға жыға алатын күшке ие. Сондықтан да жалған ақпаратпен күресте ең бірінші халықтың сауаттылығын арттыру керек деген ұсыныс білдіреміз. Мектеп, орта және жоғары оқу орындарында, мемлекеттік және жекеменшік мекемелерде бір жылда 4 рет, яғни әр тоқсан сайын жалған ақпаратқа қарсы иммунитет қалыптастыру мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп тұру керек. Оларға жалған ақпараттың зардабы мен жалған ақпарат таратқан жағдайда қандай қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын жиі ескертіп тұрса, нәтиже болады деген сенімдеміз.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

- (1) Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3
- (2) Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Информатика және компьютерлік техника / Жалпы редакциясын басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми-баспа бағдарламасының ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А. Қ. Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл. – 456 бет. ISBN 5-7667-8284-5
- (3) Forbes.ru, 2023 ж, 6 маусым. «Шойгу впервые с сентября сообщил о потерях российской армии в «специоперации»
- (4) <https://ru.citaty.ne/> «Цитаты о дезинформация»

## МЕДИАДАҒЫ МАНИПУЛЯЦИЯ

Берден Х.,

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Журналистика факультетінің 2 курс студенті*

Медиадағы манипуляция – қоғамның белгілі бір мәселеге объективті көзқарасын алмастыру мақсатында белгілі бір тараптың өзінің субъективті ойын тықпалауын айтамыз. Манипуляция сөзі ертеректе медицинаның хирургиялық саласы аясында термин ретінде қолданылды. XX ғасырдан бастап ақпарат соғысында психологиялық операция құралына айналып отыр. Бұқаралық ақпарат құралдары және де медиа әлемінде манипуляция қолданылып, халықтың пікірін өзгертуге талпынады. Көбіне бұл әдісті билік өкілдері қолданады.

Медиадағы манипуляция әдістерін жан-жақты талдауға болады. Дегенмен белгілі әдістерін жіктеп көрсек:

1. Ауызша талқылауды қолдану – өзіне керекті идеяны алға шығара отырып, манипуляцияны қолданушы инициатор бұқаралық ақпарат құралдарында, «авторитетті тұлғалармен», «аналитиктермен» жалпы аралық қоғамдық «талқылау» ұйымдастырады. Нақтылай түскенде көрерменнің ойын өзінің идеясы аясында ұйыстырады.
2. БАҚ-тағы шындықты қасақана бұрмалау – дәлелденбеген, қарама-қайшылыққа толы, біржақты көзқарасты қолдайтын ақпаратты медиада тарату.
3. Белгілі бір фактіні жалпы қоғам дәрежесіне көтеру. Бір немесе екі тұлғаның арасындағы конфликтіні жалпы қоғам алдына шығару.
4. Қолда бар ақпаратты талдауға негізделген сенімді фактілер мен пікірлердің орнына қауесеттерді, жорамалдарды, біржақты түсіндірулерді пайдалану.
5. Көрерменге, аудиторияға «жүре пайда болған дәрменсіздік синдромын» енгізу. Медиа саласында, яғни ақпарат саласындағы келеңсіз жаңалықтар мен оқиғаларды (апаттар, соғыстар, эпидемиялар, өршіп тұрған қылмыстар) әдейі шығару саясаты. Қоғамды алдағы келетін іске психологиясын дайындау арқылы, олардың «ауру қоғамда» өмір сүретініне сендіру.
6. Кейбір фактілерді өшіру немесе санаулысын ерекшелеу.
7. Классикалық үгіт-насихатта қолданылатын әдіс – бірнеше рет қайталау. Жалған ақпаратты қорқынышты түрде бірнеше рет қайталау арқылы аудиторияны өзіне сендіреді.
8. Фрагментация әдісі – ақпаратты бөлшектеп беру. Аудиторияға толық шындықты көрсетпей, бөліп-бөліп беру арқылы шатастыру.
9. Жалған авторитеттер мен эксперттерді өз идеясын қолдау үшін пайдалану.
10. Фактілер мен шындықты жақсы естілетін бос ұрандармен алмастыру.

Осы сынды біз теледидар, газет-журнал, әлеуметтік желілерде күнде көріп, бірақ мән бермейтін манипуляция түрі көп. Қазіргі уақытта манипуляция адамдардың мүдделеріне қайшы келетін ойлауы мен мінез-құлқын өзгерту мақсатында идеологиялық және әлеуметтік-психологиялық әсер ету әдістерінің жүйесі ретінде түсіндіріледі. Қызықты анықтаманы М.Битьянова келтіреді: «Манипуляция – бұл манипуляциялық қарым-қатынас арқылы өзінің жасырын ниетіне жету үшін қарым-қатынас серіктесіне әсер етуді көздейтін тұлғаралық қарым-қатынастың кең таралған түрі».

Манипуляция іске асуы үшін ең әуелі пропаганданың сырт-келбеті объект үшін тартымды болуы тиіс. Ішке енген объект жасырын жүргізіліп жатқан манипуляцияны сезбейді. Жалпы манипуляцияның жүргізілетін негізгі үш сферасы бар. Олар идеологиялық (пропаганда), экономикалық(жарнама), әлеуметтік(тәрбие,білім беру). Аталмыш үш салада аудиторияны манипуляцияға тартады. Супермаркеттегі акциялар мен жаппай сатылымдар, мемлекеттік пропаганда арқылы идеологияны тықпалау т.с.с бәрі манипуляция. Манипуляцияны жүргізуде БАҚ-тың маңызы зор. Аудиторияға әсер ету үшін бұқаралық ақпарат құралдарының өзіндік технологиялары бар. Атап айтсақ:

1. Зорлық-зомбылық(қорқыту,шонтаж, ақпараттық соғыс) технологиясы.
2. Рухани зорлық-зомбылық технологиялары (ұсыныс, гипноз, нейролингвистикалық бағдарламалау, психологиялық соғыс);
3. Сендіру технологиялары;
4. Манипуляциялық технологиялар
5. Диалогтық технологиялар.

Медиа салысында, әсіресе, әлеуметтік желідерде осы технологиялар қолданылады. Жалпы қазірге таңда әлеуметтік желілер бәріне қолжетімді болғандықтан манипуляция жасауда таптырмас

құрал. Аудиторияны ақпарат арқылы басқаруға болатынын білетін билік, манипуляция үшін әлеуметтік желілерді тиімді пайланады. Көбіне Таяу Шығыста ислам дінін идеализация жасаса, Батыста халыққа медиа арқылы исламфобияны сіндіруде. Сондықтан манипуляцияға ұшырамау үшін ең алдымен ақпараттық сауатылықтың болуы маңызды. Ақпарат айдынында жұтылып кетпеу үшін кез келген ақпаратқа сыни көзбен қарау керек. Әлемде орын алып жатқан оқиғаларға дұрыс баға беру үшін әрдайым бейтерап көзқараспен анализ жасау қажет. Сонда ғана аудитория манипуляция құрбаны болмайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Г. Франке "Манипулируемый человек" (1964).

2.Хьюелл Л., Зинглер Д. Теории личности (Основные положения, исследования и применение)

Қазақ публицистикасын зерделеу кезінде ескеру қажет басты аспектілердің бірі жекелеген авторлардың шығармаларын талдау ғана емес, сонымен қатар қазақстандық мәдениет пен тарих контекстінде публицистика теориясын дамыту болып табылады. Фетисовтың жұмысында журналистика теориясының нақты анықтамасының болмауы осы бағытта одан әрі зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар, қазақ публицистикасы қоғамдық пікір мен халықтың бірегейлігін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын Қазақстанның мәдени мұрасының маңызды аспектілерінің бірі болып қала береді. Оны зерттеу аймақтың тарихын жақсы түсінуге ғана емес, сонымен қатар қазіргі қоғамдық-саяси процестерді талдау мен түсіндірудің жаңа тәсілдерін тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Осылайша, бүгінгі күнге дейін қазақ публицистикасын зерттеудегі кейбір олқылықтарға қарамастан, оның Қазақстан тарихы мен қазіргі замандағы рөлі мен маңызы туралы түсінігімізді тереңдетуді жалғастыру маңызды. Осы саладағы қосымша зерттеулер аймақтың мәдени дамуының көптеген аспектілеріне жарық түсіріп, біздің қоғамдағы әлеуметтік процестерді зерттеудің жаңа тәсілдерін тұжырымдауға көмектеседі.

Қай елде, қай дәуірде болмасын журналистиканың публицистикалық жанры қоғамдық мәселені халық тілінде жеткізуге, шешім қабылдауға, ой қозғауға тікелей түрткі болды. Сонау тасқа қашалған жазулардағы тарихи шындықты жеткізіп отырған публицистикалық сарынның, элементтің бүгінге дейін өмір сүріп, өміршең болып келуінің өзі осының дәлелі деуге болады.

«Біздер, баспасөз тарихын зерттеушілер бір жақтылыққа ұрынудан аса абай болғанымыз лазым. Оның ауадай қажеттігін ғылым дәлелдеумен келеді. Бұл жөнінде ел тәуелсіздігінің елең-алаңында, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының орта белінде жазған кандидаттық диссертациямда дұрыс бағыт ұстанғанымға қазір қуанып отырған жайым бар. Онда мынадай ой түйіндеппін: «Олардың (кеңес дәуіріндегі ғалымдардың) зерттеулері бүгінгі талап тұрғысынан шындықты бүркелемегендей болып көрінгенмен, кезінде ағынға қарсы тоған іспетті тотаритарлық жүйенің тар шеңберіне сыймай, сіреспе таптық идеологияның сынына ілігіп, қараланып отырғанын ұмытпауға тиістіміз», (Сақ, 2000) дейді С. Қайрат. Шындығында, публицистикалық жанрдың басты ұстанымы да тарихи шындық, объективтілікке құрылады. Жазылу тілі, ойды беру форматы әдебиетке жақын болғанымен, оның да сақтайтын талаптары, негізгі ұстанымы журналистика саласы тандап отырған этика және принцип заңдылықтарына бағынады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. McQuail, D. (2010). Mass Communication Theory. Sage Publications.
2. Bennett, W. L., & Iyengar, S. (2008). A New Era of Minimal Effects? The Changing Foundations of Political Communication. *Journal of Communication*, 58(4).
3. Hall in, D. C., & Mancini, P. (2004). *Comparing Media Systems: Three Models of Media and Politics*. Cambridge University Press.
4. Фетисов М.И. Зарождение казахской публицистики. – Алматы: КГИХЛ, 1961. – 440 с.
5. Амандосов Т., Елеукенов Ш., Ыдырысов Т., Қожакеев Т. Газет жанр-лары. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 208 б.
6. Сақ Қ. Ұлттық сана ұйытқысы: Оқу құралы,- Алматы: Қазақ университеті, 2000, 9-10; б;

## **БАҚ-ТАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК: D.D.O.S. ШАБУЫЛДАРЫ**

**Мантай А.,**

*магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ*

**Шурентаев А.,**

*PhD, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ*

*Астана, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Мақала қазақстандық БАҚ-қа бағытталған DDoS-шабуылдары контекстінде медиа саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселесін талдауға арналған. Зерттеуде Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздік деңгейінен бастап, DDoS шабуылдарының қазақстандық БАҚ жұмысына әсері, тәуелсіз және оппозициялық БАҚ-тағы кибер шабуылдардың көрінісі, мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамыз етудегі рөлі қарастырылған. Мақалада Қазақстанның медиа секторындағы ақпараттық қауіпсіздікті жақсарту бойынша ұсыныстарының жүзеге асырылуы және қазақстандық БАҚ-қа DDoS-шабуыл жасау жағдайлары талданып, сараптама жүргізілген.

**Түйін сөздер:** БАҚ, ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттық технологиялар, кибершабуылдар, D.D.O.S. шабуылдары, сөз бостандығы, киберқауіпсіздік, сайт, әлеуметтік желі, заңнама.

Ақпарат ағыны ұдайы өсіп отырған қазіргі ақпараттық қоғамда ақпараттық қауіпсіздікті қорғау барлық қызмет саласының, соның ішінде БАҚ үшін негізгі аспектіге айналып отыр. Дегенмен, БАҚ рөлінің артуымен бірге ақпараттық қауіпсіздік саласындағы міндеттер де артып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылатын ақпарат киберқылмыскерлердің заңсыз әрекеттері үшін де, айла-шарғы жасау мен жалған, манипуляциялық ақпарат таратуда негізгі қозғаушы күшке айналған.

Ақпараттық технологиялардың журналистика мен медиа индустрияға енуі мамандар үшін жаңа мүмкіндіктер мен жаңа міндеттерді қалыптастырды. Бұрын бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттық қауіпсіздік, ең алдымен, мұрағаттар мен жабдықтар сияқты физикалық активтерді қорғаумен байланысты болса, бүгінде ол сандық деректерді қорғауды, цифрлық алаяқтықпен күресуді, хакерлердің шабуылдарынан қорғауды және аудиторияның ақпараттың шынайылығы мен сенімділігіне сенімін сақтауды қамтиды.

БАҚ-тағы ақпараттық қауіпсіздіктің осалдығы БАҚ-тың өзіне ғана емес, жалпы қоғамға да кері әсер ету мүмкіндігі бар екенін түсіну қажет. Сондықтан оны зерделеу және қамтамасыз ету қазіргі ақпараттық әлемде маңызды міндет болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барлық мүдделі тараптардың – журналистер мен редакторлардан бастап бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушілер мен киберқауіпсіздік мамандарына дейін кешенді көзқарас пен өзара әрекеттесуді талап етеді [1].

Жалпы қабылданған түсініктегі ақпараттық қауіпсіздік – ақпараттың құпиялылығын, толыққандылығын және қолжетімділігін қорғау. Әр жыл сайын БҰҰ Халықаралық электр байланысы одағының (International Telecommunication Union) эксперттері «Жаһандық киберқауіпсіздік индексі» (Global cybersecurity Index) тақырыбында киберқауіпсіздік деңгейі бойынша мемлекеттердің рейтингісін әзірлейді. Ұйымның соңғы зерттеуі, 2020 жылғы көрсеткіштерге сәйкес Қазақстан киберқауіпсіздік бойынша 194 елдің ішінде 38-ші орында [2]. Дегенмен, соңғы жылдары ҚР азаматтарының жеке деректерінен бастап бұқаралық ақпарат құралдарына жасалып жатқан D.D.O.S шабуылдарының жиілігін ескерсек, көрсеткіш біз ойлағаннан әлдеқайда төмен.

DDoS-шабуыл (ағылш. Distributed Denial of Service – «қызмет көрсетуден бас тарту») – кең таралған және қауіпті желілік шабуылдардың бірі болып табылатын қызмет көрсетуден бас тарту түріндегі үлестірілген шабуыл [3]. Шабуыл нәтижесінде заңды пайдаланушыларға, желілерге, жүйелер мен өзге де ресурстарға қызмет көрсету бұзылады немесе толық істен шығарылады. DDoS-шабыл нәтижесінде сайтқа қызмет көрсететін серверлерге үлкен көлемдегі жалған сұратуларды өңдеуге тура келеді және сайт қарапайым пайдаланушы үшін қолжетімсіз болып қалады. Мұндай шабуылдардан коммерциялық және ақпараттық сайттар зардап шегеді.

Ұлттық компьютерлік инциденттерге әрекет ету қызметі немесе KZ-CERT орталығы елімізде орын алатын кибершабуыл жағдайларының жыл сайынғы есебін жүргізумен айналысады. Орталықтың жүргізген зерттеулеріне сәйкес, Қазақстанда орын алатын компьютерлік шабуылдардың негізгі түрлері ботнеттер мен компьютерлік вирустардың әсерінен артып келеді. Ал DDoS шабуылдарының саны 2019 жылдан бері 5 есеге артқан [4]. Ұйым зерттеуінің соңғы он жылдықтағы көрсеткіштері келесідей (1-кесте).


<b>Ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларының статистикасы</b>	<b>2013</b>	<b>2014</b>	<b>2015</b>	<b>2016</b>	<b>2017</b>	<b>2018</b>	<b>2019</b>	<b>2020</b>	<b>2021</b>	<b>2022</b>	<b>2023</b>
Ботнеттер	1129 5	1420 9	1715 0	1895 9	2289 9	1772 4	1730 0	1267 0	4304	2194	4040
AP-ға қолжетімділіктің болмауы	0	0	0	0	1065	797	1075	2937	1959	1258	1090
Компьютерлік вирустар, желілік құрттар, трояндар	569	295	120	114	360	313	409	2500	1192 3	1086 9	2194 0

Қызмет көрсетуден бас тарту (DoS/DDoS ата)	5	19	21	10	43	42	201	290	264	218	152
Рұқсатсыз қол жеткізу және мазмұнды өзгерту	253	563	503	1336	915	1082	258	293	272	407	329
Интернет желісіндегі фишинг	244	348	195	128	106	199	883	1392	658	1242	2160
Қалған оқиғалар	0	0	0	0	0	0	0	0	0	466	4770

1-кесте. Ақпараттық қауіпсіздік инциденттерінің статистикасы

Орталықтың жүргізетін зерттеулері дәрежесіне қарай кіші және ауқымды кибер шабуылдарды ортақ есепке алатынын ескерсек, кейбір шабуылдардың ұлттық қауіпсіздікке тигізген зардабының әлдеқайда үлкен және салдары әлі күнге кері әсер етіп келе жатқанын да естен шығармау қажет. Мысалы, бүгінде әлеуметтік желілерде кеңінен таралған банк қызметкері, Ұлттық қауіпсіздік ұйымының қызметкері атағын жамылған алаяқтардың халықтың жеке деректері, телефон нөмірлеріне қол жеткізуі әсерінен несие рәсімдеп, құқық қорғау органдарына арыз жазған азаматтар саны күн санап артып келеді.

2023 жылы Қазақстан шетелдік хакерлерден 223 миллионнан астам кибершабуыл жасау әрекетінен зардап шекті. Мемлекеттік техникалық қызметтің баспасөз қызметі ұсынған ақпараттарға сәйкес, әрекеттердің басым бөлігі Украина мен АҚШ-тан болған [5]. Негізгі кибершабуылдар Украина, АҚШ, Польша, Ресей және Қытай сияқты елдерден тіркелді (1-гистограмма).



Бұқаралық ақпарат құралдары ақпараттық шабуылдар кеңістігінен тыс қалған жоқ. Соңғы жылдары Қазақстандық БАҚ-қа жасалған хакерлік шабуылдар толқыны мамандар қызметінің белгілі бір уақыт аралығында істен шығуына әкеліп соқтырды. Маңызды жаңалықтар тарататын сайттар мен әлеуметтік желілер уақытша өз жұмысын тоқтатады. Әсіресе тәуелсіз немесе оппозициялық БАҚ үшін ақпарат тарату мүмкіндігі барған сайын қиындық тудыруда. ҚазТАГ, Inbusiness.kz, Kursiv.Media, Protenge.kz БАҚ, сондай-ақ журналистер Асхат Ниязов пен Дмитрий Шишкиннің жеке парақшалары соңғы кездері хакерлер шабуылының құрбанына айналды. «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау қорының мәліметінше, мұндай шабуылдар саны әлі де артып келеді. Егер 2022 жылы қорда 32 жағдай тіркелсе, 2023 жылы оқиғалар саны 52-ге жеткен.

2023 жылдың қаңтар және ақпан айларында қазақстандық БАҚ өкілдеріне бірнеше шабуыл жасалды: Elmedia YouTube арнасының кеңсесінің есігі сындырылды; журналист Динара Егеубаеваның көлігін өртеп жіберіп, біраз уақыттан кейін оның ұлына шабуыл жасаған; UlysMedia сайты бұзып, оның бас редакторы Самал Ибраева мен оның отбасы мүшелерінің жеке деректерін интернетте таратып, «Орда» басылымының бұрынғы бас редакторы Гүлнар Бажкенованың пәтерінің есігіне бояу

жағып, оған ұлының аты мен суреті жазылған құлпытас жіберген; журналист және YouTube-тегі «Нурбогөеу» арнасының авторы Вадим Борейконың үйінің есігін полиуретанды көбікпен толтырып, Борейкомен бірге жұмыс істеген бейнеоператор Роман Егоровтың екі көлігін бірден өртеп жіберген. Д. Егеубаеваның айтуынша, бұл қауіптер оның сенімі мен журналистік қызметіне ешқандай әсер еткен жоқ, бірақ 2023 жылы қазақ журналистикасында не болып жатқанын бақылай отырып, ол енді журналистерге барынша қатаң әдістермен, ең алдымен, заңға түзетулер енгізу арқылы қысым көрсетіледі деген қорытындыға келді.

Kursiv.Media-ның бас редакторы Мира Халина Informburo.kz сайтына Kursiv.Media сайты мен аккаунттарына жасалған шабуылдар туралы берген сұхбатында Kursiv.Media серверлеріне DDoS шабуылдары 2023 жылдың 6 желтоқсанында басталғанын айтады [6]. Бас редактор DDoS шабуылының мәнін шабуылдаушылар мақсатты веб-ресурсты немесе сервисті көптеген сұраныстармен шамадан тыс жүктеуге тырысатынымен түсіндірді. Хакерлер жүйені бұзып, оны оқырмандар үшін қолжетімсіз ету үшін әртүрлі құрылғыларды пайдаланады. Басылымның әлеуметтік желідегі аккаунттарына да фейк аккаунттар арқылы шабуыл жасалған.

2023 жылы тәуелсіз ұйым ретінде тіркелген «Азаттық радиосының» веб-сайттары веб-беттерге қол жеткізуді бәсеңдететін және сарапшылар интернет цензурасының бір түрі деп атайтын технологияға тап болды. Әлем елдеріндегі интернет цензурасын бақылайтын «Open Observatory of Network Interference» үкіметтік емес ұйымының зерттеуі Азаттық сайттарының бұғатталғанын немесе провайдер деңгейінде олардың жүктелуінің айтарлықтай баяулағанын көрсетті. Ал 2024 жылы 30 қаңтарда Азаттық Instagram-дағы ресми парақшасында 2022 жылғы күзден бері «Азаттық радиосының» 36 журналисіне ҚР Сыртқы істер министрлігі аккредитация бермей отырғаны және редакцияға негізсіз айыппұл салғаны жайында ақпарат жариялады [7].

ҚазТАГ ақпараттық агенттігінің сайты хакерлердің шабуылына ұшырауы бірінші рет емес. 2022 жылдың соңында ресурсқа жақын және алыс шетелдерде орналасқан хакерлер шабуыл жасады. Осы себепті Қазақстаннан тыс жерде орналасқан барлық IP мекенжайларына сайтқа кіруге тыйым салу туралы шешім қабылданды. 2023 жылдың 22 қарашасынан бастап ҚазТАГ веб-сайты DDoS-шабуылдардың жаңа сериясына ұшырады және шабуылдар Қазақстандық IP мекенжайларынан жасалды. Агенттік ҚазТАГ сайтына DDoS шабуылдары Алматыдағы «Қазақтелеком» АҚ ғимаратына тиесілі 92.46 сандарынан басталатын IP мекенжайларынан жасалғанын анықтады. Дегенмен «Қазақтелеком» АҚ ресми түрде бұл шабуылдарға қатысы барын жоққа шығарды [8].

Журналист және блогер Асхат Ниязовтың жеке аккаунттары да үлкен хакерлік шабуылдарға ұшырады. 2023 жылдың желтоқсан айының соңында А.Ниязов Telegram аккаунтын қалпына келтіре алмағанын, кейін YouTube желісіндегі «Обожаю» арнасына кіре алмай қалғанын хабарлады. Есептік жазбаларға жасалған шабуылдар ағымдағы жылдың қаңтар айында жалғасты. Бұл жолы тіпті жақындарының да, әріптесі Назымгүл Кұмыспаеваның да WhatsApp желісі бұғатталған. Журналистің айтуынша, оның YouTube арнасындағы видеосына белгісіз қолданушылар «R.I.P.» деген мәтінмен 4000-ға жуық бірдей пікір қалдырған («R.I.P.» ағылш. тілінде «жатқан жерің жайлы болсын» дегенді білдіреді). Оқиғаға қатысты халықтың пікірі бойынша, Асхат Ниязовтың әлеуметтік желіде жариялайтын ақпараттары негізінен әкімдер мен министрлер сынды билік өкілдерінің өмір сүру деңгейі, белгілі бір аудандағы халықтың әлеуметтік жағдайы, жемқорлық, т.б. әлеуметтік-саяси маңызы бар тақырыптарды қозғайтынын ескерсек, билік өкілдерінің тарапынан жасалып отырған қастандық деп күмән білдірушілер көбейген.

Киберқауіпсіздік, IT және коммуникациялар саласындағы тәуелсіз сарапшы Евгений Питолиннің айтуынша, кибершабуылдар бірқатар себептерге байланысты болуы мүмкін. Мысалы, бұл белгілі бір тақырыптарды қол жетімсіз ету немесе жою мақсатында жасалатын бәсекелестердің айласы болуы мүмкін. Ал байланыс арналары мен веб-құралдардың нашар техникалық ұйымдастырылуы жағдайды одан әрі ушықтыра түседі. Хакерлердің шабуылдарынан сенімді қорғаныс үшін сарапшы веб-қосымшаларды мақсатты шабуылдардан және веб-серверлерді DDoS шабуылдарынан қорғайтын арнайы платформа шешімдерін орнатуды ұсынады.

Қазақстан баспасөз клубының президенті Әсел Қараулованың айтуынша, бүгінде қазақстандықтарға тәуелсіз және кәсіби БАҚ, оның ішінде баламалы және мемлекеттік емес ақпарат көздері қажет. Бұл БАҚ азаматтарға ағымдағы оқиғалар туралы объективті ақпарат беруде маңызды рөл атқарады. Сондықтан БАҚ-қа жасалған кез келген шабуыл заңсыз болып табылады және елеулі алаңдаушылық тудырады.

«Медиа Қолдау» заң қызметінің басшысы Гүлмира Біржанованың айтуынша, БАҚ құқықтарының бұзылуына қатысты өз ұстанымын бірінші кезекте ақпарат саласындағы уәкілетті орган – ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі білдіруі керек. Осымен қатар Ұлттық қауіпсіздік комитеті

мен Ішкі істер министрлігі орын алған оқиғаларды тексеруге міндетті. Оның пікірінше, сайттарды бұғаттау - қадағалауы қиын, әрі қымбат қызмет түрі. Сарапшы мұндай тосқауылдардың артында кім тұрса да айтарлықтай ресурстар мен ықпалы болуы мүмкін деп болжайды. Ал ағымдағы жылы Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі киберқауіпсіздікті қамтамасыз ететін арнайы жүйе құрылғанын хабарлады. Жүйе зардап шеккен БАҚ-қа консультативтік және сараптамалық қолдау көрсетеді. Жүйенің негізгі құрамдас бөліктеріне ақпараттық қауіпсіздік операциялық орталықтары және компьютерлік ақпараттық қауіпсіздік инциденттеріне әрекет ету қызметтері кіреді [9].

Жаңа заң қабылдаудың орындылығы және оның сөз бостандығына әсері 2023 жылы үлкен талқыға ұшырады [10]. Заң жобасымен жұмыс барысында министрліктің, үкіметтік емес ұйымдардың және БАҚ сарапшыларының қатысуымен жиырмадан астам отырыс өтті, 200-ден астам толықтырулар енгізілді, бірақ ол әлі де болса даулы және тартысты талқылау тақырыбы болып қалуда. Ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау істері бойынша ескіру мерзімінің болмауы, журналистерге арналған пресс-карталарды енгізу сияқты тармақтар қатты наразылық туындатып, көптеген сарапшылардың пікірінше, бұл кәсіпте сегрегацияға әкеп соғатыны айтылды. Сондай-ақ «ерекше жағдайларда», яғни төтенше жағдайлар, әскери іс-қимылдар және техногендік немесе әлеуметтік сипаттағы режимдер кезінде лауазымды тұлғалармен мәтіндерді келісу талабының енгізілуі БАҚ-ты сөз бостандығынан айырудың заңнамалық әдісі деуге болады.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы БАҚ саласындағы ақпараттық қауіпсіздік кешенді және жан жақты көзқарасты талап ететін өзекті және маңызды мәселе болып табылады. Ақпараттық технологиялар қоғамдық пікір мен әлеуметтік-мәдени процестерді қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын цифрлық дәуірде БАҚ-тағы ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету берілетін ақпараттың тұтастығын, сенімділігін және өзектілігін сақтаудың қажеттілігін тудырады. Үкімет, бұқаралық ақпарат құралдары, технологиялық компаниялар мен қоғамдық ұйымдар киберқауіптерден, жалған ақпараттандырудан және манипуляциядан қорғаудың тиімді шараларын әзірлеп, ақпараттық қауіпсіздік саласында белсенді ынтымақтастықта болуы керек. Бұл сондай-ақ журналистер мен редакторлардың ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша біліктілігін арттыруды, ақпараттық қауіпсіздіктің заманауи технологияларын енгізуді және желі қолданушыларына жеке деректерді сақтау және пайдалану туралы ақпарат таратуды қамтиды.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпараттық қауіпсіздік тек деректердің құпиялығын сақтау ғана емес, сонымен бірге демократиялық құндылықтарды, сөз бостандығын және ақпарат еркіндігін қорғау мәселесі болып табылады. Сондықтан қазақстандық БАҚ-та ақпараттық қауіпсіздікті нығайту еліміздегі ақпараттық қоғамның тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз етудің негізгі элементі болып табылады.

## Әдебиеттер

1. Карпова Д., Киберпреступность: глобальная проблема и ее решение // Власть. – 2014. - №08. – С. 192.
  2. Киберқауіпсіздік деңгейі бойынша елдердің рейтингі // <https://nonews.co/directory/lists/countries/cybersecurity-index>
  3. Кэмбридж сөздігі: «DDoS» терминіне түсініктеме // <https://dictionary.cambridge.org/>
  4. Ақпараттық қауіпсіздік инциденттері // [https://cert.gov.kz/press\\_club/infographics](https://cert.gov.kz/press_club/infographics)
  5. Мемлекеттік техникалық қызметте Қазақстанға кибершабуыл жасаудың негізгі елдері аталды // <https://informburo.kz/novosti/osnovnye-strany-istocniki-kiberatak-na-kazaxstan-nazvali-v-gosudarstvennoi-texniceskoi-sluzbe>
  6. Қазақстандық БАҚ-қа DDoS шабуылдары: кімге тиімді? // <https://informburo.kz/stati/ddos-ataki-na-kazaxstanskije-smi-komu-eto-vygodno>
  7. Азаттыққа қандай қауіп төнді? // <https://www.instagram.com/reel/C2uaVI4tHjm/?igsh=MWhvc3FyODd0cTM0MQ==>
  8. «Қазақтелеком» ҚазТАГ-тың олардың ғимаратынан DDoS-шабуыл жасады деген айыптауына жауап берді // <https://informburo.kz/novosti/kazaxtelekom-otvetil-na-obvinenie-kaztaga-o-ddos-atakax-iz-ix-zdaniya>
- «Шабуылдар жалғасуда». Журналистер қазақстандық БАҚ-ты киберқауіптерден қорғау мәселелерін талқылады // <https://informburo.kz/novosti/ataki-prodolzayutsya-zurnalisty-obsudili-voprosy-zashhity-kazaxstanskix-smi-ot-kiberugroz>

### **Концепция организации «Reporters sans frontières»: проблема свободы слова в казахстанских СМИ**

**Аннотация.** Статья посвящена анализу проблемы информационной безопасности в сфере СМИ в контексте DDoS-атак, направленных на казахстанские СМИ. В исследовании рассматривается уровень информационной безопасности в Казахстане, влияние DDoS-атак на работу казахстанских СМИ, появление кибератак на независимые и оппозиционные СМИ, а также роль государства в обеспечении информационной безопасности. В статье проанализированы и экспертизированы реализация предложений по повышению информационной безопасности в медиасекторе Казахстана и случаи DDoS-атак на казахстанские СМИ.

**Ключевые слова:** СМИ, информационная безопасность, информационные технологии, кибератаки, D.D.O.S. атаки, свобода слова, кибербезопасность, сайт, социальная сеть, законодательство.

### **The concept of the organization "Reporters sans frontières": the issue of freedom of speech in the Kazakh mass media**

**Abstract.** The article is devoted to the analysis of the problem of information security in the media sector in the context of DDoS attacks aimed at Kazakh media. The study examines the level of information security in Kazakhstan, the impact of DDoS attacks on the work of Kazakh media, the emergence of cyber attacks on independent and opposition media, as well as the role of the state in ensuring information security. The article analyzes and examines the implementation of proposals to improve information security in the media sector of Kazakhstan and cases of DDoS attacks on Kazakh media.

**Key words:** media, information security, information technology, cyber attacks, D.D.O.S. attacks, freedom of speech, cybersecurity, website, social network, legislation.

### **БАҚ-ТАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАРДЫҢ БЕРІЛУ ТӘСІЛДЕРІ ("QAZAQSTAN", "ХАБАР" ТЕЛЕАРНАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

**Маханбетова А.,**

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ*

*"Журналистика" мамандығы бойынша магистрант*

*Астана, Қазақстан*

*Ғылыми жетекші: Тапанова С.Е.*

Еліміздегі журналистика саласы басқа да құндылықтар секілді күннен-күнге даму үстінде. Оның дәлелі күнделікті ақпарат тарату көздері, яғни телеарналар, газеттер, тіпті радиолар да жаңа тәсілдерді игеріп, жаһандану үдерісіне ілесіп келе жатыр. БАҚ-тың қай саласы болса да бірінші кезекте қоғамға ақпарат тарату, жаңалықты өзекті сәтінде бере алуды мақсат етеді. Сол мақсат қаншалықты жылдам және қалай орындалып жатыр деген сауалдың жауабы біздің мақаламыздың тақырыбын айқындай түседі. Сондай-ақ жаһан жаңалықтары еліміздің телеарналарында жиі айтылады ма, жоқ па деген сауалдың да жауабы біз үшін маңызды. Жаңалық таратудағы тәсілдердің айқындығы жан-жақтылықтың нәтижесі. Демек, күнделікті елімізде болып жатқан оқиғалардан ақпарат жазып оны ұсынудан бөлек, халықты бүкіл әлемде болып жатқан жаңалықтардан хабардар етіп отыру жаңалық таратудағы жаһанданудың үлгісін көрсетеді.

Ақпаратты табу, жинау және оны тарату бірізді форматты қолдана алмайды. Әрбір сала бірдей ақпаратты өздігінше ерекше тәсілмен, түрлендіріп бере алуы керек. Сонда халыққа бір ақпарат сәтүрлі көзқараспен беріліп, қоғамның бір тарапты қолдап кетуі болмайды. Журналистер ақпаратты саралап, бір мәселені екі-үш жақтан зерттеп берсе адамдар да сол мәселеге басқа қырынан да қарай алады. Бұл үшін журналистер жаңалық таратуда түрлі әдістерді қолдана алулары шарт. Сондай-ақ, ақпарат әлем бойынша секунд сайын жаңарып отыратындықтан, телеарналар да, газет пен радиолар да ерекшелік болуын назарда ұстағандары жөн. Еліміздегі арналар жаңалық таратудағы басты фактор. Газет пен радионы іздеп оқып немесе тыңдайтындардан бөлек, әрбір үйде теледидар болатыны белгілі.

"Qazaqstan" мен "Хабар" телеарналарының жаңалықтарды тарату тәсілдері мен өз ерекшеліктерін айтамыз. Жаңалық таратуда баса назарды шетелдегі жаңалықтарды қалай және қаншалықты жиі бере алатыны туралы зерттейміз.

"Қазақстан" мен "Хабар" телеарналары еліміздегі халықтың басым көпшілігіне танымал арналар. Бұл екі арна тікелей эфирде жаңалық таратумен де, сол айтатын жаңалықтың сапасымен де қоғамда жақсы пікірге ие болған. Жаңалық тарату үлкен ізденісті, жылдамдық пен шапшаңдықты қажет ететінін білеміз. Әсіресе, телеарналар ақпаратты өңдеп, оқиға орнына барып репортаж түсіріп, сұқбат алуға уақыт жұмсайтынын ескерсек, шапшаңдықты айтпау мүмкін емес. Елімізде болып жатқан оқиғалардан бөлек, әлемде күніне неше түрлі жаңалықтар мен оқыс оқиғалар орын алады. Біздің телеарналар мен газет, радиолар сол ақпараттарды қалай алады деген сұрақ дәл осы тақырыпты таңдауға басты себеп болды.

Бірінші кезекте атап өткен екі телеарна шетелде болып жатқан оқиғалар туралы ақпаратты алу үшін қандай тәсілдерді қолданатынын айтып өтейік. Жалпы "Қазақстан" телеарнасында күніне қазақ тілінде 4 рет, орыс тілінде 4 рет жаңалықтар топтамасын беретін ақпараттық талдау бағдарламасы дирекциялары, «Ел» (қоғамдық-саяси және әлеуметтік - экономикалық хабарлар) шығармаластық бірлестіктері жұмыс істейді. Телеарнаның 13 облыстық және 1 қалалық (Семей) бөлімшесі бар. Оның хабарларын 2003 жылы Қырғызстан, Өзбекстан, Ресейдің Қазақстанмен шекаралас 12 облысы мен Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономдық аудандарының тұрғындары көре бастады [1]. Ал, шетел жаңалықтары бойынша "Қазақстан" телеарнасының АҚШ-та тілшілері бар екенін байқауға болады. 2022 жылдың қыркүйек айының төртінде "Апта" бағдарламасында "АҚШ Ресейге экономикалық қысымды күшейте түсті" деген тақырыппен жаңалық берілген. Онда Вашингтоннан Жалғас Сәдібекұлы және Мәскеуден Индира Бегайдар тікелей байланысқа шығып ақпарат таратады [2]. "Қазақстан" телеарнасының интернеттегі парақшасында зерттеу жасағанда бірнеше мемлекеттердің, оның ішінде Түркия, Өзбекстан, Мәскеу мемлекеттерінің атауын жазғанда ақпараттар бар екенін, бірақ барлығы дерлік кадр сыртындағы мәтінмен берілгенін көрдік. Ал АҚШ туралы дерек іздегенде нақты сол елде тұрып ақпарат берген тілші берген ақпараттарды таптық. Жоғарыда айтып өткен екі мемлекеттен ақпарат таратқан екі тілшінің байланысқа шыққан сәттерінде үлкен айырмашылық бар екенін көруге болады. Мәскеуден байланысқа шыққан тілшінің дауысы анық емес әрі үзіліп естіліп тұрды. Ал сапа жағынан АҚШ-тың Вашингтон қаласынан эфирге қосылған тілшінің ақпарат беруі жоғары болды. Ол жерде сапалы камера, арнайы микрофон, жарық құрылғылары болғанын көруге болады.

Қазір "Хабар" арнасының эфирінде 37 тележоба көрсетілуде. Қазақстан үшін «Kazakh TV» телеарнасы спутниктік және имидждік болғандықтан, мағынасы бойынша оған деген талаптар басқа, бірақ шетелде отандастарымыз бен көптеген қазақ диаспорасы тұратындығын ескерсек, барлық эфирдің кем дегенде 50%-ы қазақ тілінде жүреді [3]. Дегенмен "Хабар" телеарнасының шетелден ақпарат тарату жұмысы көңіл қуантарлықтай емес. Зерттеу бойынша бұл телеарнаның да шетел ақпараттарын кадр сыртындағы мәтінмен беретінін көрдік. Жақын аралықта оқиға орнында тұрып шетелден хабар таратқан тілші жұмысын байқау қиын.

Егер біздің еліміздің ақпараттарын шетел порталдарынан іздесек тың деректерді өзекті болған тұсында бере алғандарын көруге болады. Әрине, ол тұста да тілші қызметі аса байқалмайды.

"Хабар" телеарнасының даму ерекшеліктеріне келер болсақ айтарлықтай өзгеріс байқауға болады. Соңғы бес жылдықта «Kazakh TV» телеарнасы жаңа форматқа – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде хабар тарататын көп арналық хабар тарату жүйесіне көшеді деп анықтама берілген. «Kazakh TV-ның» көп арналық сигналы цифрлық теледидеиенің абоненттеріне үш тілдің кез келгенінде 100% хабар тарататын дыбыс жолын таңдау мүмкіндігін береді. Бұрын телеарна елімізде 50% мемлекеттік және 50% орыс тілдерінде, ал халықаралық аренада қазақ және ағылшын тілдерінде хабар таратты. Тілдік блоктар әр 3 сағат сайын ауысып отырады.

Хабар тарату форматын өзгерту – халықаралық теленарықта арнаның бәсекеге қабілеттілігін, сондай-ақ кабельдік және жерсеріктік желі операторларының қызығушылығын арттыруға ықпал ететін, Қазақстанның телевизия саласын дамытудағы жаңа кезең [4].

Журналистика саласы ақпарат айдыны болғандықтан, бір уақытты немесе бір мәселені қамтымайды. Ол күн сайын, сағат сайын жаңа ақпарат жазып, халыққа ұсынуды, жазған ақпараттың бір бағытта емес жан-жақты болуын, тек өз еліміздің емес шетелдердің жаңалықтарымен де бөлісуді қажет етеді. Еліміздің басты арналары "Қазақстан" мен "Хабар" шетелдегі жаңалықтарды беруде кадр сыртындағы мәтінді көп қолданатынын байқадық. Телеарналардың көршілес елдерде кемі бір тілшілері болғаны ақпарат таратудағы тәсілдердің кеңеюі мен жаңаруына алып келеді. Бірақ, зерттеу бойынша шетелдерде тілшілеріміз бар ма, қай арналардың тілшісі екені туралы нақты дерек те,

статистика да табу қиынға соғатынын байқадық. Демек, біздің телеарналар жаңалық таратуда жаһандық ақпараттарды ұсынғанда бір ғана тәсіл, кадр сыртындағы мәтінмен жүргізуші қызметін ғана қолданады.

Жаһандануы тұрғысынан айтатын болсақ, ақпаратты дер кезінде біліп нақты статистикасымен бере алу және сапалы бейнетүсірілімдерді тауып, пайдалана алу әр арнаның өзіндік ерекшелігін жүзеге асыра алуына байланысты. “Қазақстан” телеарнасы еліміздегі ұлттық арна болғандықтан негізгі ақпарат тарату тілі қазақ тілінде. «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы мен аймақтық телерадиокомпанияларының толқындары анық таралатын аймақтарға кіретін Қазақстандағы ауыл тұрғындарының, кем дегенде, жартысы үшін теледидар - ақпараттық және мәдени қажеттілікті, білім алуды, демалысты ұйымдастырудың басты құралы. Сонымен қатар 14 облыста «Qazaqstan» телеарнасының аймақтық филиалдары бар [5]. “Хабар”

телеарнасы жаһандану жолында өзіндік ерекшеліктерге ие. Бұл телеарна 2017-жылдан бастан үш тілде хабар таратуды мақсат етіп, сол жобаны іске асырып келе жатыр. Екі телеарнада да жаңалық тарататын бірнеше бағдарлама бола тұра, әр жобаны бір-біріне ұқсатпай, ерекшелік беріп, қай бағдарлама немесе жобаға болса да жаңа медианың мүмкіндіктерін пайдаланып оны жүзеге асыруды қолға алған.

Шетелге оқуға кетіп жатқан журналистика саласының студенттері біліктіліктерін арттыру үшін өзге елге барады. Журналистикасы дамыған мемлекеттерде білім алып жатқан студенттер өз білімдерін тәжірибеде көрсетуге мүмкіндік алу үшін де, жаңалық таратудағы жаһандануды жүзеге асыру үшін де студенттерді тілші қызметінде жұмыспен қамту жақсы мүмкіндік. Егер еліміздің телеарналары сенім білдіре алса, білім алып жатқанына қарамай, бар мүмкіндіктерін іс жүзінде көрсетіп, шетелдегі тілші қызметін атқаруға әрбір студент ниетті. Басқа салаларға қаржы бөлінгені секілді, журналистикаға да қаржы бөлінеді. Егер дәл осы бағытқа қаржы жетіспегендіктен жаңа тәсіл мен жаһандану алға жылжымай тұрса, ақпарат кімнің қолында болса билік сонда екенін ескеруіміз қажет. Шетелдегі жастарды тиімді пайдаланып, оларға сапалы камера мен жарық бере алсақ, екі жақ үшін пайдалы шешім болары сөзсіз.

Журналистика ақпараттың ортасында болуды талап ететіндіктен, тіл білу өте маңызды. Шетел жаңалықтарын назардан тыс қалдырып алмау жолында ағылшын тілін білу үлкен мүмкіндік. Тіл білген журналистке ақпаратты түсіну мен оны сауатты түрде аударып жеткізе алу, жаһандық хабардан ақпарат жасау қиынға соқпайды. Ақпараттың қай жерде, қай уақытта пайда болатыны белгісіз. Сондықтан шетелде оқып келген журналистерді жаһандық ақпарат таратуда жұмыс жасауға бағыттау ұтымды әрі тиімді тәсіл болмақ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. [https://kk.m.wikipedia.org/wiki/Қазақстан\\_Телерадиокорпорациясы](https://kk.m.wikipedia.org/wiki/Қазақстан_Телерадиокорпорациясы)
2. <https://qazaqstan.tv/news/163034/>
3. <https://khabar.kz/kk/agency/baspas-z-ortaly-y/ba-biz-zhajly/item/8340-khabardy-aryshty-adamy>
4. <https://baribar.kz/43258/endi-kazakh-tv-telearnasy-ush-tilde-khabar-taratady/>
5. Қазақстан телерадиокорпорациясының ресми сайты: <https://rtrk.kz/>

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЛОГГИНГ: МЕДИАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ МЕН ТЕНДЕНЦИЯСЫ**

**Ахметжанова С.А.,**  
*«Тұран» университеті,  
«Журналистика және репортерлік іс»  
мамандығының 2-курс магистранты*

**Ғылыми жетекші:**  
*Курманбаева А.А.,  
«Журналистика және аударма ісі»  
кафедрасының қауымдастырылған профессоры*

**Түйіндемe:** Мақалада «интернет-жанры» мен «сөйлеу жанры» ұғымдарының айырмашылығын айта отырып, Интернеттің коммуникативті кеңістігіне қатысты блогтың жанр ретіндегі ұғымын анықтау мәселесі қарастырылады. Блог жанры деп тілдің қызмет ету ерекшеліктері техникалық сипаттамалармен анықталатын Интернет байланысының тұрақты поликодтық түрі түсініледі.

**Түйін сөздер:** Жаңа медиа, әлеуметтік желілер, отандық және шетелдік блогтар, веб-сайттар және блогерлер мен блог контентін дайындауға қажетті әдістер мен тәсілдер.

**Аннотация:** В статье рассматривается проблема определения понятия блога как жанра, относящегося к коммуникативному пространству Интернета, с выделением различий между понятиями «жанр интернета» и «жанр речи». Под жанром блога понимается устойчивая поликодовая форма Интернет-соединения, при которой особенности функционирования языка определяются техническими характеристиками.

**Ключевые слова:** Новые медиа, социальные сети, отечественные и зарубежные блоги, веб-сайты, методы и подходы необходимые для подготовки блоггеров и контента блога.

**Abstract:** The article considers the problem of defining the concept of a blog as a genre related to the communicative space of the Internet, highlighting the differences between the concepts of "Internet genre" and "genre of speech". The blog genre is understood as a stable semi-annual form of Internet connection, in which the peculiarities of the functioning of the language are determined by technical characteristics.

**Keywords:** New media, social networks, domestic and foreign blogs, websites, methods and approaches necessary for the training of bloggers and blog content.

XXI ғасырдың басында әлеуметтік желі – қоғамның өміріне әсер ететін заманауи коммуникациялық кеңістіктің біріне айналды. Бұқаралық коммуникацияның техникалық құралы ретінде әлеуметтік желі байланыс арналарының түрлерін айтарлықтай кеңейтеді және жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың өзара әрекетін өзгертеді. Әлеуметтік желі қарым-қатынастың бірнеше түрлерінде қолданылады: тұлғааралық, топтық, бұқаралық, жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіру және қорғау. Ғаламдық ақпараттық желі әртүрлі салаларда ғана емес, сонымен қатар бүгінгі күні жұмыс орнында, саяси қызметтерде өз өмірін әлеуметтік желіні пайдаланбай елестете алмайтын көптеген адамдардың өмірінің негізіне айналды. Мұның бәрі қоғамдық коммуникацияның принципті жаңа түрін ғана емес, сонымен бірге қоғамдық дамудың жаңа деңгейіне өтуді көрсетеді.

Интернет арқылы коммуникацияның және әлеуметтік өзара әрекеттесудің жаңа түрін түсіну үшін желідегі қарым-қатынастың ең танымал әдістерінің біріне айналған блогтардың (және блогосфераның) табиғатын қарастырайық. Оның мақсаты мен қызметі қандай? Блогтар оқырмандар мен қоғамға қандай әсер етеді? Олар кімге және не үшін қажет? Ал олар мәдениет пен бұқаралық санаға қалай әсер етеді? Неліктен адамдар өз ойын ашық кеңістікте жазуы керек? Олар не айтқысы келеді және кімге? Бұл сұрақтарға жауап беру оңай емес. Блогтар үлкен танымалдылығы мен үлкен аудиториясына байланысты қазір XXI ғасырдың негізгі баламалы медиасы деп аталады. Және бұл ұғым жақында пайда болды: «блог» сөзі шамамен жиырма жеті жыл бұрын, Интернет енді ғана қарқын алған кезде қолданыла бастады. 1997 жылы желтоқсанда Джёрн Баргер желідегі күнделіктер үшін «блог» терминін енгізді («желілік журнал жүргізу» сөзінен шыққан, «онлайн оқиғаларды жазу» дегенді білдіреді). Біраз уақыттан кейін бұл сөз «біз блог жүргіземіз» деп қысқартылды, содан бері ол интернет-журналдың жалпы қабылданған анықтамасына айналды. 2004 жылы Merriam-Webster, ең толық ағылшын сөздігі, «блог» - онлайн күнделік - оның жыл сөзі деп аталды. Блогтың жаппай танылуы кез келген адам, тіпті онша тәжірибелі интернет пайдаланушылар емес, жеке блог жүргізу мүмкіндігін алған кезде келді. 1999 жылы «блоггер» сайты, содан кейін «Live Journal» ашылды.

Блог қарым-қатынастың өте маңызды түрі болып табылады. Оның статикалық веб-сайттар мен блог арналарынан айырмашылығы, ең алдымен, келушінің әрбір жазбаға түсініктеме беруіне, сынға немесе мақұлдауға арналған ауа райына мүмкіндік береді. Яғни, әркімнің өз пікірін айтуға құқығы бар және блогты немесе журналды «тірі» ететін пікірлер. Сонымен қатар, блог қауымдастық болып табылады, өйткені әрбір блогтың соңында оқырмандары болады және олардың кейбіреулері жаңа блог жазбалары туралы электрондық хаттарды алу үшін жазылғысы келеді. Ұжымдық блог хостингінде мұндай жазылушылар достар деп аталады, ал барлық достардың хабарламалары достар арнасын құрайды. Достар бір-бірінің жазбаларын оқып, ақпарат алмасады. Авторлар өздерінің сүйікті авторларына сілтемелері бар «блог тізімдері» деп аталатын жеке блогтарды жариялайды. 20 жыл ішінде блогтар маңызды жаңалықтар мен түсініктемелердің ақпараттық арнасына айналып келе жатқан әлеуметтік және саяси ықпалы жағынан бәсекелесетін БАҚ-тың нағыз баламасына, өзіндік «көлеңкелі» медиа-империяға айналды. Саяси блогтар мен «үлкен журналистика» арасындағы шекара бірте-бірте бұлдырап барады және блогтарды жана медиаға жатқызу керек пе деген мәселе әлі де даулы. Блогтар

арқылы берілетін ақпарат көлемі БАҚ арқылы берілетін ақпаратпен салыстыруға болады, бірақ айтарлықтай айырмашылық бар.

Бұқаралық ақпарат құралдарына ақпараттың нысаны мен мазмұнына қатаң талаптар қойылады: журналистік материалдардың деңгейі жоғары болуы, БАҚ туралы ақпарат нақты болуы, қабылданған стандарттарға сәйкес болуы (ренжітпеу, асығыс тұжырымдар мен ымыраға келуден аулақ болу, басқалардан заңсыз алынбау керек. медиа (плагиат) және т.б.), белгілі бір жанрға сәйкес болуы, өзекті болуы және т.б., бірақ бұл талаптар блогтар үшін міндетті емес. Сонымен қатар, блогтарда ақпарат белгілі бір қасиеттерге ие болады: ол тек кең аудиторияға бағытталғандықтан ғана емес, сонымен қатар оны бұқаралық аудитория жасағандықтан да бұқаралық сипатқа ие болады. Сонымен, блогосфера аудиториясының жалпы қолжетімділігін ескере отырып, онда жүздеген, тіпті мыңдаған тәуелсіз және бейтарап авторлар ақпарат таратады деп есептеуге болады. Блогтың бұқаралық аудиторияға тегін кіру арнасы екенін де ескерген жөн. Аудиторияның танымалдылығы мен беделіне байланысты блогтар аудиторияны белсендіретін және оны әрекетке итермелейтін ақпаратты тегін жаппай тарату арнасы ретінде пайдаланылады. Бір жағынан, блогтар белгілі бір мазмұнды тегін қамтамасыз етсе, екінші жағынан олар жаппай аудиторияға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Блогтар сонымен қатар авторлық құқық туралы заң кейде бұзылатын кеңістік болып табылады: мысалы, редакцияның алдын ала жазбаша келісімінсіз өз мазмұнын пайдалануға тыйым салатын көптеген БАҚ сайтында «блогтарда орналастыру үшін» арнайы кодтар береді, олар осы сайт арқылы мазмұнды заңсыз таратады. Олар блогосфераны ең алдымен аудитория көзі ретінде, содан кейін ғана бәсекелес ретінде қабылдайтын шығар. Сондықтан, блог жүргізудің екінші жағы туралы айту маңызды - оны бұқаралық аудиторияны әрекетке немесе реакцияға әсер ету немесе ынталандыру үшін пайдаланады. Себебі, блог жүргізу – аудиторияның танымалдылығы мен беделіне байланысты бұқаралық аудиторияға жету құралы. Сондықтан блогтар аудиторияны белсендіретін және әрекетке ынталандыратын ақпаратты тарату арнасы ретінде пайдаланылады.

Соңғы 10-15 жылда қоғамда көп нәрсе өзгерді, бұл ең алдымен әлеуметтік желілердің мәдениет пен санаға жаппай енуіне байланысты екеніне ешкім дау айта қоймас. Бүгінгі таңда интернет пен жаңа ақпараттық технологиялардың қоғамға ықпалының тез артып отырғаны сонша, оның қоғамдық өмірдегі және қоғамдық қызметтегі ролі мен маңызын қайта қарау қажеттілігі туындады. Жеке адамдар мен қауымдастықтар өз әлеуетін іске асыра алатын адам мүдделеріне негізделген ашық ақпараттық қоғам құруға ұмтылу маңызды әлемдік үрдіс болып табылады. Адамдар арасындағы өзара әрекеттестіктің барлық деңгейінде әлеуметтік желіні әлеуметтік және саяси коммуникация құралы ретінде кеңінен қолдану, әлеуметтік желідегі әлеуметтенудің инновациялық факторы ретінде қарастыруға мәжбүр етеді. Желідегі коммуникация процесінде ақпарат көлемінің ұлғаюы, сондай-ақ деректерге еркін қол жеткізу, өз кезегінде, әлеуметтенуге ықпал етеді және адамдардың қоғамға қатысуын кеңейтеді.

Өйткені ақпарат қазіргі өмірде өте маңызды, ол адамдарға қоғамда болып жатқан күрделі әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени процестерді бағдарлауға, ақпарат көлемін және әртүрлі байланыс түрлерін ұлғайтуға, ақпараттық ресурс жасауға және коммуникациялық кеңістікті кеңейтуге мүмкіндік береді.

Интернет-қауымдастығы құрылымын талдау негізінде блогтар жалпы мүдделерге негізделген әлеуметтік желілерді құруға және қолдауға мүмкіндік беретін, тұрақты әлеуметтік өзара әрекеттесу барысында кросс-оку арқылы көрсетілген ресурстың ерекше түрі ретінде анықталды, пікір жазу және басқа адамдардың парақшаларына сілтемелер алмасу, әлеуметтік орта *блогосфераны* қалыптастырды, оның аясында жаңа әлеуметтік қауымдастық блогерлер пайда болды. Блогерлерге тән қоғамдық сипаттамаларға ұқсас өмір салты, үлкен қауымдастықтарға қосылу және қосылудың саналы себебінің болуы, әлеуметтік өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін кеңейтуге ұмтылу, шешімдерді тиімді пайдалану мүмкіндігі, тұрақты емес ынтымақтастық, үлкен әлеуметтік-саяси әлеует және белгілі бір ресурсқа ие болу тиімді өзара әрекеттесу шарты ретінде қызмет ететін бедел.

Осы ерекшеліктерді аша отырып, блогерлерді компьютердің және Интернетке қолжетімділіктің болуы (интернет қауымдастығы сияқты жаһандық қауымдастыққа қосылуды қамтамасыз етеді), жеке тұлғалардың әлеуметтік жағдайы және әлеуметтік жағдайы сияқты өмір сүру және қызмет жағдайлары біріктіретінін атап өткен жөн. Қазіргі уақытта блогосфера баламалы медиа ретінде қызмет етеді, сондықтан отандық блогерлер әлеуметтік өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін кеңейту үшін үлкен желілер құруға бейім. Бұл жағдай қауымдастықтың әлеуметтік-саяси әлеуетін және шешімдерді капиталдандыру мүмкіндігін қалыптастырады, ал блогтар шешімдерді офлайн режимде жүзеге асыру үшін әлеуметтік өзара әрекеттесуді жеделдету құралы ретінде әрекет етеді.

Жұмыс блогерлер қауымдастығы арнайы әлеуметтік ортада – блогосферада жүзеге асырылатын Интернет-коммуникация түріндегі әлеуметтік өзара әрекеттесу негізінде қалыптасқан қазақстандық қоғамның жаңа құбылысы деп тұжырымдайды. Бұл қауымдастықтың қалыптасуы блогосфера аясындағы әлеуметтік өзара әрекеттестіктің болуына байланысты, ал оның жұмыс істеуі мен дамуы одан әрі ішкі құрылымдау және саралау процестерімен байланысты. Бұл қауымдастықтың мүшесі есептелетін блогер – әлеуметтік тәжірибеге белсене араласатын, мақсат қою дағдыларына ие және айналасындағы әлеуметтік ортаны өзгертуге ұмтылатын адам.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Горошко Е.И. Интернет-жанр и функционирование языка в Интернете: попытка рефлексии [Текст] / Е.И. Горошко // Жанры речи. - Саратов: Издательский центр «Наука», 2009. - Выпуск 6 «Жанр и язык». - С.11-127.
2. Красноставская Н.В. Конкурсные инструменты блоггинга в продвижении брендов продукции хендмейд индустрии [Электронный ресурс] // Интернетжурнал «НАУКОВЕДЕНИЕ» Т. 7. № 4 (2015). DOI: 10.15862/67EVN415. С. 7. URL: <http://naukovedenie.ru/PDF/67EVN415.pdf> (дата обращения: 25.01.2017)
3. Шагдарова Баярма Баторовна, Вильмова Ксения Константиновна Интернет-журналистика и новые медиа // Вестник БГУ. Язык, литература, культура. 2018. №4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/internet-zhurnalistika-i-novye-media> (дата обращения: 18.02.2021).
4. Лазутина, Г. В. Жанры журналистского творчества / Г.В. Лазутина, С.С. Распопова. — М.: Аспект пресс, 2019. — 320 с.

## **МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО И ОБМЕН ОПЫТОМ В ОБЛАСТИ ВОЕННОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ: ПРЕОДОЛЕНИЕ ВЫЗОВОВ ЧЕРЕЗ ОБМЕН ЗНАНИЙ**

**Бапанова А.К.,**

*Магистрант факультета журналистики и политологии ЕНУ им.  
Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан  
Научный руководитель: Есдаулетов Айтмухамбет Оразбаевич,  
к.ф.н. доцент*

#### **Аннотация:**

Данная статья рассматривает значимость обмена опытом в области военной журналистики и его ключевые преимущества. Обмен опытом представляет собой важный механизм для расширения информационной базы, повышения качества информационного освещения военных событий, развития профессиональных навыков журналистов, укрепления международного доверия и диалога, а также содействия международной безопасности. Авторы анализируют эти преимущества с учетом современных тенденций в международных отношениях и вызовов, стоящих перед военной журналистикой в контексте глобализации и информационной интеграции.

**Ключевые слова:** военная журналистика, обмен опытом, информационное освещение, профессиональные навыки, международное сотрудничество, международная безопасность.

В современном информационном обществе военная журналистика играет ключевую роль в формировании общественного мнения о военных событиях, конфликтах и стратегиях безопасности. Медийное освещение военных тем имеет существенное влияние на восприятие глобальных конфликтов и международных отношений. В связи с этим, важность международного сотрудничества в области военной журналистики становится все более актуальной и значимой.

